

Д. АЙТБАЕВ, Г. АЙТБАЕВА, М. ТЕМІРБАЕВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ
7 - СЫНЫБЫНА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

4-ші басылым

*Өзбекстан Республикасы Халыққа
білім беру министрлігі бекіткен*

«SHARQ» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ
АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫНЫҢ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ
ТАШКЕНТ — 2017

УОҰК 811.122(075)

КВК 74.26я72.

А – 38

Қоғамдық негізде арнаулы редакторы —
Құдайберген Жидебаев,
филология ғылымының кандидаты, профессор.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



— үй жұмысы



— сұрақтар мен тапсырмалар

А–38

Айтбаев Д. және басқ.

Қазақ тілі. 7-сыныпқа арналған оқулық. / Д. Айтбаев,
Г. Айтбаева, М. Темірбаева —Т.: «Sharq», 2017. — 160 б.

ISBN 978-9943-26-652-0

Бұл «Қазақ тілі» оқулығы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
бекіткен С. Аманжолов, А.Әбіліасев, А.Аманжолов, И.Ұйықбаев
«Қазақ тілі» 7-сыныпқа арналған оқу құралына (Алматы, «Рауан» 1997)
негізделе отырып жазылды.

УОҰК 811.512.122(075)

КВК 74.26я72.

**Республикалық мақсатты кітап қорының
қаржысы есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-26-652-0

Д. Айтбаев, Г. Айтбаева, М. Темірбаева.
«Sharq» Баспа-полиграфия акционерлік компаниясының
Бас редакциясы, 2009, 2013, 2017.

МЕНИҢ ОТАНЫМ

Ташкент – текті – түпті жер,
Қамысы да түкті жер.
Дәуірі мен сәуірі,
Гәуілі де мықты жер.
Ата-бабам туған соң,
Қайда мұндай құтты жер?!

(М. Омаров)

ЕЛІМ БАРДА

Не сыйлайды, не береді келер күн?!
Неде болса тірі тұрсам көрермін.
Желідегі құлынымын мен елдің,
Көгендегі қозысымын мен елдің.
Не сыйласын, несін берсін ел маған?!
Тұрсақ екен елім де аман, мен де аман.
Таулар – менің таусылмайтын бақытым,
Ал ырысым – ұланғайыр кең далам.

(М. Мақатаев)



Тапсырмалар:

1. Жоғарыда екі ақынның шығармашылығынан келтірілген өлеңдерді мәнерлеп оқып шығындар.
2. Мекембай Омарұлының «Менің Отаным» деп аталатын өлеңінен жер-су аттарын тауып, олардың қай жерде жайласқанын ұғып алындар.
3. Мұқағали Мақатаевтың «Елім барда» деп аталатын өлеңінен бақытты туған елін бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестерін табындар.
4. Отан туралы мақал-мәтелдерді еске түсіріңдер.

§ 1. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТУЫСТАС ТІЛДЕР ІШІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Сүйемін туған тілім – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутімнен,
Құлағыма сіңірген таныс үнін.

(С. Торайғыров)

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте!

(Қ. Мырзалиев)

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Адам баласы дүниеге келіп, есі кіре бастағаннан-ақ адамдық қасиеттерді қалыптастыратын әдептілікті, ізгілік пен ізеттілікке толы халықтың нұрлы, асыл сөздерін, тілдің жан беретін әсер-күшін ана тілінде ұғып, үйренеді. Яғни ғасырлар бойы жинақталған саф күмістей тіл қазынасын, оның сөз байлығын адам жаны мен жадына мысқылдап енгізу анадан басталады. Ал ананың ақ сүтімен бойымызға қоса даритын тіл мұрасын бар байлығымен, көркемдік қуатымен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, сөз жасап, дарытушы, тілді мейлінше қастерлеуші халық – тіл анасы, тіл бұлағы. Сондықтан да халқымыз тілін басқаша емес, ана тілі деп атаған.

Қазақ тілі – Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар басқа туысқан республикаларда, сондай-ақ шетелдерде де тұратын қазақтардың ана тілі.

Түркі тілдері өзара туыстас болғандықтан, олардың бір-бірімен жақындықтары, ортақ қасиеттері мол. Қазақ тіліне ең жақындары – ноғай, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырғыз, татар, башқұрт, құмық тілдері. Түркі тілдерінің туыстастығы олардың лексикалық

құрамынан, фонетикалық жүйесінен, грамматикалық құрылысынан байқалады. Көптеген сөздер түркі тілдеріне ортақ болып келеді.

Сондай-ақ сөздердің септелуінде, тәуелденуінде, көптелуінде, жіктелуінде де ұқсастықтар бар.

Түркі тілдерінің бір-бірінен айырмашылықтарын да білген жөн. Қазақ тіліне тән мына сияқты ерекшеліктерді байқауға болады:

1) басқа түркі тілдерінде сөз басында «й» келетін жерде қазақ тілінде «ж» дыбысы айтылады: *йаш – жас, йол – жол, йаз – жаз, йыл – жыл, йоқ – жоқ т.б.*

2) басқа түркі тілдеріндегі «ш» дыбысы қазақ тілінде «с», ал «ч» дыбысы «ш» дыбысына ауысады: *аш – ас, таш – тас, ич – иш, куч- күш, т.б.*

3) дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпал заңдылығы бойынша қазақ тіліндегі қосымшалардың қатаң, ұяң, үнді дыбыстардан басталатын бірнеше түрлері басқа түркі тілдерінде бола бермейді. Мысалы, қазақ тілінде *сөзге ат-тар, қыз-дар, жас-тың, қыз-дың, бала-лар, бала-ның, көш-тер, көш-тің* болып қосымша жалғанса, өзге түркі тілдерінде, негізінен, олар былай қолданылады: *ат-лар, қыз-лар, йаш-ниң, қыз-ниң, бала-ниң, куч-лер, т.б.*



Сұрақ-тапсырмалар:

1. Халық тілін ана тілі деп атаудың мәнін түсіндіріңдер.
2. Қазақ тілінің қоғамдық қызметі мен қолданылу аясы туралы айтыңдар.
3. Қазақ тілінің туыстас тілдер тобындағы орны мен өзіндік ерекшелігі қандай?
4. Түркі тілдерінің қайсылары қазақ тіліне өте жақын, оны қалай дәлелдеуге болады?
5. Қазақстанда қазақтардан басқа қандай халықтар тұрады?
6. Өзбекстанда ше?
7. Олардың ішінде түркі тілдестері бар ма?
8. Қазақ тілінде сөз басындағы «ж» дыбысы; сөз ішіндегі **с, ш** дыбыстары басқа түркі тілдерінде қандай дыбыстарға сай келеді? Оларға мысал келтіріңдер.

1-жаттығу. Мақал-мәтелдердің мазмұнына көңіл бөліңдер. Оларды жаттап алыңдар.

1. Өз елін танымаған, елге би болмас.
2. Білім тұрған жерде, иман тұрады.
3. Алтын алма, бата ал, бата алтын емес пе?
4. Ата-анаңды сыйласаң, көп жасарсың, сыйламасаң, жан қинарсың.
5. Ата тілін алмаған – аман болып көп жүрмес. Атаңа не келтірсең, алдыңа сол келер. Атаңа не қылсаң, өзіңе де сол қылар.
6. Оқығанның – көңлі жарық, оқымағанның – беті көн шарық.
7. Тіл тас жарады, тас жармаса – бас жарады.
8. Оқу инемен құдық қазғандай.

2-жаттығу. Төменде келтірілген мақал-мәтелдерді пайдалана отырып сөйлем құраңдар.

1. Жақсы сөз – жан сүйіндірер, жаман сөз – жан күйіндірер.
2. Сөздің көркі – мақал, иектің көркі – сақал.
3. Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың.
4. Тіл қылыштан өткір.
5. Өнер алды – қызыл тіл, бірден соңғы – мергеншіл.
6. Растық жауған қардан, сауған сүттен ақ, судан таза.
7. Өнерлі өлмес, өнерсіз күн көрмес.

(Б. Алтынсарин)

3-жаттығу. Мәтіннен тіл туралы айтылған сөздер мен мақал-мәтелдерді тауып, ажыратып жазыңдар. Мәтіннің мазмұнына мән беріңдер.

Қазақ тілі сонау ерте дәуірден, біздің жыл санауымыздан бері қарай халқымыздың дамуымен бірге алға басып, жетіліп келеді. Ана тілімізді қастерлеп, қадірлеу – ежелгі салтымыз. Қазақ халқы ежелден шешендікке құмар, тіл өнерін ерекше құрметтейтін халықтың бірі. «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса – бас жарады», «Сөзі мірдің оғындай», «Тіл қылыштан өткір» деген мақал-мәтелдер тегін шықпаған. Ана тіліміз ардагер ақын-жазушыларымыз Абай Құнанбаев, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың жыр арқауына айналған. Мәселен, Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутімнен,
Құлағымға сіңірген таныс үнін.
Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,
Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным, –

деп жазады.

Еліміз егемендік алғалы бері тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып отыр. Мемлекеттік мәртебеге ие болу деген сөз – мемлекеттік құжаттар, іс қағаздары түгелдей қазақ тілінде іске асады деген сөз.

(Ш. Бектұров)



4-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да көнерген және диалект сөздерге мән беріңдер.

1. Енді ұрысты тындамай жүре бергісі келген қазіреттің алдына Сармолла көлденең түсіп, ең соңғы аса қатал және соншалық салмақты бір қаруын жұмсады.
2. Осы оқиғаның ертеңінде бұл махалланың көк төбел үйлі көрнекті бір байы – Жақып дүкеншінің кәрі әкесі

обадан қаза болды. 3. Бай үйлерге өте сирек соққан бұл апат ауру, ірі саудагерлердің ішіне ер адамды әкетіп отырғаны осы. 4. Жұрт не айтса да өз әкесін Жақып саудагер бұрынғы үйреншікті, дағдылы жол-жөнімен жөнелтпек болды. 5. Сонымен кешегі халфе, қари, мөзіндердің бәрін хабарландырды. Әр бөлменің леген-құмғаны, майлық-сулық орамалы әзірленіп, осы байдың приказшігі, тілхаты, малайы есебінде жүретін жеті-сегіз жігіт күтушілері де тар бөлмеде қонақ тосумен болды. (*«Абай жолы»*)

Ү-ҮІ СЫНЫПТАРДА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

5-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар.

ӨЗБЕК БАУЫРЛАРЫМА

Туысқан, бауыр-өзбегім,
Арнадым жыр мен сөз кенін.
Тынысым бір – ауам бір
Ұқсайды саған өз демім.

Жырын оқып Науаидың,
Әнін тыңдап Абайдың,
Ішіне ендік сиқырлы,
Өлең деген сарайдың.

Он жылдығың бұл күнде,
Татиды он ғасырға.
Табыстарың молайып,
Жеңістің бол басында.

(*Қ. Сейданов*)



Тапсырмалар: 1. Өлеңді мәнерлеп оқып, қандай тақырыпта жазылғандығын ұғып алыңдар. 2. Өлеңдегі «бауырым», «сөз кені», «өлең сарайы», «қаймақ» сияқты сөздердің мағынасын түсініп алыңдар. 3. Өлеңді оқып шығып,

берілген сөздердегі дыбыс үндестігі мен буын үндестігіне мән беріндер. 4. Өлеңнің мазмұнын ұғып, берілген сөздерге морфологиялық талдау жүргізіндер. 5. Үйде достық тақырыбына арнап шығарма жазып келіндер.

6-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар да олардың құрамын ажыратындар.

Үлгі: Нәргүл – *Нәр* – түбір сөз, сын есім; *гүл* – түбір сөз, зат есім. Екі түбірден жасалған сөз.

Нәргүл кеудесін кере дем алды да, сонау тау бөктерінде жайылып жүрген қойлар мен қозы, лақ, ешкі, сиырларға мейірлене назар аударды. Бәріне қызыға да, қызғана да қарап, бір сәт тұрды. Шіркін, көктемнің көңіл көтерер шуақты күні емес пе?.. Қандай тамаша! Жан-жануарларды өзіне ынтықтыра тартып, өз бауырына еріксіз еліттіріп, үйіре түскен. Көкпеңбек шалғынды оттап жүрген жануарлар Нәргүл ойын он саққа бөліп жіберді. (*Қ. Сейд.*)

7-жаттығу. Сөздерді оқып, олардың құрамын ауызша ажыратындар.

Үлгі: балықшы: *балық* – түбір сөз, зат есім; – *шы* жұрнағы жалғанғанда, кәсіп иесін, яғни балық аулайтын адамды білдіреді.

Балықшы, бақташы, аспаз, өнерпаз, малшы, ақылды, сенімді, білгіш, ынталы, жүгіргіш, сатқын, жазушы, оқытушы, белдік, тартпа.

8-жаттығу. Төмендегі сөздердің қайсысы дара, қайсысы күрделі сөздер екенін ажыратып жазындар.

Қара торы, қара күрең, қара бүлдірген, қарақалпақтар, көркем фильм, көркем өнерпаз, жылы шырай, жылы ұшырау, жолсерік, жоңышқа, жомарт, жол сілтеуші, жақсы атты, дәнекер, дәреже, астан-кестен, онды-солды, бірлі-жарым, асқазан, ішек-қарын, аспаз, тамақ, аспан, арқан, арқар мүйіз.

9-жаттығу. Берілген біріккен сөздердің қандай түбірлерден біріккенін көрсетіндер. Біріккен сөздердің мағыналарын айтыңдар.

Үлгі: Көкбозат – *көк*, *боз* және *ат* сөздерінен біріккен, жұлдыз атауы.

Көкбозат, темірқазық, Бұхарбай, күркетауық, әкел, апар, Қалдыбек, Тұрдыбай, Омарұлы, соқырішек, Жансүгір, Байқабыл, Айтбай, сексен.

10-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, қос сөздерді табыңдар.

Мөйілдей қап-қара қою шашын еттілеу келген саусақтарымен осып-осып алды да, тысқа шықты. ... Тыста бой жазып алған Нәргүл аяғын аса сабырлылықпен жай басып үйге кірді де, тағы да қоп-қою боп толқынданған қара шашын етті саусақтарымен сылап-сылап алып, тас айна алдында тұрған тарағымен тарай бастады.

...Көшеде ары-бері, ерсілі-қарсылы жүрген адамдар да Нәргүл ойын біліп қойғандай, олардан да қысылып-қымтынып, өз-өзінен сезіктеніп те қояды. Кейде жанжағына жалтақтай қарап, қипақтай түсіп, бетінен шыққан жылымшы терді орамалмен сүрткілеп, бір жағы ұялып та келеді. Сөйте-сөйте, ой үстінде 24-автобус аялдама-сына келіп бір сәт тұрды. Бәрібір әлгі қамалған қымқуыт ойлар талай сакқа жүгіртіп, титтей де тыншытар емес. (*Қ.Сейд.*)

11-жаттығу. Төмендегі қысқарған сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрап айтыңдар. Қысқарған сөздердің толық атауын жазыңдар.

Үлгі: **ТМПУ** – Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті...

ТМПУ, ГүлМУ, педуниверситет, ҚарМУ, педколледж, км, см, мм, кг, т, БҰҰ, АҚШ, т.б., т.с.с.



11-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, қарамен жазылған күрделі сөздерді түріне қарай ажыратыңдар.

КӨКПАР

Сыйлаған сан **сайгүлік** оқтан ұшқыр,
Не деген қан ойнатқан аттаныс бұл!
Биіктен **ата-баба** аруақтары,
Жарқылдаған жанардан жас тамып тұр.

... Бата бер,
Еске алғын да жастығыңды,
Неге мұнша көзіңе жас тығылды?!

Бата бер,
Нәлет айта тар заманға
Темір торда ұстаған қасқыр ұлды.
Қара бұлт аспанынан тарасын да
Оралсын ел ежелгі жарасымға

Бата бер,
Емін-еркін ат ойнатсын
Қасиетті бабамның даласында.

... Қатар қонған шағала шатырлары,
Азан-қазан той болып жатыр маңы.
Тірі екен **Қабанбай, Бөгенбайлар,**
Тірі екен елімнің батырлары.

... Батыр ұл!
Ел деп жансын от жанында,
Арық болсын сақтарың жоқтарың да.
Ата мұраң кетпесін жат қолында,
Қапы қалма тірліктің **көкпарында!**

(«Нұрлы жол» газетінен)



Сұрақ-тапсырмалар:

1. Сөз тұлғасы нешеге бөлінеді? 2. Дара сөздер дегеніміз не? 3. Күрделі сөздерге қандай сөздер кіреді?
4. Түбір мен қосымшаның анықтамасын айт. 5. Жұрнақ пен жалғаудың өзіндік ерекшеліктерін түсініп алыңдар.
6. Біріккен сөздердің түрлері мен жасалу тәсілдеріне мән беріңдер.
7. Қос сөздер қандай жасалады? 8. Қысқарған сөздерге мысалдар жинаңдар.
9. Тіркесті сөздерге тән сипатқа мән беріңдер.
10. Күрделі сөздердің өзіндік ерекшеліктерін түсініп алыңдар.

§ 2. СӨЗ ТАПТАРЫ

Қазақ тіл білімінде ертеден бастап, сөздерді негізгі немесе атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер деп әр түрлі топтарға бөлу дағдысы бар. Атауыш сөздердің қатарына заттар мен құбылыстардың, сапа-белгінің және іс-әрекеттің атаулары жатады. Олардың әрқайсысында толық мағына бар және сөйлемде өздігінен дербес мүше ретінде қызмет атқара алады. Атауыш сөздердің қатарына зат есім, сын есім, үстеу, етістік және шартты түрде сан есімдер мен есімдіктер жатқызылып жүр. Көмекші сөздерде атауыш сөздердегідей дербестік жоқ. Лексикалық мағынаның грамматикалық мағынамен ұласып кетуі, сөйлемде дербес мүше бола алмауы көмекші сөздерді сипаттайтын және оларды атауыш сөздерден ажырататын белгілер болып саналады. Көмекші сөздердің қатарына әр түрлі тілдердегі артикльдер, предлогтар, жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер енеді.

Сөздердің білдіретін мағынасына, түрлену тұлғасына, қойылатын сұрағына, сөйлемде атқаратын қызметіне қарай топталуын сөз таптары деп атайды. Қазақ тілінде 9 түрлі сөз табы бар. Олар: *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, шылау* және *одағайлар*.

13-жаттығу. Жаттығуды көшіріп жазыңдар да зат есімнің астын бір сызықпен, етістіктің астын екі сызықпен сызыңдар.

АСЫЛ ШӨП

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха аһлап-уһлеп, шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Злиха айтты:

– Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбендегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессің?

– Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым, – деді Бәтима.

– Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілдетейін, – деді Злиха.

– Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты «сабыр» деген, – деді.

(Б. Алтынсарин)

14-жаттығу. Төменде берілген жұмбақтан зат есімдерді табындар.

Басы бар да, шашы жоқ, көзі бар да, қасы жоқ, жүретұғын аяғы жоқ. Суыққа тонбайды, ыстыққа күймейді.

Бір нәрсе дүниеде қанаты бар ұшпас биік, сондадағы жүрмейді екен аяғы жерге тиіп, арасын жер мен көктің өрт алса да, кетпейді ешбір жері отқа күйіп. **(Балық)**

15-жаттығу. Жаттығуды көшіріп жазындар, одан жалқы және жалпы есімдерді табындар.

1. Жиналған имамдар мен Жақып бай «жамағат келер» деп бір сағат, екі сағат тосты. 2. Жиыны Жұмаділ отырған кішілеу бөлмені ғана толтыруға жараған бір шөкім саудагерлер мен сәлделілер. 3. Өзге бар бөлме келмеген қонағын бос тосып қаңырап қалды. 4. Осы күндерде Абай Құмаштың үйінде кітап оқумен шұғылданып отырған бір күнде, түс мезгілінде шешесі жұмсаған жайменен Дәмежанның үлкен баласы Жұмаш келді. 5. Соңғы күндері базарда Сейсеке, Қасен, Отарбайды да көрген. 6. Ертiс суы, тегiнде, Семей тұсында көкшiл, тұнық боп ағатын. 7. Қазiр қаланың Қарасуға қарай түскен бiрнеше кең, түзу көшелерi алыстан аңғарылады. *(«Абай жолы»)*



16-жаттығу. Төмендегі берілген сөйлемдерден сын есімдер мен зат есімдерді табындар да олардың жасалуына мән берiндер.

1. Ол енді күрделі мәселе. 2. Өйткені даңқтан саналы түрде қашқақтап, жанын қоярға жер таппаған дарындар аз емес. 3. Жалпы әйгілі сықақшы жұмыс істемек түгіл, көпшілікке, елге көріне де алмайтын жағдайға жеткен. 4. Ең күшті, ең қуатты, бәрінен асқан сыймайтын сұмдық қаскүнем қанішерліктің түбінде, міне, осы даңққұмарлық жатады, – деп жазыпты. 5. Роберт Фрост – АҚШ ақыны. Елуге тарта құрмет белгілер, басқа да толып жатқан аса қымбатты атақ, шен-шекпендер болған. 6. Ежелгі Қытайдың ұлы ақыны Аспан асты аталатын байтақ елде өзінің сондай мәшһүр, сондай әйгілі екенін өте жақсы білген және соны ғаламат ұстамдылықпен қабылдаған (*Қадыр Мырза Әли. Жазмыш*)

ЗАТ ЕСІМ

Зат деген ұғым тек күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен уақиғаларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды. Мысалы, *құс, тас, су, шыны, адам, қол* деген сөздермен қатар, *жаңбыр, найзағай, сайлау, сенат, жүріс, төңкеріс, ұғым, ақыл, сана* деген сөздер де зат есімге жатады.

Заттың, құбылыстың атын білдіріп, *кім?, не?* деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді зат есім дейміз. *Оқушы, директор, малышы, бала, іні* сияқты сөздер *кім?* деген сұраққа, ал *дәптер, сынып, жылқы, балық, жел* тәрізді сөздер *не?* деген сұраққа жауап беріп, зат есім болады.

Зат есімдер бірыңғай көптеген заттардың ортақ жалпылама атауы болып **жалпы есім** және бірыңғай заттардың ішінен жеке заттың арнаулы атын білдіріп, **жалқы есім** болып бөлінеді. Жалпы есімге *адам, бала, ағаш, үй, тау* сияқты сөздер жатса, жалқы есімге *Абай, Шоқан, Алтынсарин, Мекембай Омаров, Қалдыбек Сейданов* тәрізді кісі аттары мен фамилия-

лары, *Өзбекстан Республикасы, Шыназ, Бөке, Шыршық, Ангрэн, Алматы, Ташкент* сияқты мемлекет, қала, көше, жер-су, т.б. географиялы атаулар, «*Нұрлы жол*», «*Өркен*», «*Жұлдыз*», «*Абай жолы*», «*Дарқан дарындар*» тәрізді газет, журнал, кітап, шығарма аттары, «*Сүтбұлақ*», «*Эшанабад*», «*Абай*», «*Жетісу*» сияқты шаруашылық, фабрика, зауыт аттары (тырнақшаға алынып жазылады), *Тайбурыл, Тарлан, Құлагер, Бөрібасар, Ақтөс* сияқты кейбір жекеленген малдар мен үй хайуанаттарына қойылған аттар жатады. Жалпы есімдер бас әріппен басталып жазылады.

17-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазындар да зат есімдерді ажыратып жазындар.

Кедер шалдың жаназасына адам көп жиналды.

Қызылдиҳандағы құдайқұлдар мен Елтамғалыдағы боқалар, Көкпартөбесдегі наймандар мен Қалғансырдағы үкібайлар, Шомақыдағы мамыттар мен Жаңатұрмыстағы жаңбыршылар, Ангрэннің арғы бетіндегі көшектер мен Сырдарияның арғы бетіндегі қоңыраттарға дейін шұбырып келе берген.

Көріктердің Құдайберген, Ағайдар, Жантуған, Секер, Парақ, Албан, Суан топтары тегіс осында. Құдайберген тобының белдеріне белбеу байлаған бір топ еркектері аулада таяқ сүйеніп қатар тұрып алған. Көше жақтан осылай қарай келе жатқан адамдардың төбесі көрінсе «бауырым-а-айлап» шулап ала жөнеледі. Араларындағы Сауранбай мен Сыпабектердің дауыстары өктемірек шығып, өзгелерден кейінірек барып қояды... (С.Бұхар.)

18-жаттығу. Өздерің білетін жалқы есімдерді естеріңе түсіріп, дәптерлеріңе жазындар.

- 1) кісі аттары;
- 2) мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, ауыл атаулары;
- 3) ұйым, мекеме, зауыт, фабрика, ұжым атаулары;

- 4) жер, су атаулары;
- 5) газет, журнал, кітап, ән, күй, шығарма атаулары;
- 6) жылқы, сиыр, түйе, иттерге, т.б. хайуанаттарға қойылатын аттар.

19-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңдар да, олардан *кім?* деген сұраққа жауап беретін зат есімдерді теріп жазыңдар.

Үлгі: *Кім?* деген сұраққа жауап беретін зат есімдер:
Алдар көсе, Қожа Насыр, Жиренше шешен, тұлға ...

ДАРХАН ДАРЫН

Халқымыз арасында Алдар Көсе, Қожа Насыр, Жиренше шешен, сияқты тағы басқа аты аңызға айналған ұлы тұлғаларымен бірге, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Досбол датқа, Сырым Датов секілді өрен ой иелері, күні бүгінге дейін халқымыз арасында айрықша қастерленіп, үлкен құрметпен тілге алынады. Өйткені олар, бүкіл саналы өмірін халық үшін, олардың рухани дамуы үшін жұмсап, әр бір ойлы, зейінді пенденің жүрек төрінен бекем орын алған.

Міне, солар арасынан халық жүрегінің бірден-бір нәрлі тынысына айналғаны, киелі де кемел, белгілі шешен, әрі көсемдердің бірі, дархан дарын Төле би Әлібекұлы десек артық айтқандық бола қоймас...

(Қ. Сейданов)



20-жаттығу. Өлең жолдарынан *не?* деген сұраққа жауап беретін зат есімдерді табыңдар.

Үлгі: *Не?* деген сұраққа жауап беретін зат есімдер:
нан, әл, шөл, құм, жер...

Арып-ашқан жан болса,
Мен бір үзім нан болсам.
Ол мені жеп әлденсе,
Бишараға әл берсем.

Айнала шөл құм болса,
Қарға адым жер мұң болса,
Жолаушының сонда мен,
Құтысында су болсам.

Өшкелі жатса ер дене,
Өмір болып келсем мен.
Қайғыдағы пендеге
Қуаныш боп енсем мен.

Арманымнан жаңылсам,
Ақша болсам, не деймін?!
...Қашан дағы табылсам,
Қалтасынан кедейдің.

Мен, мен болсам, мен болсам,
Бір өзім бір ел болсам.
Қол астымда әскерім,
Ар-ожданым сен болсаң!

(М. Мақатаев)

§ 3. ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫ

Зат есім сөздерге түрлі сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы да жасалады.

Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар мыналар: 1) **-шы, -ші**: *егін -ші, сауын-шы, мал-шы*; 2) **-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік**: *жақсы-лық, дос-тық апта-лық, жолдас-тық, қас-тық*; 3) **-шылық, -шілік**: *диқан-шылық, шаруа-шылық, егін-шілік*; 4) **-ша, -ше**: *бөлім-ше, маңдай-ша, кітап-ша*; 5) **-шық, -шік**: *ойын-шық, үй-шік т.б.*

Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар: 1) **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе**: *бас-па, үйір-ме, кес-пе, мін-бе, тарт-па*; 2) **-ым, -ім, -м**: *біл-ім, бөл-ім, сөйле-м, шығ-ым*; 3) **-ыс, -іс, -с**: *соғ-ыс, қозғал-ыс, ағ-ыс*; 4) **-ын, -ін, -н**: *ег-ін, жау-ын*; 5) **-ыш, -іш, -ш**: *қуан-ыш, сүйен-іш, сағын-ыш, т.б.*

21-жаттығу. Жұрнақ арқылы жасалған зат есімдердің есім түбірден жасалғанын бір бөлек, етістік түбірден жасалғанын бір бөлек жазыңдар.

Ү л г і: 1. Есім түбірден жасалған зат есімдер: *әдебиетші, жұртшылық, ...*

2. Етістік түбірден жасалған зат есімдер: *қызғаныш, көмбе, ...*

Әдебиетші, тарихшы, көмбе, бума, бөлме, шығарма, барлаушы, өтірікші, төзім, келісім, білім, егіншілік, тіршілік, жұртшылық, сыпырғыш, айтыс, ұрыс, егіс, бекініс, жұбаныш, қателік, жаңалық, орындық, түстік, бірлік, қызғаныш, туыс.

22-жаттығу. Мақалдарды көшіріп жазыңдар да, есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтардың астын бір сызықпен сызыңдар. Сол сөздің қалай жасалғандығын үлгі бойынша талдандар.

Ү л г і: Татулық – *тату+лық*

1. Жақсылық қылсаң – бүтін қыл. 2. Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық. 3. Татулық – байлық. 4. Жоқтық ұят емес, байлық мұрат емес. 5. Бастаушы болса, қостаушы болар. 6. Кемшілік көрмей, маңдайына тимес. 7. Растық жауған қардан, сауған сүттен ақ.



23-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, етістіктерден зат есім жасайтын жұрнақтардың астын сызыңдар. Сол сөздің қалай жасалғандығын үлгі негізінде талдандар.

Ү л г і: *Бөлім – бөл+ім.*

МАЛДЫ ПАЙДАҒА ЖАРАТУ

Бір үйші жұмысымен көп мал тауып тұрса да, сонша азбен қанағат етіп, аз жұмсап тұрады екен. Бір күні көршісі сұрады:

– Осы сен бай бола тұрып, малыңды қай жаққа жібересің, көзге түсетін еш нәрсең көрінбейді, – деді.

Үйші айтты:

– Тапқан малымның бір бөлімімен борышымды өтеймін, бір бөлімін өсімге беремін.

Көрші:

– Қойшы, батыр, сенің борышың бар ма еді және өсімге қашан ақша беруші едің? – деді.

Үйші айтты:

– Қарт әке-шешеме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін, өзімнен туған балаларға оқу оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышымды өтегені емес пе?! – деді.

(Ы. Алтынсарин)

§ 4. ЗАТ ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕНУІ

Зат есімнің түрлену жүйесі оның жалғаулары арқылы көрінеді. Зат есімге тән **үш түрлі жалғау** бар: **көптік жалғау**, **тәуелдік жалғау** және **септік жалғау**. Сонымен бірге зат есімге жіктік жалғауы да жалғанып, баяндауыш қызметін атқарады.

Бұл жалғаулардың қай-қайсысы да зат есім сөздерге ғана жалғанып қоймайды, сонымен бірге басқа сөз таптарына (мысалы, сын есім, сан есім, есімше, тұйық етістік сияқты етістік түрлеріне, тіпті көп жағдайда үстеуге де) жалғанса, оларға заттық мән үстеп, ол сөздер сөйлемде субстантивтеніп (заттанып), зат есімге қызмет атқарады. Сондықтан да бұл үш жалғау зат есімнің түрлену жүйесінің көрсеткіші деп аталады.

24-жаттығу. Мәтінді оқып шығып қарамен жазылған зат есімге қандай жалғау жалғанып тұрғанын айтындар.

Күн артынан **күндер** ұрлана өтіп, **Нөргүлдің** келін болып түскеніне де екі **айға** аяқ басып барады. Тамыз **айының** соңғы **күндері**. Күн тым ыстық. Талтүс. Лепіре соққан жел ағаш **жапырақтарын** мұңайта иіп, салбырата түскен. **Күннің ыстығынан** берекесізденген

ақ төбет те, әппақ зәулім **үйдің** жанындағы үп-үлкен
қара тал **көлеңкесінде** созыла жатқан бойда, үй **жанына**
келіп тоқтаған «ГАЗ-69» **автокөлігінің дыбысына** селт
етті де, **басын** самарқау ғана көтеріп, **көзін** ашар-ашпас
сығырайта қарады. Үруге ерініп, қайта **ұйқыға** басты...
(Қ. Сейд.)

25-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып шығындар да, зат
есімдерге қандай жалғау жалғанып тұрғандығын айтындар.

АНА ТІЛІ

Ана тілім, жүрегісің анамның,
Жүрек-ана, мен өзіңнен жаралдым.
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,
Сенсіз мынау керегі не ғаламның!

Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.
Ел бетіне қалай түзу қараймын,
Ана тілім, егер сені білмесем!

Сенің арқан дүниеден сыр ұқсам,
Сенің арқан жүзіп ішсем тұнықтан.
Туған анамды ұмытқаным емес пе,
Туған тілім, егер сені ұмытсам?!

Сенің арқан өзімді-өзім түсінсем,
Ақыл-ойым айбатым–сен, күшім–сен!
Қойсын маған күннің нұры түспей-ақ,
Ана тілім, арына дақ түсірсем.

Ағытатын тасқын ойдың тиегін,
Өзің ғана сыйынатын киелім!
Ризамын отқа жанып сен үшін,
Күлге айналып кетсін, мейлі, сүйегім.

Ана тілім, дана тілім, бақ тілім,
Сенсіз бақыт дүниеден тапты кім?!

Сенсің менің қуанышым, шаттығым,
Сенсің менің тазалығым, пәктігім.

Ана тілім, алтын ұям, құндағым,
Ақ бесікте әлдиімді тыңдадым.
Сенің жырың, сенің әнің айтарым,
Санам сөніп байланғанша тіл-жағым!

Несіпбек Айтұлы

26-жаттығу. Мәтіннен көптік жалғаулы сөздерді табыңдар. Олардың қай сөз табына жалғанып тұрғандығын айтыңдар.

МҰХАМЕТЖАН

Абай бұл кезде жаңағы қонақтармен тіл қатыса отырған. Олар Абайдың туыстары болып шықты. Біреуі – Ырғызбайдың белгілі қарты Жұман, екіншісі дәл сондай аталас, жақын Өсер аулынікі – бақырауық Мақа болатын. Бұлардың атқосшысы есебінде жүрген Жұманның үлкен баласы – қоңыр бұйра сақалды, боз көзді Мұхаметжан. Жұманның көп ұлдары түсі-түгі жағынан ғана өзіне ұқсас емес, көп сөзді, сусылдаған мылжыңдық жағынан да дәл өзіне тартқан-ды. Сондықтан жұрт мұның балаларының аттарын өзгертіп: «Құнан қарт», «Дөнен қарт», «Бесті қарт» десетін Мұхаметжан – сол бестіқарттың өзі. Түнде Абай келгенін білгеннен бері қарай сол бестіқырттың ішін жарғандай, шыдатпай жүрген бір сөзі болатын (М.Әуезов)



7-жаттығу. Жаттығудан тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып, қай сөз табынан жасалып тұрғандығын айтыңдар.

Дәмежан сұңғақ бойлы, көтеріңкі кесектеу мұрны бар, жаудыраған үлкен, әдемі қара көзді әйел еді. 2. Оның ажары жастау. 3. Біреуінікі бұйралау мол болғанда, екіншісінікі жайылма, ұзын сақал. 4. Енді барлық жұрттың шырайлары жақын отырысқанда анық ашыла түсті. 5. Баймағамбет пен үй иелері әке, бала

үшеуі болып шапшандатып пар атты доғарып болған соң ғана Абай Дәмежанға бастатып, бір топты ілестіріп үйге қарай жүрді. 6. Күйеуі үнсіздеу, аз сөзді бұйығы кісі болғанда, Дәмежан мүлде басқа. 7. Олар Абайдың туыстары болып шықты. 8. – Не дейсіндер, ұқтыршы өзің?! 8. Біз, әрине, елден кеткендегі он-он бір жасар балалар енді төрт-бес жыл өткен соң «сотқардай жігіт болыпты» дегізетіндей болған болсақ керек-ті.

(«Абай жолы»)

§ 5. ЗАТ ЕСІМНІҢ КӨПТЕЛУІ

Көптік жалғау – нәрсенің көптігін білдіретін грамматикалық форма. Бірақ көптік жалғаудың қызметі тек осы аяда ғана қалып қоймайды, оларға да қосымша мағына жамайды және әр қилы я жалпы, я жалқы ерекшеліктер үстейді. Мысалы, *көптік жалғау сын есімге, есімшелерге жалғанып, оларды уақытша заттандырады, соған сәйкес синтаксистік қызметтерін ауыстырады.*

Буын үндестігі мен дыбыс үндестігі бойынша көптік жалғаудың 6 дыбыстық түрі (варианты) бар: **-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер**. Мысалы: **бала-лар, іні-лер, адам-дар, гүл-дер, тас-тар, мектеп-тер**.

28-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, көп нүктенің орнына тиісті көптік жалғауының бірін қойып көшіріңдер.

Троллейбус аялдамасында тұрған жолаушы ... дан кем дегенде, оншақтысы қол көтерді, тоқтатпадым. (Ө. Хашимов). Құлағының түбінде су сылдырағандай әсер етіп, қыз ... дың тұлым шаш ... ын желбіреткендей, көк шөп ... ді билете түскен арық суы көз алдына елестетеді. (Тахир Мәлік). Ертеңіне де, тау сыртындағы қазақ аулынан ат, түйе мінген бір топ адам ... келгендіктен, Жұлдызды тағы да көре алмады. (Әділ Яқубов). Бірақ, әліге дейін оны еске алсам, көңілім су сепкендей басылады да, кеудем дутар күйіндей гүмбірлеп, мұңды да жарқын сезім... ге толады. (Әділ Яқубов). Тысқа шықты

да, сол құмыраны іздеп, хат ... мен қағаз, документ ... ді жинастыра бастады. (*Тахир Мәлік*).

29-жаттығу. Берілген сөздерге көптік жалғауын жалғап сөйлем құрастырыңдар.

Үлгі: қырық – *келген адамның жасы қырықтар шамасында еді.*

Қырық, гүл, алма, отырған, жақсы, үлкен, жүрген, отыз, он екі, жездем, әпшем, апам, орындық, ой, құбылыс, қар, жаңбыр, кітап, шығарма, бала, жеткіншек, ат, сиыр, қой, ит, қоян, теңге, жаман, өлең, ән, күй, сезім, жүрек.



30-жаттығу. Көптік жалғаулы сөздердің мән-мағынасына көңіл аударыңдар да, қай сөз табына тиісті екендігін табыңдар.

1. Кешігіп келгендер оқытушыдан кешірім сұрады.
2. Оның жасы қырықтар шамасында еді. 3. «Үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсетіңіздер» – деді той иесі. 4. Ауыл-аймақтың амандығын төрде отырғандардан сұрай бастады. 5. «Менің айтқандарыма сенсеңіздер болады», – деді барлаушы. 6. Қонақтар төрт-бестерге жетіп келсе керек. 7. Молданың үйін ақ сақалдылар мен кара сақалдылар қаптап кетіпті. 8. Ауыл ақсақалдары аудан әкіміне өз ризашылықтарын білдірді. 9. Олар аткөліктерімен ұзақ сапарға жөнеле бастады. 10. Оның айтқандарының бәрі ертегі сияқты болғандай.

§ 6. ЗАТ ЕСІМНІҢ ТӘУЕЛДЕНУІ

Тәуелдік жалғау бір заттың біреуге немесе екінші бір затқа тәуелді, соның меншігі екенін білдіреді. Тәуелдік жалғау өзі жалғанған сөзді ілік септік жалғаулы сөзбен байланыстырып тұрады: *біздің мектебіміз, баланың кітабы*. Сөздер үш жақта оңаша және ортақ болып арнайы жалғаулар арқылы тәуелденеді.

**Жақ-жақтың көрсеткіші ретінде қызмет ететін
тәуелдік жалғау қосымшалары**

Сөздің соңғы дыбысы	I жақ	II жақ	III жақ
<i>Дауысты болса, одан кейін</i>	-м	-ң (-ңыз, -ңіз)	-сы, -сі
<i>Дауыссыз болса, одан кейін</i>	-ым, -ім	-ың, -ің (-ыңыз, -іңіз)	-ы, -і

Зат есімнің оңаша тәуелденуі

Жақ	Тәуелді заттың несі	Тәуелді жалғаулы сөздер		Жалғауы
		Жекеше	Көпше	
I	<i>менің</i>	<i>үй-ім, бала-м</i>	<i>үй-лер-ім, бала-лар-ым</i>	<i>-ым, -ім, -м</i>
II <i>(анайы)</i>	<i>сенің</i>	<i>үй-ің, бала-ң</i>	<i>үй-лер-ің, бала-лар-ың</i>	<i>-ың, -ің, ң</i>
<i>(сытайы)</i>	<i>сіздің</i>		<i>үй-лер-іңіз, бала-лар-ыңыз</i>	<i>-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз</i>
III	<i>оның</i>	<i>үй-і, бала-сы</i>	<i>үй-лер-і, бала-лар-ы</i>	<i>-сы, -сі, -ы, -і</i>

Зат есімнің ортақ тәуелденуі

Жақ	Тәуелді заттың несі	Тәуелді жалғаулы сөздер		Жалғауы
		Жекеше	Көпше	
I	<i>біздің біздердің</i>	<i>үй-іміз, бала-мыз</i>	<i>үй-лер-іміз, бала-лар-ымыз</i>	<i>-ымыз, -іміз, -мыз, -міз</i>
II <i>(анайы)</i>	<i>сен- дердің</i>	<i>үй-ің, бала-ң</i>	<i>үй-лер-ің, бала-лар-ың</i>	<i>-ың, -ің, -ң</i>
<i>(сытайы)</i>	<i>сіздердің</i>		<i>үй-лер-іңіз, бала-лар-ыңыз</i>	<i>-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз</i>
III	<i>олардың</i>	<i>үй-і, бала-сы</i>	<i>үй-лер-і, бала-лар-ы</i>	<i>-сы, -сі, -ы, -і</i>

31-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік жалғауын қойып көшіріңдер, мағынасын айқындаңдар.

АНА СӨЗІНІҢ АСЫЛДЫҒЫ

Жасы... менің он алтыға толғанда,
«Арман» деген қиял ойға қонғанда
Тыпыршыды ... баб ... келген тұлпардай,
Жүретұғын жолы ... жақын қалғанда.
Арман ... а аттанардың алдында,
Бір-ақ ауыз сөз ... н айтты анаш
Айналайын данышпан ... жалғанның,
Сезіп, түйіп қойған екен шама ... н.
«Болса ақыл ..., ақшаға сен қызықпа!
Абыройлы болсаң биік самғайсың.
Абыرويدан айрылсаң егер де,
Ақшаға да сатып ала алмайсың!»

(Г. Құбашева)

32-жаттығу. Берілген тәуелдік жалғаулы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар, бұл сөздердің қай жақта қандай жалғаумен түрленіп тұрғанын айтыңдар.

Ү л г і : Біздің үйге Алматыдағы **туыстарымыз** келді.

Туыстарымыз, әке-шешеміз, достары, кітабы, үйлеріміз, астанам, қуанышым, шығармасы, шкафтарыңыз, мектебі, сырласым, балаларыңыз, стаканың, кесесі, аспанымыз, құстарыңыз.

33-жаттығу. Берілген сөздерді жақ-жағымен қиыстырып тәуелдік жалғауларын жалғап жазыңдар.

Ү л г і :

Жекеше

- I жақ. *Менің анам*
II жақ. *Сенің анаң*
Сіздің анаңыз
III жақ. *Оның анасы*

Көпше

- аналарым*
аналарың
аналарыңыз
аналары

Ана, әке, бала, кітап, дос, ит, тұлпар, түйе, қуаныш, сезім, туыстар, дұшпан, көрші, ұстаз, мұғалім, мектеп, үй.



34-жаттығу. Мәтіннен тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып, ілік септік жалғауының өзіндік ерекшеліктеріне көңіл аударындар.

АБАЙ АУЛЫ

Бұл бүгінгі ұрпақтың Абай аталарының аруағын ардақтап, оның балаларына деген зор құрметінің белгісі болып табылады. Әрі Хафез Матаевтай басшысының да міндетті жұмысы екені даусыз. Мұндай басшыны елінің құрмет етуі де заңды құбылыс деуге тиіспіз. Хафездің көпке өнегелі ісі біздің адамдарымыздың бәріне де үлгі боларына сенеміз.

Абай елінде Димаш Ахметұлы Қонаев, қазақ елінің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтар да болып қайтты. Ай сайын төрт-бес қонақты қарсы алу мен шығарып салу Абай елі басшыларының міндетінен саналады. Соның бәріне де үлгеріп, ұлы адамдардың Отанына келгендерді разы етіп аттандырудан Хафез Матаев жалыққан емес. Мұның барлығы аудан басшысының міндеті ғой дейтіндер де табылады. Бірақ, үш данышпанның еліне деген халықтың сүйіспеншілігімен ешнәрсені салыстыруға болмайды. Сондықтан Абайдай елдің басшысын жастарға үлгі етуіміздің де ешбір артықшылығы болмаса керек...

(Қапен Оразалин)

§ 7. ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ

Зат есімге жалғанып, сөйлемде оны басқа сөздермен байланысқа түсіретін жалғаудың бір түрі септік жалғауы деп аталады. Қазақ тілінде 7 септік бар: атау септігі, ілік септігі, барыс септігі, табыс септігі, жатыс септігі, шығыс септігі, көмектес септігі. Атаудан басқа септіктің арнайы жалғаулары бар. Ол жалғаулар сөзге

буын үндестігі мен дыбыс үндестігі заңдылықтары бойынша жалғанып, әр септік жалғауы сол сөзге белгілі грамматикалық мағына үстейді. Тек көмектес септік жалғауы ғана буын үндестігіне бағынбайды.

Зат есімдер және олардың қызметтерін атқаратын басқа есім сөздер тәуелденбей де, тәуелденіп те қолданулармен бірге, керегінше, септеліп те жұмсалады. Олардың септеулерінде, әрине, қалыптасқан жүйе бар. Сол жүйеге сәйкес, сөздер мынадай екі түрлі үлгі бойынша септеледі.

1. Жай септеу. 2. Тәуелді септеу.

Жай септеу деп септік қосымшаларының тікелей зат есімдердің және басқа есім қызметін атқаратын сөздердің тура түрлеріне жалғануын айтамыз.

Тәуелді септеу деп септік жалғауларының зат есімге немесе зат есім қызметін атқаратын басқа сөздердің тәуелді түрлеріне жалғануын айтамыз.

Септіктердің сұрақтары мен жалғаулары

Септіктер	Сұрақтары	Жалғаулары	Тәуелдік жалғаудың I-II жағынан кейін	Тәуелдік жалғаудың III жағынан кейін
А	<i>кім?, не?</i>	—	—	—
I	<i>кімнің?, ненің?</i>	<i>-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің -</i>	<i>-ның, -нің</i>	<i>-ның, -нің</i>
Б	<i>кімге?, неге?, қайда?</i>	<i>-ға, -ге, -қа, -ке</i>	<i>-а, -е</i>	<i>-на, -не</i>
Т	<i>кімді?, нені?</i>	<i>-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті</i>	<i>-ды, -ді</i>	<i>-н</i>
Ж	<i>кімде?, неде?, қайда?</i>	<i>-да, -де, -та, -те</i>	<i>-да, -де</i>	<i>-нда, -нде</i>
Ш	<i>кімнен?, неден?, қайдан?</i>	<i>-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен</i>	<i>-нан, -нен</i>	<i>-нан, -нен</i>
К	<i>кіммен?, немен? қалай?</i>	<i>-мен, -бен, -пен</i>	<i>-мен</i>	<i>-мен</i>

35-жаттығу. Берілген мәтіннен жай септеулі сөздерді бір бөлек, тәуелді септеулі сөздерді бір бөлек етіп жазындар.

Үлгі: 1. Жай септеулі сөздер: *жолдың, жыландарға, ...*

2. Тәуелді септеулі сөздер: *жағын, автомашинасын, ...*

Жолдың екі жағын ала жарыса созылған Нұрата және Жетімтау тізбектері де құйындата зулап келе жатқан «Волга» автомашинасымен жарысып, әлдеқайда қарай жөнкіліп бара жатқан өркешті жыландарға ұқсап кетеді. Тау етектерінде шашырай жайылып жүрген отар-отар қойлар көзге шалынады. Маң-маң басқан түйелер тізбегі де көрінеді.

Машинаның арқа жағында шалқалай отырған еңгердей дәу қара көзілдірікті кісі аспандаған тұмсығын әйнекке қарай бұрды. Жыпылық-жыпылық еткен қоңырқай көздері жайылымды қаптаған адыраспан өсімдіктеріне түсті. Жерлердің арықтай бастағандығы ғой. Иә, биылғы жылда да жайылымдық жерлердің сапасы төмендеп, шөптер ойдағыдай өспей қалды. Үш-төрт жылдан бері құрғақшылық деген жағадан алып, малшылар қауымын әлекке салып келеді... (С. Бұхар.)

36-жаттығу. Берілген өлең жолдарындағы көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып көшіріңдер.

АРМАНДАРЫМ БАР

Көлдер ... қанат көктем ... жайғанда қулар,
Махаббат әні ... шалқыта салғанда арулар,
Кірпіктері ... ілініп қалғанда мұңдар,
Күйініш пен сүйініш, бал үміттер ...
Сағыныштар ... – мен мәңгі табынып келген,
От сезімдер ... тұратын армандарым бар.

Үкілі басы ... паң ырғап тұрады шындар,
Құлаған содан кеудем ... нұр-ағысым бар.

Сұлу сезімдер жаным ... сыланасыңдар
Ізгілік күйі тартылып жырым ... мәңгі
Сүйетін бәрі ... жақсы ... ырымдаған ...
Армандарым ... серігі-қуанышым бар.

(*Мұрат Бекей*)



37-жаттығу. Берілген сөйлемдерден септік жалғаулы сөздерді табыңдар да, қай септікте тұрғандығын анықтандар.

1. Мен жасы үлкен адамға тағзым етіп, сәлем бердім.
2. Ол маған алая жаман көзімен қарады да: «Сенің жаныңда жолдасың бар, ол қатты науқас, егер оны мен қазір қарамасам, ол ертең осы уақытта дүниеден сапар шегеді», – деді.
3. Ғалиакбар есік алдына шығып отырғанды ұнатпайтын, үйіне шенбақа жолатпайтын қатыгез адамды.
4. Міне, менің алдымда осындай екі үлкен мақсат тұрғандықтан, мен елге қайта алмадым.
5. Елге келгеннен кейін де мен оны тас жарып ешкімге білгізген емеспін.
6. Диуана Өтенді иығынан басып отырғызды да, басына киген тақиясын жұлып алып, Өтеннің басын қалтасынан алған түсініксіз бірдемеге от қойып, онымен Өтен басын күйдіре бастады.
7. Мұнда біз бұрын көрмеген Еуропаның, батыстың үлгілерімен салынған үйлер көбейіп бара жатқанын тұрғындар айтады.

(*Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы*)

§ 8. ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Жіктік жалғау тек қана синтаксистік қызмет атқарады. Өйткені жіктік жалғаулы сөз сөйлемде әрдайым баяндауыш қана болады. Солай болса, жіктік жалғау – баяндауышқа ғана тән жалғау.

Қазақ тіліндегі сөздер төмендегідей төрт топқа бөлініп, төрт түрлі үлгі бойынша жіктеледі.

Бірінші топқа отыр, тұр, жүр, жатыр етістіктері, есімшелер, зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, есімдіктер, үстеулер жатады.

Екінші топқа **-а, -е, -й** формалы және **-п, -ып, -іп** формалы көсемшелер жатады.

Үшінші топқа етістіктің жедел өткен шақ формасы мен шартты рай формасы жатады.

Төртінші топқа етістіктің бұйрық рай формасы жатады.

Зат есім сөйлемде баяндауыш болса, жай-күй етістіктерінің (жатыр, жүр, тұр, отыр) жіктеу үлгісі бойынша тиісті жіктік жалғауларын қабылдайды, демек, жіктеу есімдіктерінен болған бастауыштармен жақтасып (қиысып) жіктеледі.

Жіктік жалғаудың үлгісі

Жақ	Қосымшалары	
	Жекеше	Көпше
I	<i>-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін</i>	<i>-мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз</i>
II (анайы) (сыпайы)	<i>-сың, -сің -сыз, -сіз</i>	<i>-сыңдар, -сіңдер -сыз- дар, -сіздер</i>
III	—	—

38-жаттығу. Өлеңді оқып шығып, жіктік жалғаулы сөздерді ажыратыңдар.

Үлгі: талдырасың: *тал-дыр -а -сың – сың* II жақ жекеше.

ҚАРЛЫҒАШЫМ

Үміт шамы жаныңда жанды ма шын?!

Шырқаумен қанатыңды талдырасың.

Ағасына меңдеткен жыр азабы

Қанатымен су сепкен қарлығашым!

Жүрегіңнің шертетін нәзік қылын

Жыр саған арнамапшын-жазықтымын.

Сезбеппін – ау, балауса жырларымның

Сенің асқақ жаныңа азықтығын.

(М. Бек)



39-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, жіктеулі сөздер қай жақта тұрғандығын байқандар.

Үлгі: бәріміз ұмтыламыз: – **мыз** (І жақ, көпше)

Нағыз көктем. Мектеп алдындағы жалғыз түп өрік ағашы да тәушеленген. Үзіліс сайын бәріміз далаға ұмтыламыз да оқытушылардың көздерін ала бере, өрік бұтақтарына асыламыз. Мен де тік секіріп, енді ғана өрік бұтақтарына жеткенімде, біреу шалғайымнан тартты. Бұтақты қоя бердім де, ашумен бұрыла қарадым. Алдымда Жұлдыз тұр. Қолында бір уыс тәуше. Қысық көздері жалындай жанып, жанары мөлдірей:

– Не қыласың, сол жаман балдарға қосылып? Мә, ал! – деді де, Жұлдыз маған бір уыс тәуше ұзатты. (Ә. Яқубов.)



Пысықтау үшін сұрақтар. 1. Зат есімнің түрлену жүйесінде жалғаулардың орны қандай? 2. Көптік, септік, тәуелдік жалғауларын не себепті зат есімнің түрлену жүйесінің көрсеткіші дейміз? 3. Көптік жалғаудың мағынасы мен қызметі қандай? 4. Оңаша және ортақ тәуелдеу дегеніміз не? 5. Септік жалғаулар үндестік заңына байланысты қалай түрленіп келеді? 6. Зат есімнің жіктелуіндегі ерекшелік неде? 7. Зат есімдердің тәуелдену, септелу, жіктелу үлгісін жазындар.

§ 9. СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ

Заттың сындық белгілері бір дәрежеде бола бермейді. Мысалы: *ақ деген түстің өзі өз ішінде ақшыл, ағырақ, өте ақ болып келеді.* Сол сияқты ащы деген дәмнің *ащырақ, ашқылтым, ащылау, ап- ащы, тым ащы* деген ерекшеліктері бар. Бір сынның осындай түрліше болуы өзара салыстыру арқылы анықталады.

Бір түрлі сынның әр қилы дәрежеде болатынын білдіретін сын есім түрлері шырай деп аталады.

Сын есімнің төрт түрлі шырайы бар: жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай және асырмалы шырай.

40-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, сын есімнің шырайларын теріп жазыңдар.

1. Жылда хан Ордасындағы жәрмеңке дау – жанжалсыз тарқамайтын. Кейде аяғы томпақ төбелеске, сойыл сартылдаған қып-қызыл шатаққа ұласады – бас жарылады, кісі өледі. 2. Жәрмеңкенің туы тігілгеннен бір азырақ күн өткесін-ақ, Жасқұстың құмы жәрмеңкеге келген малға тарлық ете бастайды. 3. Жәрмеңке біреу де, келетін ел көп, мал көп. 4. Осындай теке-тіресте алдыңғы жылы жазғытұрғы жәрмеңкеде жайық беріш пен төре тұқымы қырылысып қала жаздаған. 5. Жазда құс салады, қыс қызыл түлкіні қырып салатын аңшылығынан айрылған жоқ, қос-қостан жүйрік тазы ұстайды.

(Б. Аманшин)

41-жаттығу. Сөйлемдерден сын есімнің шырайларын табыңдар. Қандай шырайға жататынын анықтаңдар.

1. Жақын аққан үлкен дария да сәл ғана жұлдыз жарығымен сәулелене түсіп, үнсіз жым-жырт көрінді. 2. Өзеннің алыстау, арғы жағасында қалың тоғай қарауыта дүңкиеді. 3. Осы шақта арбадан мол денелі жолаушының өзі түсті. 4. Ашық дауысты Дәмежан сөйлеген сайын оның үлкен, кесек аппақ тістері кең ашылады. 5. Күйеуі үнсіздеу, аз сөзді бұйығы кісі болғанда, Дәмежан мүлде басқа. 6. Қоңыр сұр жүзі қып-қызыл бола күледі. 7. Қалың сары сақал, сары мұртының бәрін сілкінтіп, Баймағамбет те мәз боп отыр. 8. Көкбарыздаған аппақ, тап-таза кимешек-шаршысын аса сәнді етіп тартқан Дәмежан үлкен, таза самауырдың қасына отырды.

(М. Әуезов)



42-жаттығу. Берілген өлең жолдарынан сын есімнің шырайларын табыңдар. Жасалу жолына мән беріңдер.

ТУҒАН ЖЕР

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.

Жастық – алтын, қайтып келмес күнім де
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жер де маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсам ше,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!...

Балақ тұрып, қозы қуып жарысып,
Батпағыңда тең құрбымен алысып.
Түнде – ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз,
Үйретем деп асау тайға жабысып.

«Адам басы– Алла добы» деген рас,
Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.
Кім біледі, мен де шетке кетермін,
Туған жерім, сені тастап басым жас.

Мағжан Жұмабаев

§ 10. ЖАЙ ШЫРАЙ

Заттың белгісін, түсін, түрін, сапасын, көлемін, салмағын, аумағын, тағы басқа сондай негізгі сын-сипаттарын білдіретін сапалық сын есімді **жай шырай** дейміз. Мысалы: *биік, үлкен, жақсы, қызыл*, т.б.

Жай шырайдың мағынасында ешқандай салыстыру болмайды. Жай шырай заттың сынын я белгісін тек атап қана көрсетеді. Мысалы: *ауыр жүк, жақсы ат, жеңіл киім, қоңыр дәптер* т.б.

43-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, жай шырайлы сын есімдерді тауып, оларды байланысып тұрған сөздерімен теріп жазыңдар.

Үлгі: *ащы сабақ.*

Тарихтың тәлімін көкейге түйіп, ащы сабағын алмағанымыздың ықсуатын көріп, жазырын тартып келеміз. Оның боямасыз беттері талай шындықты алға тартып, келеңсіздіктерге көз жеткізеді. Өкшелей қуған өшпенді жаудан ығысып, Алтай, Арқа мен Жетісудағы атақонысынан ауған қазақтар жолай Қаратауға аз уақыт паналай, тіпті болмаған соң Сыр бойын сағалап Жиделібайсынға, одан әрі Жайыққа қарай үдере өтіп кетті. Бұл жеке басқа төнген қара бұлт Төле биді де айналып өтті. Бәрібір бұлардың барлығы асыл бабаның биік болмысын түгел жарқыратып ашып бере алмайды. (*«Үш пайғамбар»* кітабынан.)

44-жаттығу. Төмендегі сын есімдерді қатыстырып сөйлем құраңдар.

Үлгі: *Базардан әкем семіз қой сатып алды да, үйге алып келіп қораға қосты.*

Семіз, терең, таяз, әдемі, жақсы, ауыр, жеңіл, қара, сары, аласа, ұзын, домалақ, қышқыл, тәуір, ақ, көк, биік, қысқа, жалпақ, ащы, қоңыр, түзу, тұщы.



45-жаттығу. Төмендегі мәтіннен жай шырайға байланысты сөздерді тауып жазыңдар да оның жасалуына мән беріңдер.

Өтен ауырған екі ай маған екі жылдай болып көрінді. Мен оған дәрі-дәрмек, тамақ тасумен болдым. Ақшамыз азайған, бірақ бар болатын. Түрік патшасының ірі ақшасын майдалатқанымызда, кейде бізге жұрт танданып қалады. Қалтамыздағы ақшамызды әлі екі жылға жеткізуіміз керек еді. Бұрынғыдай емес, енді үнемдеуге көштік. Қорлық көргеніміз жоқ. Өтеннің ауырғаны маған емес, оның өзіне батты. Ол мені оқу іздеп келіп, ауру күтуші болғанымға қысылады. Мен қайтсе де ол жазылса екен деймін. Ол менің жанымды тындыратын еді. Мені ол қанша айтсам да болмай ұстаз санайды да, менің алдыма шықпауға тырысады. Сол

қалпымен қатты ауырып жатқанда да ол ауырып, мені жұмсап қойғанымға қысылады...

(*Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы*)

§ 11. САЛЫСТЫРМАЛЫ ШЫРАЙ

Бір заттың сынын екінші заттың сынымен салыстырып, сол салыстырылатын белгілердің бір-бірінен я кем, я артық екенін білдіретін сын есім түрін **салыстырмалы шырай** дейміз. Мысалы: *көкшіл, көгірек, көктеу, көгілдір* т.б.

Салыстырмалы шырай мынадай жұрнақтар арқылы жасалады:

1. **-рақ** (-рек), **-ырақ** (-ірек). Олар дауысты дыбыстан кейін **-рақ** (-рек), дауыссыз дыбыстан кейін **-ырақ** (-ірек) болып жалғанады. Мысалы: *үлкенірек, қызылырақ, кішірек, сарырақ* т.б.

2. **-лау** (-леу), **-дау** (-деу), **-тау** (-теу). Бұл жұрнақ сөз соңындағы дауыстыдан кейін және үнді **р, й** дауыссыздарынан соң **-лау** (-леу) түрінде, ұяң және үнді **н, ң, л** дауыссыздарынан кейін **-дау** (-деу) түрінде, қатаң дауыссыздан соң **-тау** (-теу) түрінде жалғанады. Мысалы: *сарылау, кішілеу, қоңырлау, жасылдау, семіздеу, үлкендеу, күреңдеу, пысықтау салақтау, биіктеу, көктеу* т.б.

3. **-қыл** (-ғыл), **-қылт** (-ғылт), **-қылтым** (-ғылтым). Мысалы: *бозғыл, бозғылт, бозғылтым, ашқыл, ашқылтым, ашқылт*.

4. **-шыл** (-шіл), **-шылтым** (-шілтім). Мысалы: *ақшыл, ақшылтым, көкшіл, көкшілтім* т.б.

5. **-аң, -қай, -ғыш, -ілдір**. Мысалы: *бозаң, қуаң, қоңырқай, құбақай, сарғыш, бозғыш, көгілдір* т.б.

Салыстырмалы шырай жұрнақтары бірінен соң бірі жалғана береді. Мысалы: *сарғыштау, үлкеніректеу, қоңырқайлау, ақшылтымырақ, бозаңырақтау* т.б.



46-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, салыстырмалы шырайлы сын есімдерді тауып, олардың қандай

жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын дефис арқылы ажыратып жазындар.

Үлгі: тереңірек – терең – *ірек*, ...

1. Топ алдында тұлғасы оқшау асыл бейнесін елестете отырып, биік ойларын тереңірек түсінуге, қайсарлығы мен шыншылдығын тани түсуге талпындым. Кішірек кезімде ол кісіні «атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін» баяғының батырларындай елестететінмін. (З. Ахметова). 2. Төбеге жақын тұрған аласарақ бұлттардың бір жағы ғана жұқалаң қызылға боялған. Күн қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған тәрізді. (М. Әуезов). 3. Майгіл оның қасына бірден бармады, төрге жақындау сәкінің шетіне жайғасты. (С. Бақб.) 4. Аурудан – аяған күштірек. (Ы. Алт.). 5. Кішілеу қазанға асылған етке бағанадан наразы болып жатқан көңлін Көкбай жаңа білдірді. (М. Әуезов.) 6. Дымқыл шалғынның арасында, бозғылт тұманның ішінде барлаушы бала да көрінбейді. (В. Катаев.). 7. Көкше көктен гөрі көгірек тау екен. Жігіттің сұрғылт, жүдеу жүзі енді көкшіл тартқан сияқты. (С. Мұқанов.)



47-жаттығу. Төмендегі сын есімдерден салыстырмалы шырай жасаңдар.

Үлгі: сары – *сарғыш, сарғыштау, сарғыл, сарғылт, сарғылтым, сарырақ*, ...

Сары, төмен, аласа, биік, жуас, шапшаң, әлді, күшті, сүйкімді, әдемі, қошқыл, ауыр, сылбыр, тентек, кең, тар, өнді, семіз, домалақ, тәуір.

§ 12. КҮШЕЙТПЕЛІ ШЫРАЙ

Заттардың біркелкі сапа белгі-дәрежесінің не өте артық, не өте кем екенін күшейтіп көрсететін сын есім түрін **күшейтпелі шырай** дейміз. Мысалы: *жап-жақсы, жап-жаман, күп-күрең, кіп-кішкене, сап-сары* т.б.

Күшейтпелі шырай негізгі сын есімдерге күшейткіш буынның үстелуі арқылы жасалады. Мысалы: *әп-әдемі, тап-таза, қып-қызыл, аппақ, жап-жалаңаш, қап-қатты, бір-биік, сап-сары* т.б.

48-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, күшейтпелі шырайлы сын есімдерді тауып, олардың қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.

1. Күннің ыстығынан берекесізденген ақ төбет те, аппақ зәулім үйдің жанындағы үп-үлкен қара тал көлеңкесінде созыла жатқан бойда ... көзін ашар-ашпас сығырайта қарады. 2. Рең басы ап-айдай, соп-созымды, тәп-тәуір жан екен. 3. Баяғыда, бір үйде үш-төрт әйел, абысын-ажын боп, тәп-тәуір, тату-тәтті жасаған ғой. 4. Кең аула іші әбден су себіліп сыпырылған, тап-тұйнақтай, тап-таза. 5. Мына келінің де әп-әдемі екен. Рең басы айдай, сүп-сүйкімді. 6. Соңыра үстіне су құйып, тұз салды да, оң қолымен араластыра бастады. Сүп-сұйық. Тағы салды, тағы салды. (*Қ. Сейданов*)

49-жаттығу. Төмендегі сын есімдерден күшейтпелі шырай жасаңдар.

Үлгі: аласа – *ап-аласа*, ...

Аласа, кіші, қысқа, ұзын, ірі, майда, жұмсақ, қатты, ыстық, суық, ақ, қара, жақсы, жаман, сұйық, қою, долы, жұқа, ащы, тұщы, тұнық, лайқа, ауыр, бос, биік, төмен, терең.



50-жаттығу. Келтірілген өлең үзінділерінен күшейтпелі шырайды табыңдар.

1. Атырапты жұп-жұмсақ нұрға көміп,
Арайымен жаныма жырлай еніп,
Таң атқанда малынып шапағатқа
Кететұғын жүректің мұздары еріп...

2. Шарпалып жүрек, қыздырса қанды жыраптап,
Серпіліп мұндар, жанымды сәуле жұбатпақ.
Емес пе ғажап-ақындар шабыттанғанда,
Қап-қара түннің өзінде нұр бар бір аппақ?...

§ 13. АСЫРМАЛЫ ШЫРАЙ

Заттың сынын не асыра көтеріп, не асыра төмендетіп көрсететін сын есім түрін **асырмалы шырай** дейміз.

Асырмалы шырай сын есімдерге *аса, өте, тым, тіпті, нағыз, ең, орасан, кәдімгі* сияқты сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалады. Мысалы: *аса үлкен, тым кішкене, өте ауыр, тіпті аласа, ең жақсы, орасан зор, кәдімгі жаман* т.б.

51-жаттығу. Төмендегі сын есімдерден асырмалы шырай жасандар.

Үлгі: қатал – *өте қатал, тым қатал, тіпті қатал, ...*

Қатал, суық, келте, алыс, жақын, тұзу, көк, сұлу, әдемі, жарасымды, ашық, тұйық, жарық, жуас, қатты, тар, кең, бос, тұщы, кіші т.б.

52-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, жай шырайдың астын тұзу, салыстырмалы шырайдың астын ирек, күшейтпелі шырайдың астын үзік, асырмалы шырайды нүктелі сызықпен көшіріңдер.

Ақбөкендер ен даланы мекендейді. Олар топ-тобымен жайылады. Құдықтан немесе суаттан су ішеді. Кәрі ақбөкендер қарауыл қарап, қауіп төнсе, пысқырып дыбыс береді. Сол кезде олар жел қуған қаңбақтай жөңки жөнеледі де, лезде көзден ғайып болады. Ақбөкендер сырттай қарағанда қойға ұқсайды. Бөлекшелігі тұмсығы жалпақтау, басы үлкен. Артқы аяқтарынан алдыңғы аяқтары қысқалау. Қашанда еңкіштеу, омақаса құлайтындай көрінеді. ... Көздері мөп-мөлдір, қайнар суындай тұп-тұнық, кіршіксіз. (*«Табиғат тамашалары» кітабынан*)

53-жаттығу. Сөйлемдердегі қарамен жазылған сын есімдердің жасалу жолын түсіндіріңдер.

1. Қалуен – **кәдімгі арам** шөп. Ол топырағы **борпылдақ**, қорегі көп бақшаларда өседі. Оның жемісінің **ақ түсті түктерден** тұратын **кішкене** айдаршасы болады, оларды **оп-оңай** шашып таратады. (*Оқулықтан*)

2. Біз **ақ қайыңды** Абай аллеясымен келе жатырмыз. Аллея жағалауларына **әр түрлі пластмассалы аспалы** орындықтар ілінген. (*С. Фаб.*) 3. Барабан – жер бетіне **өте кең** тараған **соқпалы** аспап. Ерте кезде барабанды салтанатта және жаугершілікте қолданған. Кейін барабан **аспаптық** ансамбльге, оркестрге қосылған. Қазіргі **үрмелі** және **симфониялық** оркестрлерде барабанның **үлкені** де, **кішісі** де бар. Қазақ музыка аспаптарының ішінде барабан **типтес** аспап – дабыл. (*Б. Сарыбаев*)



54-жаттығу. Өлеңді оқып шығып, дара, күрделі сын есімдерді тауып, олардың қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.

АТТЫҢ СЫНЫ

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттанған бүркіттей салқы төсті...

(Абай)

§ 14. СЫН ЕСІМНІҢ ЕМЛЕСІ

1. Бірнеше сөздің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер бөлек жазылады. Мысалы: *көк ала, сары ала, ақ сары, ал қара көк, қара көзді, ақ шашты, қызыл шырайлы, қара торы, шымқай қара, тым кәрі, өте ащы, керемет жақсы* т.б.

2. Сөздің қайталануы, қосарлануы арқылы жасалған күрделі сын есімдер дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *биік-биік, ұзын-қысқа, жақсы-жаман, алыс-жақын, үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты* т.б.

3. Күшейткіш буын арқылы жасалған күрделі сын есімдер дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *ап-аласа, тәп-тәуір, қап-қара, тұп-тұнық, тап-таяу, сұп-сұйық, мөп-мөлдір* т.б.

55-жаттығу. Мәтіннен күрделі сын есімдерді тауып, олардың емлесін есте сақтаңдар.

1. Өз қастарында келе жатқан сары сақалды, көк көзді Баймағамбеттен басқа, ұзын бойлы, ақ сары ренді, қой көзді, кесек, қырлы мұрынды Ақылбай – бір тип.
2. Абайдың кең жазық маңдайында ажым аз, жіңішке ұзын қастары әлі де қап-қара.
3. Мағрипаның көп қонақ үстіне кіргелі, екі беті ду етіп қызарып, қып-қызыл еріндері ұялғандай жымып, аппақ кесек тістерін көрсетті. (*М. Әуезов.*)
4. Қызыл, жасыл-күрең, ал қызыл, әредік ақшыл сәулелер тоқсан құбылып, мол шұғыланы жер бетіне жайып келеді. (*Ғ. Слан.*)



56-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сын есімдердің қайсысы сапалық, қайсысы қатыстық сын есім екенін айтыңдар.

1. Бүгінде Өзбекстанда көптеген ұлт-ұлыстардың өкілдері **тату-тәтті** өмір сүріп келеді. **Тәуелсіз** қоғам орнату жолындағы **жалпыхалықтық** жетістіктерге Өзбекстанның **тұрғылықты** жұртшылығы саналатын бір жарым миллионнан астам қазақ халқы да **елеулі** үлес қосуда.
2. Тұрап Айдарұлы – **педагогикалық** жұмыспен **ғылыми-зерттеу** жұмыстарын өзара атастыра, жымдастыра жүргізіп, өндірте қалам тербеткен **білікті** тіл мамандарының бірі еді.
3. Әсет Нуритов көптеген **Бүкілодақтық, республикалық ғылыми** конференцияларға белсене қатысқан. (*«Өзбекстан зиялылары» кітабынан*).

§ 15. СЫН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Сын есім сөйлемде, әдетте, анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Сұйықтау, қоңыр шашының арасынан бас құйқасы қылаңданып көрінеді. (М.Ә.)* деген сөйлемдегі *сұйықтау, қоңыр* деген сын есімдер **қандай?** деген сұраққа жауап беріп, **анықтауыш** болып тұр.

Сын есімдер сөйлемде қолданылуына қарай баяндауыш та болады. Мысалы: *Сәтжанның пішіні жабыңқы. (С.Б.)* деген сөйлемде *жабыңқы* сөзі **қандай?** деген сұраққа жауап беріп баяндауыш болып тұр.

Сын есім етістіктен болған мүшенің алдында келіп, іс-әрекетінің сынын білдірсе, қалай? деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Омар сабақты жақсы оқиды* деген сөйлемде *жақсы* сөзі **қалай?** деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш болып тұр. Сын есімдер сөйлем ішінде көптік, тәуелдік, септік жалғауларында қолданылып, зат есімнің орнына жұмсала береді. Мысалы: *Жақсыдан қашпа, жаманға баспа* деген сөйлемде *жақсыдан* деген сын есім шығыс септігінде (**-дан**), *жаманға* деген барыс септігінде (**-ға**) тұрып, **неден?**, **неге?** деген сұрақтарға жауап беріп, зат есімдердің қызметін атқарып тұр.

Сын есімнің сөйлем ішінде зат есімнің орнына жұмсалуын **сын есімнің заттануы** дейміз.

Заттанған сын есімдер зат есім сұрақтарына жауап беріп, сөйлемде бастауыш та, толықтауыш та болады. Мысалы: *Жомарт жоқтығын, жүйрік тоқтығын білдірмес. Әдептіге елікте, әдепсізден жирен* деген сөйлемдердегі *жомарт, жүйрік* дегендер **кім?**, **не?** деген сұрақтарға жауап беріп, бастауыш, *әдептіге* (кімге?), *әдепсізден* (кімнен?) деген сын есімдер толықтауыш болып тұр.

57-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, сын есімдерді тауып, олардың сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айтындар.

1. Оған ол атаққұмар, қызба, елікпе, тұрақсыздау адам болып көрінген. 2. Олар – сайдың тасындай сайланған өткір жігіттер. Радист Сергей кішкене қобдишадай рациясын алып, осы топпен бірге кетті. (Ә.Ш.) 3. Құлық та ақылды адамның қасиеті. 4. Адам тастай берік, гүлдей нәзік. 5. Ойға терең бол, өсекке керең бол. (Мақал) 6. Өзге жылқыдан оңаша орман ішінде арқыраған үш айғыр – сүлік қара, теңбіл көк, кер қасқа – асыл нәсілдір. Бірі сұлу, бірі мықты, бірі жүйрік. (F. Мұст).

58-жаттығу. Мақалдарды оқып шығып, зат есімнің қызметін атқарып тұрған сын есімдерге назар аударындар. Олардың зат есім сияқты септелгенін байқандар.

1. Сыпайы сырын сақтар,
Әдепті арын сақтар.
2. Жақсымен жанассаң, жетерсің мұратқа,
Жаманмен жанассаң, қаларсың ұятқа.
3. Жаманға жеткен жақсылығың
Жатқа кеткен малмен тең.
4. Жаманның тілі ащы,
Көк мияның гүлі ащы.

59-жаттығу. Оқып шығып, сын есімдерді тауып, оларды тұлғасына, сөйлемдегі қызметіне қарай талдаңдар.

Үлгі: *Толық айдың сүтіне шомылған түнгі айнала тып-тыныш.*

Қандай айдың? – толық – сапалық сын есім, анықтауыш қызметін атқарып тұр. Айнала қандай? – тып-тыныш – күрделі сын есім, күшейтпелі шырай, баяндауыштың қызметін атқарып тұр. Қай (қандай?) айнала? – түнгі – қатыстық сын есім, анықтауыш қызметін атқарып тұр.

1. Толық айдың сүтіне шомылған түнгі айнала тып-тыныш. (Қ. Қайсенов.) 2. Көгілдір өзен жай ғана толқып ағып жатты. (Ә. Кекілбаев.) 3. Қалаға лезде келіп кірген торжорға атты шана аңқып жатқан түп-түзу көшемен зулап келеді. (М. Ә.) 4. Сәрсенбай отшаң қара кер

атын жүре шалдырып ілгері басты. (С. Бегалин.) 5. Екі иығына, омырауына мұп-мұздай қорғасын тамшылар тамып-тамып кетеді. (Ә. Кекілбаев.) 6. Қасиеттің әншілік өнері мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ біліне бастаған еді. (С. Бұхар.)

60-жаттығу. Туынды сын есімдердің жұрнағын дефис (-) арқылы бөліп жазып, олардың қай сөз табынан жасалғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: Ұзынырақ – ұзын-ырақ, ...

Ұзынырақ, келтелеу, көкшіл, көрген, сезгіш, тебеген, өнерпаз, кеңірек, ұзынша, білімді, киімшең, сөзшең, тұлғалы, төзімсіз, сүзеген, саналы, аласалау, күрмеулі, өскелең, бозғылтым, жұқалтақ, жылжымалы, ауыспалы, ғылыми, мәдени, әдеби, отты.



Пысықтауға арналған сұрақтар: 1. Қандай сөз табы сын есім деп аталады? 2. Сын есімнің шырайы деген не? 3. Шырай түрлері қандай сын есімнен жасалады? 4. Салыстырмалы шырай дегеніміз не? 5. Күшейтпелі шырай дегеніміз не? 6. Олар қалай жасалады? 7. Сын есімнің қандай емделері бар? 8. Сын есім сөйлемде қандай қызметтер атқарады? 9. Не себепті сын есімнің негізгі қызметі – анықтауыш? 10. Сын есімнің заттануы дегеніміз не?



61-жаттығу. Жұмбақтардың жауабын тауып, ондағы сын есімдерді ажыратып, қандай сөзбен байланысып тұрғанын айтыңдар.

1. Бұлтты күні бұлаққа,
Жымың-жымың етпейді.
Тау басынан бірақ та
Күн шықпаса кетпейді.
2. Сірә, өзі сары әңгелек пішінде,
Тастай қатты, бірақ та
Кіп-кішкене қауын жатыр ішінде.

3. Бір-ақ көзді баласы
Ойламайды бас қамын.
Оған бірақ анасы
Шашын жалғар басқаның

(М. Омарұлы)

Жұмбақтардың жауаптары: Жұлдыздар. Өрік пен дәнек. Ине мен жіп.

САН ЕСІМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ



Сан есім және оның түрлерін қайталауға арналған пысықтау-сұрақтар: 1. Қандай сөз табы сан есім деп аталады? 2. Сан есім зат есімнің қандай мағыналық белгілерін білдіреді? 3. Сан есімдер құрамына қарай нешеге бөлінеді? 4. Күрделі сан есімдер қалай жасалады? 5. Күрделі сан есімдер қалай жазылады? 6. Сан есім мағынасына қарай қандай түрлерге бөлінеді? 7. Есептік сан есімнің ерекшеліктері неде? 8. Реттік сан есімдер дегеніміз не? 9. Реттік сан есім қалай жасалады? 10. Реттік сан есімнің емлесін айтып бер. 11. Жинақтық сан есімнің ерекшеліктері неде? 12. Жинақтық сан есімнің заттануы дегеніміз не? 13. Болжалдық сан есім нені білдіреді? 14. Болжалдық сан есім қалай жасалады? 15. Топтау сан есімнің ерекшеліктері неде? 16. Бөлшектік сан есімнің ерекшеліктері неде? 17. Сан есімнің қандай емшелері бар? 18. Сан есім сөйлемде қандай қызмет атқарады?

§ 16. ЖИНАҚТЫҚ САН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕНУІ

Жинақтық сан есімдер, әдетте, зат есімдермен тіркеспей, жеке қолданылады да, заттанып тұрады, яғни әрі сандық, әрі заттық мағынаны бірдей беріп тұрады. Мысалы: *Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді* (мақал) деген сөйлемдегі *алтау*, *төртеу* деген жинақтық сан есім заттанып, әрі сандық мағынада (*алты* және *төрт*),

әрі заттық мағынада (*алты адам, төрт адам*) бірдей жұмсалған.

Жинақтық сан есімдер субстантивтеніп (заттанып) қолданылатындықтан, оларға сөз түрлендіретін грамматикалық формалардың бәрі де қосыла береді. Бірақ солай бола тұрса да, жинақтық сан есімдерге сол грамматикалық формалар бір ізбен жалғанбайды. Мысалы, *көптік жалғау тек қана біреу сөзіне жалғанады да, өзге жинақтық сан есімдерге жалғанбайды*. Онда да бұл қосымша ол сөз (біреу) белгісіз есімдік ретінде қолданылса ғана жалғанады (біреулер дегеніміз – кім екендігі белгісіз, әлдебір адамдар).

Тәуелдік жалғаулары жинақтық сан есімдерге жапатармағай қосыла бермейді, тек мағыналық ерекшеліктеріне қарай ғана жалғанады. Мысалы: *біздердің біреуіміз; екеуіміз; сендердің үшеуің, төртеуің; олардың бесеуі, алтауы* т.б.

Жинақтық сандарға, баяндауыш болса, жіктіктің I-II жағының қосымшалары ғана жалғанады; үшінші жағы грамматикалық көрсеткішсіз-ақ жұмсалады (*біз екеуіміз, үшеуіміз; сендер төртеуіңдер, бесеуіңдер; олар алтау, жетеу* т.б.)

Септік жалғаулары жинақтық сан есімдердің жай түріне де жалғана береді. Ондайда **біреу** сөзі кейде белгісіз есімдік есебінде де қолданылады. Мысалы: *Біреуінің күні жоқ біреуіңсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек. (Абай)*

62-жаттығу. Жұмбақтарды көшіріп жазып, жинақтық сан есімдерді тауып, түрленуіне назар аударындар.

1. Біреуі орады, Екеуі біріксе,
Біреуі соғады. Көңілің толады.
2. Біреуге найза түйрейді,
Өзі де содан күйрейді.
3. Өздігінен жүрмейді, жарыспайды,
Кісі мінсе, жарыстан қалыспайды.

Аяғы екеу болғанмен, ізі жалғыз,
Сағатта талай жерді ғарыштайды.

4. Аяғы біреу, қолы жоқ,
Шиыр-шиыр жолы көп.
Өзі сөйлей білмейді,
Салған ізі сөйлейді.

Жұмбақтың жауаптары: «Орақ пен балға», «Ара», «Велосипед», «Қарындаш».

63-жаттығу. Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті есептік сан есімдерін жинақтық сан есім жасап, септеулік формаға келтіріңдер.

Үлгі: Атау: *біреу*.

Ілік: *біреудің*.

Барыс: *біреуге*

Табыс: *біреуді*

Жатыс: *біреуде*

Шығыс: *біреуден*

Көмектес: *біреумен*



64-жаттығу. Мәтіннен жинақтық сан есімдерді тауып, олардың жасалу жолына назар аударыңдар.

1. Екеуі күміс суын аспандата шашыратқан фонтан жанынан өтіп, көл жағасындағы алма ағаштарының көлеңкесіне қарай жүрді. 2. Қасиеттің үйі өртенген жылы Сапал екеуінің соңына милиция қызметкерлері түсіп бірталай әуерелеген. 3. Екеуі жасыл жапырақты ағаштың арасымен саябақтың орталық алаңына шықты. 4. Қаршыға екеуміздің асымыз тоғысып қалса бола ма. Ұялғанымды айт соңынан. (С. Бұхар.)

§ 17. ЕСІМДІКТІҢ ТҮРЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ

Есімдіктер – зат есімнің, сан есімнің және сын есімнің орнына жүретін сөз табы. Мағынасына қарай есімдік жоғарыда, айтқанымыздай, 7 топқа бөлінеді:

1. Жіктеу есімдіктері: *мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар*. **2. Сілтеу есімдіктері:** *бұл, сол, ол, осы, ана, мына, мынау, сонау, әні, міне*. **3. Сұрау**

есімдіктері: кім?, не?, қандай?, қалай?, қанша?, неше?

4. Өздік есімдігі: Өздік есімдігі көбінесе тәуелденіп (өзім, өз-ің, өз-іңіз, өз-і, өз-іміз, өз-дерің, өз-деріңіз, өз-дері болып) қолданылады. **5. Жалпылау есімдіктері:** бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл, бүтін, түгел, тегіс. **6. Белгісіздік есімдіктері:** біреу, әлдекім бірнеше, бірдеме, әрбір, кейбір, әрқайсысы. **7. Болымсыздық есімдіктері:** ештеңе, ешкім, дәнеңе, ешнәрсе, ешбір.

Жіктеу, сілтеу есімдіктері септелгенде, мынандай ерекшелік байқалады: 1) ілік, табыс, шығыс септіктерде түбірдегі **л, н** дыбыстары түсіп қалады; 2) жатыс септікте түбірдегі **л** дыбысы **н**-ға айналады; 3) көмектес септікте түбір қосымшаның арасында **-ы, -і** дәнекері пайда болады (дұрысында түбірдегі **н** дыбысы түсіп қалып, көмектес септік жалғауы ілік септіктің дыбыстық өзгеріске түскен – **ны (н), – ні(н)** тұлғасының үстіне жалғанады); 4) барыс септік жуанданып **л, н** түсіп қалған түбірге жалғау **-ған** түрінде жалғанады.

Жіктеу есімдіктерінің септелу үлгісі

<i>Септік</i>	<i>Мен</i>	<i>Сен</i>	<i>Ол</i>	<i>Біз</i>	<i>Сіз</i>
А.	<i>Мен</i>	<i>Сен</i>	<i>Ол</i>	<i>Біз</i>	<i>Сіз</i>
І.	<i>Менің</i>	<i>Сенің</i>	<i>Оның</i>	<i>Біздің</i>	<i>Сіздің</i>
Б.	<i>Маған</i>	<i>Саған</i>	<i>Оған</i>	<i>Бізге</i>	<i>Сізге</i>
Т.	<i>Мені</i>	<i>Сені</i>	<i>Оны</i>	<i>Бізді</i>	<i>Сізді</i>
Ж.	<i>Менде</i>	<i>Сенде</i>	<i>Онда</i>	<i>Бізде</i>	<i>Сізде</i>
Ш.	<i>Менен</i>	<i>Сенен</i>	<i>Одан</i>	<i>Бізден</i>	<i>Сізден</i>
К.	<i>Менімен</i>	<i>Сенімен</i>	<i>Онымен</i>	<i>Бізбен</i>	<i>Сізбен</i>

Жіктеу есімдіктерінің жіктелу үлгісі

Жақ	Мен, біз	Сен, сіз, сендер, сіздер	Ол, олар
I	<i>Мен-мін</i> <i>Біз-біз</i>	– – –	– – –
II	– – –	<i>Сен-сің, сіз-сіз</i> <i>Сендер-сіңдер</i> <i>Сіздер-сіздер</i>	– – –
III	– – –	– – –	<i>Ол, олар</i>

Жіктеу есімдіктері сөйлемде атау септікте тұрып бастауыш, ілік септікте тұрып анықтауыш, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде тұрып толықтауыш, жіктеліп келіп баяндауыш қызметін атқарады.

Сілтеу есімдіктерінің тәуелдену үлгісі

Тәуелдену	Жақ	Бұл	Сол	Ол
Онаша	I Менің II Сенің Сіздің II Оның	<i>Бұным</i> <i>Бұның</i> <i>Бұныңыз</i> <i>Бұнысы</i>	<i>Соным</i> <i>Соның</i> <i>Соныңыз</i> <i>Сонысы</i>	<i>Оным</i> <i>Оның</i> <i>Оныңыз</i> <i>Онысы</i>
Ортақ	I Біздің II Сендердің Сіздердің III Олардың	<i>Бұнымыз</i> <i>Бұларымыз</i> <i>Бұларың</i> <i>Бұларыңыз</i> <i>Бұлары</i>	<i>Сонымыз</i> <i>Соларымыз</i> <i>Соларың</i> <i>Соларыңыз</i> <i>Солары</i>	<i>Онымыз</i> <i>Оларымыз</i> <i>Оларың</i> <i>Оларыңыз</i> <i>Олары</i>

Тәуелдену	Жақ	Осы	Мынау (мына)	Анау (ана)
Онаша	I Менің II Сенің Сіздің II Оның	<i>Осым</i> <i>Осыным</i> <i>Осың</i> <i>Осының</i> <i>Осыныңыз</i> <i>Осысы</i>	<i>Мынауым</i> <i>Мынауың</i> <i>Мынауыңыз</i> <i>Мынауы</i>	<i>Анауым</i> <i>Анауың</i> <i>Анауыңыз</i> <i>Анауы</i>
Ортақ	I Біздің II Сендердің Сіздердің III Олардың	<i>Осымыз</i> <i>Осыларымыз</i> <i>Осыларың</i> <i>Осыларыңыз</i> <i>Осылары</i>	<i>Мынауымыз</i> <i>Мыналарымыз</i> <i>Мыналарың</i> <i>Мыналарыңыз</i> <i>Мыналары</i>	<i>Анауымыз</i> <i>Аналарымыз</i> <i>Аналарың</i> <i>Аналарыңыз</i> <i>Аналары</i>

Сілтеу есімдіктерінің септелу үлгісі

Септік	Бұл	Сол	Ол	Осы	Мына	Ана
A.	<i>Бұл</i>	<i>Сол</i>	<i>Ол</i>	<i>Осы</i>	<i>Мына</i>	<i>Ана</i>
I.	<i>Бұ-ның</i> <i>(Мұ-ның)</i>	<i>Со-ның</i>	<i>О-ның</i>	<i>Осы-ның</i>	<i>Мына-ның</i>	<i>Ана-ның</i>
B.	<i>Бұ-ған</i>	<i>Со-ған</i>	<i>О-ған</i>	<i>Осы-ған</i>	<i>Мына-ған</i>	<i>Ана-ған</i>

Сеп-тік	Бұл	Сол	Ол	Осы	Мына	Ана
Т.	<i>Бұ-ны</i>	<i>Со-ны</i>	<i>О-ны</i>	<i>Осы-ны</i>	<i>Мына-ны</i>	<i>Ана-ны</i>
Ж.	<i>(Мұ-ны)</i> <i>Бұн-да</i>	<i>Сон-да</i>	<i>Он-да</i>	<i>Осы-нда</i>	<i>Мына-да</i>	<i>Ана-да</i>
Ш.	<i>(Мұн-да)</i> <i>Бұ-дан</i>	<i>Со-дан</i>	<i>О-дан</i>	<i>Осы-дан</i>	<i>Мына-дан</i>	<i>Ана-дан</i>
К.	<i>(Мұ-нан)</i> <i>Бұ-ны-мен</i> <i>(Мұ-ны-мен)</i>	<i>Со-ны-мен</i>	<i>О-ны-мен</i>	<i>Осы-мен</i>	<i>Мына-мен</i>	<i>Ана-мен</i>

Кейбір сұрау есімдіктерінің тәуелдену үлгісі

Тәуелдіктің жақтары	Кім?	Не?	Қайсы	Нешеу?
I Менің Біздің	<i>Кімім?</i> <i>Кіміміз?</i>	<i>Нем?</i> <i>Неміз?</i>	<i>Қайсым?</i> <i>Қайсымыз?</i>	<i>Нешеуім?</i> <i>Нешеуіміз?</i>
II Сенің Сіздің Сендердің Сіздердің	<i>Кімің?</i> <i>Кіміңіз?</i> <i>Кімдерің?</i> <i>Кімдеріңіз?</i>	<i>Нең?</i> <i>Неңіз?</i> <i>Нелерің?</i> <i>Нелеріңіз?</i>	<i>Қайсың?</i> <i>Қайсыңыз?</i> <i>Қайсыларың?</i> <i>Қайсыларыңыз?</i>	<i>Нешеуің?</i> <i>Нешеуіңіз?</i> <i>Нешеулерің?</i> <i>Нешеулеріңіз?</i>
III Оның Олардың	<i>Кімі?</i> <i>Кімі?</i> <i>Кімдері?</i>	<i>Несі?</i> <i>Несі?</i> <i>Нелері?</i>	<i>Қайсысы?</i> <i>Қайсысы?</i> <i>Қайсылары?</i>	<i>Нешеуі?</i> <i>Нешеуі?</i> <i>Нешеулері?</i>

Сұрау есімдіктерінің септелу үлгісі

Сеп-тік	Кім?	Не?	Кімдер?	Нелер?	Нешеу?	Қайсы?
А.	<i>Кім?</i>	<i>Не?</i>	<i>Кімдер?</i>	<i>Нелер?</i>	<i>Нешеу?</i>	<i>Қайсы?</i>
І.	<i>Кімнің?</i>	<i>Ненің?</i>	<i>Кімдердің?</i>	<i>Нелердің?</i>	<i>Нешеудің?</i>	<i>Қайсының?</i>
Б.	<i>Кімге?</i>	<i>Неге?</i>	<i>Кімдерге?</i>	<i>Нелерге?</i>	<i>Нешеуге?</i>	<i>Қайсыған?</i>
Т.	<i>Кімді?</i>	<i>Нені?</i>	<i>Кімдерді?</i>	<i>Нелерді?</i>	<i>Нешеуді?</i>	<i>Қайсыны?</i>
Ж.	<i>Кімде?</i>	<i>Неде?</i>	<i>Кімдерде?</i>	<i>Нелерде?</i>	<i>Нешеуде?</i>	<i>Қайсыда?</i>
Ш.	<i>Кімнен?</i>	<i>Неден?</i>	<i>Кімдерден?</i>	<i>Нелерден?</i>	<i>Нешеуден?</i>	<i>Қайсыдан?</i>
К.	<i>Кіммен?</i>	<i>Немен?</i>	<i>Кімдермен?</i>	<i>Нелермен?</i>	<i>Нешеумен?</i>	<i>Қайсымен?</i>

Сұрау есімдіктерінің жіктелу үлгісі

Жіктіктің жақтары	Кім?	Қайсы?	Нешеу?	Қандай?	Не?
I мен	<i>кіммін?</i>	<i>қайсымын?</i>	<i>нешеуім?</i>	<i>қандаймын?</i>	—
біз	<i>кімбіз?</i>	<i>қайсымыз?</i>	<i>нешеуіміз?</i>	<i>қандаймыз?</i>	—
II сен	<i>кімсің?</i>	<i>қайсысың?</i>	<i>нешеуісің?</i>	<i>қандайсың?</i>	—
сендер	<i>кімсіңдер?</i>	<i>қайсы-сыңдар?</i>	<i>нешеуі-сіңдер?</i>	<i>қандай-сыңдар?</i>	—
сіз	<i>кімсіз?</i>	<i>қайсысыз?</i>	<i>нешеуісіз?</i>	<i>қандайсыз?</i>	—
сіздер	<i>кімсіздер?</i>	<i>қайсысыз-дар?</i>	<i>нешеуі-сіздер?</i>	<i>қандайсыз-дар?</i>	—
III ол	<i>кім?</i>	<i>қайсы?</i>	<i>нешеу?</i>	<i>қандай?</i>	<i>не?</i>
олар	<i>кімдер?</i>	<i>қайсы?</i>	<i>нешеу?</i>	<i>қандай?</i>	<i>не?</i>

Өздік есімдігінің септелу үлгісі

Септік	өзім	өзің	өзіңіз	өзі
A.	<i>өзім</i>	<i>өзің</i>	<i>өзіңіз</i>	<i>өзі</i>
I.	<i>өзімнің</i>	<i>өзіңнің</i>	<i>өзіңіздің</i>	<i>өзінің</i>
Б.	<i>өзіме</i>	<i>өзіңе</i>	<i>өзіңізге</i>	<i>өзіне</i>
T.	<i>өзімді</i>	<i>өзіңді</i>	<i>өзіңізді</i>	<i>өзін</i>
Ж.	<i>өзімде</i>	<i>өзіңде</i>	<i>өзіңізде</i>	<i>өзінде</i>
III.	<i>өзімнен</i>	<i>өзіңнен</i>	<i>өзіңізден</i>	<i>өзінен</i>
K.	<i>өзіммен</i>	<i>өзіңмен</i>	<i>өзіңізбен</i>	<i>өзімен</i>

Өздік есімдігінің жіктелу үлгісі

Жақ	өзім	өзің	өзіңіз	өзі
I мен	<i>өзіммін</i>	<i>өзіңмін</i>	<i>өзіңізбін</i>	<i>өзімін</i>
біз	<i>өзімізбіз</i>	<i>өзіңізбіз</i>	<i>өзіңізбіз</i>	<i>өзіміз</i>
II сен	<i>өзімсің</i>	<i>өзіңсің</i>		<i>өзісің</i>
сендер	<i>өзімсіңдер</i>	<i>өздеріңсіңдер</i>		<i>өзісіңдер</i>
сіз	<i>өзімсіз</i>	<i>өзіңсіз</i>	<i>өзіңізсіз</i>	<i>өзісіз</i>
сіздер	<i>өзімсіздер</i>	<i>өздеріңсіздер</i>	<i>өздеріңізсіздер</i>	<i>өзісіздер</i>
III ол	<i>өзім</i>	<i>өзің</i>	<i>өзіңіз</i>	<i>өзі</i>
олар				

Түсінік: Өздік есімдігі тәуелденіп барып жіктеледі.

65-жаттығу. Үзінділерді оқып, есімдіктерді ажыратындар. Есімдіктің қай түрі екенін айтындар.

Үлгі: өз – өздік есімдігі.

1. ...Өзіммен өзім жүз жыртып,
Өзіме өзім мұз бүркіп,
Өзімнен өскен балуанға
Өз мойнымды үздіртіп,
Табынтқан мені тағдыр-ай,
Өзгеге көзді сүздіртіп!
2. ...Жұртым-ау, жылаудың да себебі бар,
Неге сонша алдымнан келеді жар?
Сен келіп селбеспесең, қайран жұртым,
Сенделіп екі ортада өледі жан.
3. ...Жыласам-дағы еңбектеп,
Жығылсам-дағы еңбектеп,
Рақат алып аз ғана,
Аз ғана еткен еңбектен
Мен деген – ырза, мәл бала,
Мәз болам мынау Жер – Көкке.

(М. Мақатаев)

66-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, есімдіктерді теріп жазындар да мағыналық түріне қарай ажыратындар. Есімдіктердің түрленуіне мән беріндер.

ҚАНДЫ КЕЗДІК

Екеуі қалың топтың арасына кірді. Алыстан трибуна көрінеді. Оған аудан, облыс басшылары, еңбек ардагерлері мен қадірлі қонақтар көтерілуде. Трибунаның екі жағында одақтас республикалардың қызыл тулары желбірейді.

– Қажеті жоқ, кейін кеттік, – деп Сапал Шотырдың қолтығынан тартты.

Екеуі жасыл жапырақты ағаштың арасымен саябақтың орталық алаңына шықты. Шотыр біреу танып қоймасын дегендей сабан шляпасын бетіне басып алған. Жұрттың

барлығы көйлекшең, не костюммен жүргенде бұл баяғы ұзын сұр плащын тастамапты. Екі қолын қалтасына салып, Сапалдың ізімен төмен қарап келеді. (С. Бұхар.)

67-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, есімдіктерді ажыратып, түрленулеріне назар аударыңдар.

ЖАПАНДА ЖАЛҒЫЗ ҚАРАҒАЙ

Жапанда жалғыз қарай,
Көрінер бізге панадай.
Жапырағы сая, көлеңке,
Аялап тұрған анадай.
Жапанда жалғыз бір ағаш,
Ешкімнен көмек сұрамас...
Қасқиған елдің перзенті,
Сексип ол тұра алмас.

Қарайды заңғар аспанға.
Жұлдыздар көзін ашқанда.
Келеді оған ғашықтар,
Көлденең көзден қашқанда.

(Қалбай Әбдірахманов)



68-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар да, сұрау есімдігін теріп жазыңдар. Есімдіктердің қандай тұлғада тұрғандығын айтыңдар.

Үлгі: *Неге? – сұрау есімдігі.*

1. Сен неге осыншалықты әлсіз болып кеттің? 2. – Әй, саған кім керек? – деген көрші Тоты деген әйелдің даусы шығып қалды. 3. Жаңағы қарайғандар қайда? 4. Досқа таба, дұшпанға күлкі болып қайтемін онда? Бір жерге жұмысқа орналасып күнімді көріп кетуім де қиын. Қайтсем екен а? Жол бар ма маған лайық? 5. – Несіне мәз болады екен бұл сасық? 6. – Қашанға дейін жүресің осылай? – деді бір күні шыдамы таусылған Қаршыға. (С. Бұхар.)

§ 18. ЕСІМДІКТІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Есімдіктер әр түрлі сөз табының орнына жүретіндіктен, сөйлемде әрқандай мүшенің қызметін атқарады.

1. Есімдіктер, әсіресе, жіктеу есімдіктері, атау септікте тұрып бастауыш болады. Мысалы: **Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.** (Абай) **Кино үстінде бұлар** бір-біріне бір ауыз сөз айтқан жоқ. (Ж. Молдағалиев)

2. Есімдіктер барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің бірінде тұрып толықтауыш болады. Мысалы: **Кеудемде жаным тұрғанда Гауһарды ешкімге** бермеспін (С. Мынжасаров.) Жалғыз **сенен** айрылып, артына қарап аһ ұрдым. (Абай)

3. Есімдіктер ілік септікте немесе сын есім мен сан есімнің орнына қолданылып, анықтауыш болады. Мысалы: **Ешбір** дарынды ақын, **ешбір** дарынды жазушы орыс әдебиетін, орыс әдебиеті арқылы дүние жүзілік озық әдебиеттің көрнекті үлгілерін аттап өте алмауы керек. (Ғ.Мүсірепов.) **Біреудің** кісісі өлсе, қаралы ол. (Абай) **Бірнеше** жұмсақ алақан, көтеріп бара жатқандай (Ғ.Қайырбеков.) **Бұл** сұрауға жауап бермей, аз отырып барып сөйледі. (С. Мұқанов.)

4. Есімдіктер мезгіл, мекен мағыналарында үстеудің орнына қолданылса, пысықтауыш болады. Мысалы: **Бүгін ешқайда** бармайсындар, маған бір кешті қимайсындар ма? (Ж. Молдағалиев) Бірен-саран шыққан астықтарын жұрт **әлдеқашан** жинап алған. (С. Дөнентаев)

5. Есімдіктер жіктеліп қолданылса, баяндауыш болады. Мысалы: **Менің іздегенім – сенсің.** Әнеугүнгі келген бала – **осы.** Сен **нешінсің?**

69-жаттығу. Мәтіндегі есімдіктерді мағыналық түрлеріне, тұлғасына қарай ажыратып, сөйлемнің қай мүшесі екенін айтындар.

Үлгі: кімді сыйлайтын? – **оны** – жіктеу есімдігі, III жақ, табыс септігінде, тура толықтауыш қызметін атқарып тұр.

Балуан Шолақ абақтыда айға жақын жатты. Оны сыйлайтын адамдардың қолынан келгені – дәм таттыру. Қолдарынан келер басқа еш нәрсе жоқ. Туған-туыстарының ешқайсысы ат ізін салған емес, дәм әкелген емес. «Бұл қалай?!» – деп танданды Балуан Шолақ. – Естімей жатыр ма? Естісе, неге келмей жатыр?! Ағайыным момын еді. Олардың келмеуіне себеп сол шығар. Мұндайда от пен судан тайынбайтын адамның алған жары мен ата-анасы болар еді. Олардың да тым-тырыс жатуы неліктен? – деп ойлады ол. (С. Мұқанов.)

70-жаттығу. Сөйлемдердің құрамындағы есімдіктерге сұрақ қойып, олар қай мүшенің қызметін атқарып тұрғанын ажыратындар.

Үлгі: кімнің өз балалары? – *оның өз балалары* – анықтауыш.

1. **Осы** кезде **ол әрдайым** халқының қасынан табылып, көк найзаның ұшымен де, қызыл тілдің күшімен де туған даласын жат-жұрттың басқыншылардан қорғауға белсене қатысқан. 2. Ел арасында Төле би айтты дейтін шешендік сөз үлгілерінің **бір** төркіні **былай** болып келеді. 3. **Осы** тұста Күлтөбенің басында үлкен жиын ашылып, **оған** елбасылары **түгел** жиналады. 4. Әрине, **әр** мезгілдің **өзіне** тән қазіргі **бізге** қисынсыздау, ерсілеу көрінетін мәуріті: әдет, ұғым мен заңдылықтары болған. 5. **Оның өз** балалары бірнеше мәрте жау ордасында болып, жапа шекті. («Үш пайғамбар» кітабынан)



71-жаттығу. Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап, есімдіктердің қандай қызмет атқарып тұрғанын дәлелдендер.

Үлгі: **Ермек ешқайсысына жауап қайырған жоқ.** Айтылу мақсатына қарай – хабарлы сөйлем. *Жауап қайырған жоқ* – баяндауыш, **кімге жауап қайырған жоқ?** – *ешқайсысына* – барыс септігінде тұрған жанама толықтауыш.

1. Еремек ешқайсысына жауап қайырған жоқ. (*Ф. Мұстафин.*) 2. Мен ешкімнің малын түгендеп жүргенім жоқ... 3. Қар түнде ғана жауған, ешқандай із көрінбейді. (*М. Мағауин.*) 4. Бірнеше күн төпеп қар аралас бұршақ жауды. 5. Екі ала қарға шөп арасынан әлдеқандай анды қалбалақтап қуып жүр. (*С. Мұқанов.*) 6. Бүкіл ауыл Қазының төрт қанат киіз үйіне жиналды, бәрі де көңілді. 7. Біреу кіріп, біреу шығып, сапырылысып жатыр. (*М. Мағауин.*)



Пысықтауға арналған сұрақтар: 1. Есімдіктің мағыналық ерекшеліктері неде? 2. Есімдіктің қандай мағыналық түрлері бар? 3. Жіктеу есімдіктерінің жаққа қатысы қандай? 4. Жіктеу есімдіктерінің жіктелу ерекшеліктері қандай? 5. Сілтеу есімдіктер қандай сөз таптарының орнына жүреді? 6. Сұрау есімдіктерінің ерекшеліктері неде? 7. Сұрау есімдіктерінің тәуелдену, септелу, жіктелу ерекшеліктері қандай? Өздік есімдігінің қолдану, түрлену ерекшеліктері қандай? 8. Жалпылау есімдігінің мағыналық ерекшелігі неде? 9. Болымсыздық есімдіктерінің мағыналық, құрамдық ерекшеліктері қандай?

§ 19. МӘТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Мәтін дегеніміз – жазбаша немесе ауызша ойды жеткізу. Мәтін бірнеше сөйлемдерден құралады. Мәтін сөйлемдері бір-бірімен мағына жағынан байланысып тұрады. Мәтінде сөз таптарының барлығы қатысады.

Оқиғаны ретімен баяндайтын мәтін **әңгімелеу мәтіні** деп аталады. Әңгімелеу мәтіні қандай да бір оқиғаны баяндап, не істеді? сұрағына жауап береді.

Зат немесе құбылысты суреттеп, сипаттайтын мәтін **сипаттау мәтіні** деп аталады. Сипаттау мәтіні бір нәрсені, затты сипаттайды және қандай? деген сұраққа жауап береді.

Мәтін түрлерінің тағы бір түрі – **пайымдау мәтіні**. Пайымдау мәтіні белгілі бір пікірді түсіндіреді, дәлелдейді және не үшін? деген сұраққа жауап береді.

Мәтіннің қай түрі болса да сөздерден, сөздердің тіркесінен құралады. Мәтінде атауыш, көмекші және оқшау сөздер қолданылады.

72-жаттығу. Мәтін құрылысын анықтаңдар. Мәтіндегі есімдіктердің қолданылуына мән беріңдер.

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Кітабымен жүрегіңді жылытқан жазушының бәрін де жақсы көресің. Бірақ солардың ішінде өз көңліңе өте ұнап, өзгелерден ыстық болып танылғандары болады. Айта берсең, ол сенің жақын адамың, тіпті, туысың тәрізді болып тұрады. Оны көрмесең де білетін, танымасың да танитын сияқтанасың. Айта берсең, ол сенің жақын адамың, тіпті, туысың тәрізді болып тұрады. Алыстағы ағайыныңның анда-санда жазар сәлем хатын сағына күтетіндей, жақсы көрер жазушының жаңа шығармасын аңсай тосасың. Оның не жазып жатқаны жөнінде газет бетінен екі-үш жол ғана хабар оқысаң, көңліңе оның өзі де едәуір медеу болып қалады. Ал енді ол кітап дүкенге келіп түскенде, сенің қуанышыңда шек болмайды. Баспахана бояуының иісі аңқыған ол кітаптың сыртын үйіңе жеткенше әлденеше рет сипап та қоярсың, тезірек отырып оқуға асығасың. Ал оны оқи отырып, жаның рақаттанады, жүрегің оттай алаулайды. Өкпенді толтыра терең-терең тыныс алып, аса бір ләззатты ыстық күй кешесің. Сен ол кезде жазушының кім екенін ұмытасың. Сенің көз алдында сол кітапта оқиға ғана, соның кейіпкерлері ғана тұрады. Жақсы кейіпкерлер жаныңа қанат бітіріп, сені жақсылыққа, адалдыққа, әділдікке, адамгершілікке талпындырады. Сүйген асыңның бойға қан боп тарап, тіршілігіңе қуат берері тәрізді, сүйікті кітап кейіпкерлері де өмір бойы сенің жадында жүреді, жүрегіңе лүпіл, жаныңа жылу береді. Оқушы ретінде менің де жан-тәніммен жақсы көрер, өзгелерден өзгеше бағалар кітаптарым бар. Олар «Тас -талқан», «Ұстаздық жыры», «Бөгелек», «Құрыш қалай шынықты?», «Нағыз адам туралы аңыз». (Ә.Нұри.)

73-жаттығу. Мәтіннің түрін анықтаңдар. Мәтіннен сын есімнің қолданылуына мән беріңдер.

АҚҚУ

Көктемде Жайық өңіріне аққулар қос-қостан ұшып келеді. Талқайрандағы көк шалғынға киіз үй тіккенбіз. Сыртта тұрып, сыбызғының үніндей сыңғырлаған аққулар даусын тындадым. Тобымен орман ішіне қонды.

Таңертең ерте оянып, тысқа шықтым. Шығыс жақ қызыл шапақ шашып тұр. Сүрлеумен өзенге қарай жүгірдім. Кеше кешкісін қармақ құрып кеткенбіз. Келсем, жағада бір аққу қанатымен су сабалап, ұша алмай жүр. Қармақ аяғына кіріп кетіпті.

Жалма-жан көйлегімді шешіп тастап, аққудың қасына жүзіп жеттім. Аққу су сабалап, сыңсыды. Аузын ашып, айбат шекті. Аяғынан ұстадым да, қармақты босаттым. Рахмет айтқандай бір саңқ етті де, арғы беттегі жасыл құрақ ішінде қиқу салып, бұны тосып жүрген тобына барып қосылды. Өзен жағасын әнге бөлеп, аққулар аспанға көтерілді. *(Б.Түрлиев.)*

74-жаттығу. Мәтіннің түрлерін анықтаңдар. Мәтіннен сын есімнің шырайларына тиісті сөздерді тауып, оның мағыналық түрлерін ажыратыңдар.

БАЗАРЛЫҚ

Нұрлан – мектептегі үздік оқушылардың бірі. Ол, әсіресе, футболды сондай жақсы көреді. Сабақтан, үй шаруасынан қолы босай қалса болды, футбол алаңына жүгіреді. Содан болар, аяқ киімі тез-ақ тозады. Ал оның інісі Қайрат, кіп-кішкентай болғанымен, тіл алғыш. Апасының сөзін екі айтқызбай орындайды.

Бірде мынадай қызық болды. Апасы мен көкесі нағашыларының үйіне баруға жолға жиналды. Үп-үлкен болса да, Нұрлан: «Мен де барайыншы», – деп біраз «қыңқылдап» алды.

– Біз ертең-ақ келеміз. Саған қандай сыйлық әкелейік, Қайрат? – деді апасы.

Мұны естіген Қайраттың жүзі жайнап сала берді.

– Маған бар ғой, маған... тозбайтын кітап әкеліңіз. Өйткені мен биыл мектепке барамын ғой.

Олардың әңгімесіне араласқан әжесі:

– Ақылыңнан айналайын. Өмірде тозбайтын тек білім ғана. Ал білім нәрімен сол кітап арқылы сусындайсың. Кітап әкеп бер, апасы, Қайратқа, – деді.

(Д. Айманбетова.)

АЯЗДА

Тиін онша қонақжай аң емес. Әрқайсысы жеке-жеке, өз ұяларында өз беттерінше өмір сүреді. Бір-бірінің үйіне барып, араласу былай тұрсын, егер бір тиін байқамай бөтен біреуінің ұясына кіріп кетті ме, бөлеге қалғаны. Оны ұядан түйгіштеп қуып шығады.

Күннің жылы кезінде тиіннің мінезі ылғи осылай.

Ал суық түскен мезгілде тиіннің мінезі күрт өзгереді. Олар қысқы аязда жеке тұрып, суыққа төзе алмайтын-дарын сезеді. Сондықтан олар топ-топ болып топтасып алады. Бұл кезде тиіндерден асқан тату-тәтті топты табу қиын. Қақаған суық түндерде бес-алтыдан бірігіп, бір ұяда жатады. Бір-біріне тығылысып жатып алады да, шөп-шаламмен ұяның аузын бітеп тастайды. Сөйтіп, қыстың ұзақ аязды түндерін бейқам өткізеді. Сыртта алай-гүлей боран соғып тұрса да, қақаған сары аяз болса да тиіндер былқ етпей жата береді. Міне, тиіндер қауымының ынтымақтастық қасиеті осылай.

(А. Синявский.)



75-жаттығу. Мәтіннің түрін анықтаңдар. Ондағы есім сөздерді көрсетіңдер.

ЖҰМЫС

– Ал, енді тынығайық, – деді, тамақтан кейін біраз

отырып әңгіме қозғаған атасы сөзін доғарып, орнынан ырғала түрегеліп.

– Ертең ерте тұрып, шөпке баруым керек.

Керім де қозғалып:

– Ата, мені де ертерек, өзіңіз тұрғанда оятыңызшы! – деді өтініп. Бұған:

– Сенің қалып бара жатқан қандай шаруаң бар еді? – деп күлді атасы.

– Ертең мектепке барамын ғой?!

– Ә, айтпақшы, солай екен-ау, оның да дұрыс, – деді атасы Керімді қоштап.

– Жарайды, оятайын.

– Қарағым-ау, сен қайда асығасың? – деп таңданып қалды әжесі. Әлденеге асыққан немересінің соңынан қарады. Керім артына бұрылып, түсінік берді:

– Әже-ау, ертең бірінші қыркүйек – менің оқуым басталатын күн емес пе?!

Ә, солай ма, айналайын!.. – деп ойға шомды әжесі.

Өтіп бара жатқан уақытты сезбей екенбіз-ау..

Керім үнсіз қалған әжесінің көңілін аулағандай жай-жапсарды толық баяндады:

– Мана мектепке барып, Кәріма апайға сәлемдесіп қайттым. Атам ешқашан кешікпейді ғой. Мен де сабақтан кешікпеймін!

– Дұрыс, балам! – деді атасы Керімді қапсара құшақтап.

– Қандай жұмыс істесең де, қайда жүрсең де тиянақты, тындырымды болып үйренгенің жөн. Ер жігіт ылғи да сергек болуы керек!..

(Қ. Толыбаев)



Сұрақтар мен тапсырмалар:

Мәтінді қалай дұрыс көшіріп жазу керек?

1. Сөйлемді оқы, мағынасын түсініп ал.
2. Жазбас бұрын әр сөзді жазылуы бойынша айт.
3. Жазу барысында сөзді іштей буынға бөл.
4. Жазған әрбір сөзді үлгімен салыстыр.

5. Мәтіндегі сөйлемдерді осылайша жаз.
6. Барлық жазғаныңды оқулық арқылы тексер.

Есте сақтап жазуға дайындық:

1. Мәтінді оқы. Не туралы оқығаныңды көз алдыңа елестет.
2. Мәтіннен жазылуы қиын сөздерді тап. Бұл сөздердің жазылуын есте сақта.
3. Мәтінді жаттап ал.
4. Жаттаған мәтінді іштей қайтала. Сөздерді және тыныс белгілерін ойша «оқы».
5. Жазу барысында сөздердің мағынасын ғана емес, олардың жазылуын да есте сақтауға тырыс.

ЕТІСТІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІНЕН V-VI СЫНЫПТАРДА ӨТКЕНДІ ЕСКЕ ТҮСІРУ, ҚАЙТАЛАУ

Етістікті еске түсіру үшін сұрақтар: 1. Етістік мағынасы жағынан нені білдіреді? 2. Етістік қандай сұрақтарға жауап береді? 3. Етістік түбірінің қандай ерекшелігі бар? 4. Етістік тудыратын қандай жұрнақтарды білесіңдер? 5. Етістіктің сабақты және салт болып бөлінуі неге байланысты? 6. Болымсыз етістік қалай жасалады? 7. Етіс нені білдіреді? 8. Етістің қандай түрлері бар? 9. Етістердің сабақты және салт етістікке қатысы қандай? 10. Бір түбір етістікке бірнеше етіс жұрнағы жалғануының мәні қандай? 11. Есімшенің ерекшелігі неде? 12. Көсемшенің қандай ерекшелігі бар? 13. Есімше мен көсемшенің ұқсастығы мен айырмашылығы қандай? 14. Есімше қалай жасалады? 15. Көсемше қалай жасалады? 16. Есімшенің септелуі, тәуелденуі мен жіктелуі араларында қандай айырмашылық бар? 17. Көсемшенің жіктеліп немесе күрделі етістіктің негізгі етістігі болуы мен қимылдың амалын, мақсатын білдіріп, жұмсалуы арасында қандай айырмашылық бар?

§ 19. ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Етістіктің қимыл, іс-әрекетті білдіретіндігі белгілі. Ал іс-әрекет, қимыл белгілі бір кезеңде іске асады, орындалады. Қимылдың өту кезеңі сөйлеушінің хабарлау кезімен немесе сөйлеп тұрған сәтпен айқындалады. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы деп аталады. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың мезгілі, шақтың мағынасы мынандай болуы мүмкін: 1) үнемі қайталанатын, дағдыға айналған іс-қимыл; сөйлеп тұрған кезде болып жатқан қимыл, іс-әрекет; 2) сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткен қимыл, іс-әрекет; 3) сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін болуға тиісті қимыл, іс-әрекет. Мысалы, *Өнер-білім бар жұрттар. Тастан сарай салғызды. (Ы.А.) Жазғытұры қалмайды қыстың сызы. Масатыдай құлпырар жердің жүзі. (Абай) Енді бүгін қарасам, Айналам бақыт кең жатыр. Бірімен-бірі туысқан. Қол ұстасқан ел жатыр* (Жамбыл).

Бұл сөйлемдегі *салғызды, қалмайды, құлпырар, жатыр* деген етістіктері мезгіл (шақ) мағынасын білдіруі жағынан бірдей емес. *Салғызды* деген *салғызу* қимылының сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткенін білдірсе, *қалмайды, құлпырар* етістіктері *қалмау, құлпыру* қимылдарының әлі болмағанын, сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын, ал *жатыр* етістігі бұл қимылдың сөйлеп тұрған сәтте болып отырғанын білдіріп тұр.

Етістіктің шақтары есімше, көсемше тұлғалары мен етістік түбіріне **-ды, -ді, -ты, -ті, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Шақтық мағына осы тұлғалар арқылы дара етістікте де (*бар-ып-ты, бар-ар*), күрделі етістікте де (*келіп отыр, келіп кеткен, келіп кетпек*) беріліп отырады.

Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі болады. Соған сәйкес етістіктің шақтары да үш түрге бөлінеді. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты, яғни сол сәтте болып жатқан қимылды осы шақ, әлі болмаған, бірақ кейін болатын қимылды келер шақ, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды өткен шақ білдіреді.

Шақтық мағынаны білдіретін етістік, көбінесе, жіктеліп келеді де, сол арқылы жақтық мағына береді. Жіктік жалғау шақ көрсеткіштерінен (есімше, көсемше және арнайы шақ жұрнақтарынан) кейін жалғанады: *оқы-ған-мын, оқы-р-сың, бар-ып-ты, бар-ды-м, бар-мақ-сың* т.б.

Жіктік жалғау күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістікке жалғанады: *сөйлеп отыр-ған-сың, сөйлеп отыр-ар-мын.*

76-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, ондағы етістіктердің қай шақта тұрғандығын айтыңдар.

Сары атаның да өз есебі бар. Бір үйдің маңдайына біткен жалғыз түйесі. Бота күнінен басына үкі тағып бұлғақтатып өсірді. Тұзды да басқа үйлердің түйесінен, өзі қатарлы ботасынан артық жалады. Бота күнінде ойнап үйдің еркесі – Ермекті тізесімен қағып жіберіп, төсіне баспақ болғанда да бұған ешкім бір таяқ салған жоқ. Тентектерге берілетін сыбаға бұған тимеді... Қыл бұрау салмады. Ермек екі күн ессіз жатып басын көтерді. Сонда үлкен үйдегі Дәркен әже «Ермектен үш айналдырып сойып тастапты, жәукен алғырды» деп ұрсып еді, сондағы қорыққаны әлі есінен кетпейді. Ол кезде оны союға болмайтын еді ғой. Көкбақайдай тырбиған ботаның сор татыған боршасына кім құштар болып тұр. Онсыз да үлкен үйде сойылып жататын қойдың етіне тойған ерсілер қымыздың желігімен пышақ жұмсамаса, ботаның сірнесін не қылсын. Дегенмен сол күні адуын шеше айтқанынан қайтпай қойып, бұл кірерге көр таппай қазықта тұрып боздай берді, тіпті шын жылап, екі көзінен жасы да парлап кетіп еді. (*Б. Қыдырбекұлы.*)

77-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңдар да мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтіндегі етістіктердің қай шақта тұрғандығын айтыңдар.

САҚЫП

Сақып деген бір жақсы кісі мал жинамай жүріп, ақырында әл кеткенде қатты кедейшілік тартып, бір күні етігі болмаған соң жалаң аяқ далада жүргенінде, аяқтарын тас жыртып ренжіңкірепті. Сөйтіп келе жатып, екі аяғы жоқ ағаш балдақпен жүрген бір тіленшіге жолықты. Мұны көріп, Сақып аһ ұрып айтты дейді:

– Әй, құдайым, ренжігеніме тоба қылдым, шүкір саған – менің жүруге аяғымды аман сақтағанына, мынау балдақты бишараға жаңадан аяқ табылса, жалаң аяқ та болса жүріп жүруді дүниенің бір қызығы деп білер еді-ау, – деді дейді.

(*Ы. Алтынсарин*)



78-жаттығу. Өлеңді оқып, етістіктерді тауып, қай шақты білдіріп тұрғанын айтыңдар.

Үлгі: **келді** – өткен шақ. **Жайнаған** – өткен шақ, **-ған** есімшенің жұрнағы арқылы жасалған.

ЖАЗ

Жадырап келді жайлы, жайнаған жаз,
Еңбекпен өмір қызып қайнаған жаз.
Тәтті үнмен гүлстанның бақшасынан
Жыл құсы – тоты, бұлбұл сайраған жаз.
Құрақты, айнадай көл, тұнық суды
Қаз, үйрек, аққу жүзіп жайлаған жаз.
Күндіз, түн ұлы еңбек, қызу істе
Кәрі, жас тамашаңа тоймаған жаз.
Нұрынды сеп әлемге жарқыра, жаз!
Алтындай кір шалмаған жалтыра, жаз!

(*Н. Байганин*)

§ 20. ОСЫ ШАҚ

Осы шақ болатын етістіктердің мағыналық белгілері:

1. Сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. 2. Әрдайым болып тұрған дағдылы іс-әрекетті білдіреді.

Мысалы:

1. *Трактор жер жыртып жүр. Нұрлан хат жазып отыр. Мал өрісте жатыр.* Осы сөйлемдегі *жыртып жүр, жазып отыр, жатыр* етістіктері – сөйлеп тұрған сәттегі қимылдар.

2. *Трактор жер жыртады. Нұрлан хат жазып тұрады. Мал өрісте жатады.* Бұл сөйлемдердегі *жыртады, жазып тұрады, жатады* етістіктері – қалыптасқан, болып тұрған дағдылы іс-әрекеттер.

Міне, осылай, етістіктің осы шағы істің дағдылы түрде болып тұрғанын және сөйлеп тұрған кезде істеліп жатқанын білдіреді.

79-жаттығу. Оқып шығып, мәтіндегі етістіктердің қай шақты білдіріп тұрғанын көрсетіндер, осы шақты білдіріп тұрған етістіктердің тұлғасына назар аударындар.

Төменгі Сарытаутұқымды мекен етіп келген Балташтың кәсібі – киіз үйдің үй ағашын жону еді. Оның ұжымшарға барғысы келмей, кежегесі кейін тартты да тұрды. Тіпті жанында туған туысқандарынан да ешкім қалмай, тегіс ұжымшарға көшіп кетсе де, оның барғысы келмеді. Осылай жалғыз үй жүріп-ақ күнелтемін ғой деп топшылады ол. Бірақ Балташ пен оның зайыбы Ұмтылғанның ойы бір жерден шықпады.

Таңертең Балташ белін буынып, жеңін сыбанып асыға басып тағы да ешкіталдан ұйағаш кесуге тоғайға кетіп қалды. Үйде жалғыз қалған Ұмтылған бірер сағат үй ішіндегі күйбең-күйбең жұмысты аяқтаған соң, іші пысып отыра алмады. Ара-тұра әңгімелесіп, сыр шертісетін абысын-ажынның бәрі ұжымшарға кетті. Істеуге жұмысы жоқ, сап-сау адамға күннің батуы қандай қиын болады десеңізші. (*Б. Қыдырбекұлы*)

80-жаттығу. Оқып шығып, мәтіндегі етістіктердің қай шақты білдіріп тұрғанын көрсетіндер.

МАЙЛЫҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫ

Майлықожа – Шымкент облысы, Сарыағаш ауданында 1835 жылы туып, алпыс үш жасқа келгенде 1898 жылы Арыс ауданында дүние салған. Әкесі Сұлтанқожадан он төрт жасында жетім қалып, Майлықожа жоқшылық-мұқтаждықты көп көреді. Бірақ талапты жас өлең өнерін ерте машық ете бастайды. Бай адамның қызы Хананы Майлықожа алып қашады да, кейінірек өз еліне тұрақтай алмай Бұхара жаққа өтіп кетеді. Бұхарадан қайтып оралған соң, ақын өзінің біраз өлеңдерін шығарады. Майлықожа бұл шығармаларында Қоқан хандығына қарсы күрескен ерлердің ерлігін, аштық жылдардағы қазақ шаруашылығының күйзелісін, би-болыстардың жемқорлығын, махаббат бостандығын, жалпы адам мінездерін түзетуді, еңбекке, елге деген шексіз сүйіспеншілікті, егіншілік кәсіпті жырлайды. Ақынның бұл шығармаларында терең ойшылдық пен өткір сықақшылдық та айқын көрініп отырады.

(«Әдебиет» оқулығынан)



81-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, осы шақты білдіріп тұрған етістіктердің тұлғасына назар аударындар.

1. Ол ғана емес, мына тұста Базаралы Оралбайын ойлап қалғандай. 2. Біраз уақыт басын төмен салып, сөніп, сынып қалды. 3. Осы кезде домбыраны Мұқа алды да, үй ішін тегіс елең еткізіп, сергіткендей боп, шырқап кетті. 4. Ерекше таза, күшті, мөлдір үн анық әнші өнері келе жатқанын паш етіп тұр. 5. Ол биік бастау соңынан әсемдетіп тұрып Абай өлеңі «Айттым сәлем, қаламқасты» созады. 6. Сөз Базаралы көңлін жаңағы кейістен алаң етерлік анық ынтық, ынтызар сөзі. 7. Жалынды назға толы. 8. Әнші үш қайырмасын айтып тоқтайын деп еді, Базаралы тоқтаттырмады. («Абай жолы»)

§ 21. ОСЫ ШАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Осы шақ мағынасы мен жасалуына қарай **нақ осы шақ** және **ауыспалы осы шақ** болып екіге бөлінеді.

1. Нақ осы шақ

Нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақ етістіктің құрамына қарай жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді.

а) Нақ осы шақтың жалаң түрі *отыр, тұр, жатыр, жүр* деген етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады. Бұл төрт етістік **қалып етістіктері** деп аталады. Қалып етістіктеріне жіктік жалғауы тікелей жалғанып есімдерше жіктеледі.

Қалып етістіктерінің жіктелу үлгісі

	Жақ	Отыр	Тұр	Жүр	Жатыр
Көпше Жекеше	I	<i>Отырмын</i>	<i>Тұрмын</i>	<i>Жүрмін</i>	<i>Жатырмын</i>
	II	<i>Отырсың</i>	<i>Тұрсың</i>	<i>Жүрсің</i>	<i>Жатырсың</i>
		<i>Отырсыз</i>	<i>Тұрсыз</i>	<i>Жүрсіз</i>	<i>Жатырсыз</i>
	III	<i>Отыр</i>	<i>Тұр</i>	<i>Жүр</i>	<i>Жатыр</i>
	I	<i>Отырмыз</i>	<i>Тұрмыз</i>	<i>Жүрміз</i>	<i>Жатырмыз</i>
		<i>Отырсыңдар</i>	<i>Тұрсыңдар</i>	<i>Жүрсіңдер</i>	<i>Жатырсыңдар</i>
		<i>Отырсыздар</i>	<i>Тұрсыздар</i>	<i>Жүрсіздер</i>	<i>Жатырсыздар</i>
	III	<i>Отыр —</i>	<i>Тұр —</i>	<i>Жүр —</i>	<i>Жатыр —</i>

Отыр, тұр, жүр, жатыр деген қалып етістіктері III жақта жіктік жалғауынсыз жұмсалады. Бұнда да есімдер (мысалы, зат есім, сын есім, сан есім) сияқты III жақта жіктік жалғауы болмайды. Қалып етістіктерінің үшеуі (*отыр, тұр, жүр*) екі түрлі мағынада жұмсалады: 1) II жақ жіктеу есімдігімен (*сен*) тіркесіп, II жақ бұйрық мағынасын білдіреді: *сен отыр, сен тұр, сен жүр*; 2) III жақ жіктеу есімдігімен тіркесіп, III жақта жұмсалып, осы шақ мағынасын білдіреді: *ол отыр, ол тұр, ол жүр*. Ал *жатыр* етістігі II жақ

бұйрық мағынасында *жат* (*сен жат*) түрінде, III жақта жіктелгенде, *жатыр* (*ол жатыр*) түрінде қолданылады.

ә) Нақ осы шақтың күрделі түрі негізгі етістіктің **-ып, -іп, -п және -а, -е, -й** тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәніндегі тіркесінен жасалады. Бұл нақ осы шақ күрделі етістіктен жасалатындықтан, оның күрделі түрі деп танылады. Күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістіктер (*отыр, тұр, жүр, жатыр*) жіктеліп жұмсалады. Мысалы: *Мен оқып отырмын. Сен ойнап жүрсің. Оқушы кітап оқып тұр.*

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>Оқып отырмын</i>	<i>Оқып отырмыз</i>
II	<i>Оқып отырсың</i>	<i>Оқып отырсыңдар</i>
	<i>Оқып отырсыз</i>	<i>Оқып отырсыздар</i>
III	<i>Оқып отыр —</i>	<i>Оқып отыр —</i>

82-жаттығу. Оқып шығып, нақ осы шақты білдіріп тұрған етістіктерді табындар. Қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: **отырып тұр** – негізгі етістік пен **тұр** деген көмекші етістіктің тіркесуінен жасалған.

ЕР АНА

Қалың орманның өрт шалған тұстары түскен тістің орнындай кетіліп, қап-қара болып опырайып тұр. Әр жерде намазға жиналғандай топ құзғындар отыр, қуанғаннан құйрығына дейін қыпық қағып сауысқандар жүр. Ерсілі-қарсылы көсіле құлаған ақ теректердің күміс жапырақтары әлі дір қағып жатыр. Көрінген бұтаны бой таса жасап, қалаға қарай жалғыз әйел келе жатқан ана еді ол. Жауған оқты елемей, өлім қаупін ескермей келе жатқан ана еді ол. Өмір үшін сынға түссе, ана жүрегі бұлк еткен бе! Әйел бұршақтай бораған оқ астына қарай келе жатыр. Бұл – аңыраған ана Наталья.

(*Ф. Мүсірепов.*)

83-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, нақ осы шақтың күрделі түрлерінің астын сызындар, қалай жасалып тұрғанына көңіл аударындар.

1. Ашығай әрі-бері жұлқылап Шотырдың жағасын жыртып жібереді. 2. Костюмінің түймелері де үзіліп, бірінен кейін бірі жерде домалап жатыр. 3. Қызыққа батқан оқушылар дүркірей сондарынан еріп барады. 4. Кейбіреулері бір-біріне қарап жымыып қояды. 5. Баланы қуалап, бар екпінімен жүтіре жөнеліп еді, плащының етегіне шалынып етбетінен түсті. 6. Жатар бөлме де жылан жалағандай уілдеп тұр. 7. Есік жақта шалынан қалған сары тонға оранып анасы тұр. 8. Өзің қатарлылардың барлығы қыз ұзатып, келін түсіріп жатыр. 9. Келіншек байғұс, абыржып, өзі де қосылып жылап жіберуге аз-ақ қалып отыр. 10. Поезд тағы да бір айқайлап, жылдамдығын бәсеңдете бастады. (С. Бұхар.)



84-жаттығу. Нақ осы шақтың (*отыр, тұр, жүр*) жалаң түрі мен (*оқып отыр, желбіреп тұр, ұшып жүр*) деген күрделі түрлерін қатыстырып бірнеше сөйлемдер құрастырындар.

Үлгі: *Үкімет үйінің үстінде республиканың туы желбіреп тұр.*

2. Ауыспалы осы шақ

Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Ауыспалы осы шақ **-а, -е, -й** тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Мен кел+ е+мін. Сен ойна+й+сың. Ол бар+a+ды.*

Ауыспалы осы шақ тұлғасы (яғни көсемше түрінің жіктелген түрі) сөйлемде екі түрлі мәнде қолданылады: бірде дағдылы қимылды білдіріп, осы шақ мағынасын берсе, енді бірде алда болатын қимылды білдіріп, келер шақ мағынасын береді. Сондықтан да осы шақтың бұл тұлғасы **ауыспалы** деп аталады.

Ауыспалы осы шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>айтамын, келемін, сөйлеймін.</i>	<i>айтамыз, келеміз, сөйлейміз.</i>
II	<i>айтасың, келесің, сөйлейсің. айтасыз, келесіз, сөйлейсіз.</i>	<i>айтасыңдар, келесіңдер, сөйлейсіңдер. айтасыздар, келесіздер, сөйлейсіздер.</i>
III	<i>айтады, келеді, сөйлейді.</i>	<i>айтады, келеді, сөйлейді.</i>

85-жаттығу. Көшіріп, ауыспалы осы шақты білдіріп тұрған етістіктердің астын сызындар.

1. Шешеме қосылып, мен де егіле жылап отырмын.
 2. Қайта әңгімесін сабақтап, кейде күрсініп те алады.
 3. Сонда ғана таң қылаңдап, торғай әуендері еміс-еміс құлаққа жәйлі тие бастады.
 4. Айнала жым-жырт, оқта-текте ауыл төбет иттерінің үрген даусы ғана естіледі.
 5. – Е шырақтарым, мені не көрмеді дейсіңдер.
 7. Үнемі самарқау жүріп, немқұрайды қарайды.
 8. Бұрынғы шын демеу тұтар, сүйсінген бейлін де аңғармағандаймын.
 9. – Міне, қалқам. Он бес, жиырма жылдай сүттей ұйып жүрдік те, соңғы жылдары арамыз суи бастады.
 10. Аса бір сабырлылықпен ғана қимылдап, маңғаздана, наздана жүреді. (*Қ. Сейдан.*)

86-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, нақ осы шақ етістікті бір бөлек, ауыспалы осы шақ етістікті бір бөлек жазындар.

Үлгі: нақ осы шақ: *әкетіп жатыр, ...*
 ауыспалы осы шақ: *елестейді, ...*

Есік алдындағы бақтан алма иісін жел аңқытып әлдеқайда әкетіп жатыр. Бұтақтарын майыстыра жемісін жел лебіне ұстағандай, алма ағаштары аса бір әсемдікпен иіліп тұр. Атасының ана жылғы айтқан сөзі, ата бейнесі Жұмақанның көз алдына елестейді.

Ол Артектен қайтқалы ойлы мінездер көрсете бастады. Күнделікті уақытын жақсы пайдаланады. Бұрынғыдай емес, тәртіппен ғана ойнайды. Атасы еккен ағаштарды мәпелеп күтеді. (С. Бегалин)



87-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, ауыспалы осы шақты тауып, оны нақ осы шаққа айналдырып көріңдер.

Үлгі: барады – *бара жатыр*, ...

1. Өне бойы лаулап барады. 2. Көз алды көк ала түтінденіп, тынысы бітіп барады. Алқынды. Әлдекімдерді көмекке шақырады. Бірақ жағы қарысып қалғандай, ашылмайды. 3. Сырп-сырп басып көше тазалап келеді. 4. Көз алдында тұрады да қояды. 5. Тек бір уақыттарда, сырттағы тарс жабық терезе жақтауының арасынан сұп-суық көгілдір жарық сығалағанда ғана тықыр-тықыр, тысыр-тысыр, сусыл-сусыл дыбыс шығады. 6. Бұрын қара жерді аузына сап кеміріп жатқан алапат аждаһаның дыбысындай үрейлі естілетін сол бір үн құлағына қазір майдай жағады. 7. Үй іргесіндегі арықта су сылдырайды. 8. Сыртта тек терек жапырақтары сыбдырласады. 9. Кейде ол тіпті өзінің де сыбысы өшіп қалған жоқ па деп қорқады. 10. Ондайда төңбекшіп бір аударылып жатады да қояды. (Ә. Әбішев)

§ 22. КЕЛЕР ШАҚ

Келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын білдіреді. Мысалы: *Ол мектепке ерте бармақ. Сендер үйге келерсіңдер.*

Бұл сөйлемдердегі *бармақ, келерсіңдер* деген етістіктер *бару, келу* қимылдарының әлі болмағанын, бірақ келешекте болатынын білдіріп тұр.

88-жаттығу. Оқып шығып, осы шақ, келер шақ мәніндегі етістіктерді теріп жазыңдар.

Үлгі: қалып барады – *осы шақ*; ұмытады – *келер шақ*.

1. Баяғы буы бұрқырап тұратын жылы төсек те қалқа болудан қалып барады. 2. Әңгіме айтқанда дүниені түгел ұмытады екен. 3. Айналадан состиә төнген сұп-сұр қабырғаларға беттей алмай, пешке мандайын тосып отырады. 4. Көзімен ата қарап, арс ете қалатын ашулы иттен жұрт түгілі өзі сескенеді. 5. Енді беймезгіл ешкім есік қақпайды. 6. Кірсе-шықса көлдей шынының алдынан шықпайды. 7. Үйдің бұрыш-бұрышынан бастап қарауытқан қаранғылық қоюлана түседі. 8. Ол екі көзін пештен, онда жылт-жылт жанып жатқан оттан алмайды. 9. Ал, ашуланғанда бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалады. 10. Көресің, қазір де бір қыршаңқылық ойлап келеді. (Ә. Кекілбаев)

89-жаттығу. Оқып шығып, осы шақ және келер шақ мәніндегі етістіктерді теріп жазыңдар.

Жыл мезгілдері өз қалпында дөңгеленіп өтіп жатыр. Заман көріністері, тұрмыс салттары біртіндеп өзгеруде. Танабай аулында да едәуір өзгерістер болған. Екі-үш шикі қыштан салынған үйлер тұр.

Мектептегі татар қызы мұғалима мен Ғайни әйелдерді ұйымдастырушы болып істейді.

Міне, мектепте мұғалима бір топ ересек балаларға есеп үйретіп тұр. Балалардың шетінде Ғайни да мұғалиманың шығарған есебіне тесіле қарап отыр. (С. Сейфуллин)



90-жаттығу. Мәтіннен келер шақтық мәндегі сөздерді теріп жазыңдар.

Мандайдан жасаған шабуылдың зор шығынға ұшырататынын Ержан сезіп келеді. Жау оғының шеті Ержан взводының тура алдынан жарқылдайды. Ержан бөлім командиріне тура солға бұрылуға әмір етті. Жүгіріп бара жатқан солдаттар арасынан әлдебіреудің тұлғасы Ержанның назарын тарта берді. Оның қимылында өзге жауынгерлерге ұқсамайтын бір сыпайы қозғалыс байқалады. (Т. Ахтанов)

§ 23. КЕЛЕР ШАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Келер шақ мағынасы мен жасалуына қарай болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ болып үшке бөлінеді.

1. Болжалды келер шақ

Болжалды келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін айқын көрсетпей, болжай ғана айтылады.

Болжалды келер шақ есімшенің **-ар, -ер, -р** болымсыз етістіктен кейін **-с** жұрнағы арқылы жасалады да, ол етістік үш жақтың бірінде жіктеліп жұмсалады. Мысалы: *Біз бар-ар-мыз. Сен оқы-р-сың. Сіздер кел-мес-сіздер.*

Ескерту: Болжалды келер шақ **-с** жұрнағы арқылы болымсыз етістіктен жасалғанда, қимыл, іс-әрекеттің болмауын болжай, күмән келтіре айтудан, білдіруден гөрі жігерлі, үзілді-кесілді мән беруге бейім болады: *бар-ма-с-пын, кел-ме-с-пін*. Кейде I жақ жіктік жалғауы **-пын, -пін** ықшамдалып **-н** түрінде ғана жұмсалады. Мысалы: *бар+ма+с+пын – бар+ма+н, сөйле+ме+с+пін – сөйле+ме+н* болып та қолданыла береді. Мұндай тұлғалы етістіктер поэзияда жиі кездеседі: *Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап. (Абай)*

Жақ	Жекеше	Көпше
I	бар-ар-мын, кел-ме-с-пін	бар-ар-мыз, кел-ме-с-піз
II	бар-ар-сың, кел-ме-с-сің	бар-ар-сыңдар, кел-ме-с-сіндер
	бар-ар-мыз, кел-ме-с-сіз	бар-ар-сыздар, кел-ме-с-сіздер.
III	бар-ар-, кел-ме-с -	бар-ар-, кел-ме-с-

91-жаттығу. Оқып шығып, болжалды келер шақты білдіріп тұрған етістіктерді тауып, қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: жетер – есімшенің – **ер** жұрнағы арқылы жасалған.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

1. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.
2. Ексең егін, ішерсің тегін.
3. Ерлік пен бірлік жеңіске жеткізер.
4. Тозбас жасау болмас,
Бас білмес асау болмас.
5. Семіздікті қой көтерер.



92-жаттығу. Оқып шығып, мәтіннен есімше мен көсемше тұлғалы етістіктерді тауып, мағынасы мен қызметін ауызша түсіндіріңдер. Ойынды үйреніп алыңдар.

АҚСҮЙЕК

Ай сүттей жарық түндерде, жаздыгүні қыз балалар мен ер балалар араласып ойнай береді. Мал келіп, қораланып болғаннан кейін күзет түрінде ауыл шетінде ойын басталады. Ойынға ертеде ірі қараның жілігі пайдаланылған. Күн көзінде ұзақ жатқан жіліктің қурап, ақ сөңке болатыны белгілі. Ол кез келген жерден ұшырайды. Соған орай ойын да «Ақсүйек» аталған.

Жиналғандар екі топқа бөлінеді. Бастаушы ақсүйекті әуелетіп лақтырады. Басқалар ай сәулесіне шағылыса жарқылдаған ақсүйектен көз алмай, қай шамаға түсетінін бақылайды. Ақсүйек жерге түскен соң, бастаушы: «Ал іздендер!» – деп бұйырады. Бәрі іздейді. Ақсүйекті тапқан: «Мен таптым!» – деп айқайлайды да, ақсүйекті жоғары көтереді. Содан соң сөреге қарай жүгіре жөнеледі. Қарсыластары оны ұстап алуға тиіс. Ұсталып қалса, ақсүйекті соған береді. Ол әрі қарай жүгіреді. Сөйтіп ақсүйекті қай топтың ойыншысы сөреге жеткізсе, сол топ жеңеді. Қарсы топтағылар жеңілген есебінде ән салып береді, күй тартады. т.б. өнер көрсетеді. Ойын кезінде басқа сүйекті пайдалануға болмайды. («Қазақ әдебиеті» газетінен)

2. Мақсатты келер шақ

Мақсатты келер шақ қимылдың іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.

Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы үстелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Мен ауылға бар-мақ-пын. Сіз ерте кет-пек-сіз.*

Етістіктің **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнағының үстіне **-шы, -ші** жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы үстелуі (жіктелуі) арқылы да мақсатты келер шақ жасалады. Мысалы: *Мен ауылға бар-мақ-шы-мын. Сен ерте кет-пек-ші-сің.*

Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** және **-шы, -ші** тұлғалы негізгі етістікке **емес** деген көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Ондайда жіктік жалғауы **емес** деген көмекші етістігіне жалғанады. Мысалы: *кел-мекші емес-пін, бар-мақ емес-сің.*

Мақсатты келер шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>бармақпын, бармақшымын</i>	<i>бармақпыз, бармақшымыз</i>
II	<i>бармақсың, бармақшысың</i> <i>бармақсыз, бармақшысыз</i>	<i>бармақсыңдар, бармақшысыңдар</i> <i>бармақсыздар, бармақшысыздар</i>
III	<i>бармақ –, бармақшы –</i>	<i>бармақ –, бармақшы –</i>

93-жаттығу. Оқып шығып, мақсатты келер шақты тауып, қалай жасалғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: үйренбек – бек жұрнағы арқылы жасалған.

1. Егер де мал керек болса, қол өнер үйренбек керек. Өнерсіздердің ісі қулық саумақ, көз сүзіп тіленіп, адам саумақ.

Естіген нәрсені ұмытпас үшін әуелі — көкірегі байлаулы берік болмақ керек. (*Абай*)

2. Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,

Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.

3. Құстар ұяларын тастап, қыс болмайтын жылы жаққа кетпекші. (Ш. Мұр.)

4. Анасы қайтқанша, Сейтен әдебиет үйірмесінде оқылатын шығармаға желі тартып қоймақ. (С. Баязитов)



94-жаттығу. Берілген етістіктерден мақсатты келер шақ жасап, жіктеп, әрқайсысына сөйлем құрандар.

Үлгі: Шаш – *шашпақ*; Мақсатым – *тіл ұстартып, өнер шашпақ*. (Абай)

Шаш. Оқы. Сөйле. Қайт.

3. Ауыспалы келер шақ

Ауыспалы келер шақ та ауыспалы осы шақ сияқты **-а, -е, -й** жұрнақты көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Сондықтан ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақ бір-бірінен сөйлемдегі мағынасы жағынан ажыратылады. Мысалы: *Ол нағашысының қолында тұрады. Келемін тау ішінде түнделетін* деген сөйлемдердегі *тұрады, келемін* етістіктері ауыспалы осы шақ мағынасын білдіріп тұр. *Ол ертең тұрады. Ауылға мен кешке келемін* деген сөйлемдердегі *тұрады, келемін* етістіктері ауыспалы келер шақ мағынасын беріп тұр.

Ауыспалы келер шақтың ауыспалы осы шақтан айырмашылығы сөйлемде мезгіл мәнін білдіретін басқа сөзден де байқалып отырады. Жоғарыдағы мысалда *ертең* және *кешке* сөздері осындай мән беріп қызмет атқарып тұр.

Мына мысалдарды салыстырып көріңдер.

ОСЫ ШАҚ

Ол мектепте оқиды.
Бұл жерде ағаш өседі.
Мен ылғи ерте тұрамын.
Ол өлең жазады.

КЕЛЕР ШАҚ

Ол сабағын кешке оқиды.
Ағаш бұл жерде күтсе ғана өседі.
Мен ертең ерте тұрамын.
Өленді ол есейгенде жазады.

Ескерту: Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақта I жақ жіктік жалғауы (-мын, -мін) кейде ықшамдалып, -м түрінде жалғанады: *айт + а + мын – айт + а + м, кел + е + мін – кел + е + м*. Бірінші жақтың мұндай ықшамдалып қолданылуы көбіне ауызекі сөйлеу тіліне тән.

95-жаттығу. Көшіріп, келер шақты білдіріп тұрған етістіктердің астын сызындар, келер шақтың қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.

– Сен осы арада тоқтай тұр. Мен үйге кіріп, жағдайды білейін. Екеуміздің бірдей кіруімізге болмайды, – дедім.

– Ол дұрыс қой. Бірақ Семен Григорьевич сені танымайды. Онда мен барайын, сен тұра тұр. Әрі ойлап, бері ойлап, үйге кірдік.

– Мына терезе ашыла ма? – деп сұрады Иван Кузьмич.

– Бұл терезе ашпалы, ашылады.

– Дайындалындар, осы терезені ашып жіберіп, қашамыз. Мен қазір терезеден үш гранат лақтырамын. Гранатты лақтырысымен, Семен Григорьевич, сіз қашыңыз, біз де сіздің соңыңыздан қалмаймыз, – деді Иван Кузьмич, гранатын оңтайланып! (*Қ. Қай.*)

96-жаттығу. *Баяндаймын, баяндамақпын, баяндармын* деген сөздерді жекеше, көпше жіктендер.



97-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар да, етістіктердің қай шақты білдіріп тұрғандығын анықтаңдар. Етістіктердің тұлғаларына мән беріндер.

...Күн артынан күндер, ай артынан айлар ұрлана өтіп жатты. Сол-сол екен, Сағит жұмысынан ертерек шығуға мүмкіндік болған сәттерінің бір де бірін бекер-

ге өткізбей, Зейнеш келетін аялдамаға тезірек баруға асығатын болды. Нәтижеде Сағит Зейнешті сол аялдамада күтіп алады да, Ылғида автобуспен ілесе жүріп, жиі-жиі бірге қайтатынды шығарды. Бар шеберлігін асырып, әр түрлі қызық-қызық әңгімелер айтпақ болады, бірақ оның ретін түк те таба алмады. Ылғида Зейнеш аялдамада автобусты көбірек күтсе де, Сағит көлігіне мінбей үнемі автобуска отыра салып, сытыла тартып кетіп жүрді... (Қ. Сейданов)

§ 24. ӨТКЕН ШАҚ

Өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып, істеліп кеткенін білдіреді. Мысалы: *Ол оқуды бітірді. Мен бұл кітапты оқыдым. Ол кезде сен оннан асқансың. Шалдың бір баласы болыпты. Демалыста оқушылар қалаға баратын.*

Берілген мысалдағы *бітірді, оқыдым, асқансың, болыпты, баратын* деген етістіктер *бітіру, оқу, асу, болу, бару* қимылдарының (іс-әрекеттерінің) болып кеткенін білдіріп, өткен шақ мағынасын беріп тұр.

98-жаттығу. Оқып шығып, өткен шақ мағынасын білдіріп тұрған етістіктерді табындар.

Оқушылар жазғы демалыс кезінде тауға серуенге шықты. Олар таудың етегіндегі шоқ ағашқа келіп, біраз демалып отырды. Осы кезде Мұқан мен Кәкімтай ағаш үшін аралап кетіп еді. Екеуі сәл ілгері жүгіріп келе жатып, бір мөлдір бұлақтың үстінен шықты.

Екі бала бұлақтың бойын қуалай жоғары өрледі. Көп ұзамай-ақ олар бұлақтың көзін тапты. Екеуі судың дәмін қайта-қайта татып, тамсана түсіп, біраз отырды. Бұлақтың басында серуенде жүрген балалар түгел жиналды. Судың дәмін бәрі де татып көріп, түрлі-түрлі пікірлер айтты.

Оның суы асқазан ауруын емдейтін аса қадірлі, шипалы су болып шықты. Бұл суды ішіп, талай адам жазылды. Олар әр уақытта сол бұлақты тапқан оқушыларды құрметпен еске алатын болды. (Н. Фаб.)



99-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, мазмұнына мән беріңдер. Өткен шақты білдіріп тұрған етістіктердің астын сызыңдар.

ЗЕРЕКТІК

Англия жұртында Броун деген білімді ұста судың үстіне бір қолайлы көпір салуға жүріп, қалайша салсам қолайлы, нық болар екен деп ойға қалып келе жатса, жолдың үстіне кесе тартқан өрмекшінің өрмегіне көзі түсті. Мұны көріп Броун тоқтай қалып ойланды: «Бұл өрмекші мынау жол арқылы көпір салыпты, астында тіреуі жоқ, осындай көпір қолайлы болар еді», – деп. Сонымен, келді де, су үстіне екі ұзын шынжыр тартып, ортасына тақтай салып, екі жақ басын құрғақ жерден биік, нық бағаналарға бекітіп, көпір істеді. Шынжырдан көпір салу содан қалған үлгі екен. (Ы. Алтынсарин)

§ 25. ӨТКЕН ШАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Өткен шақ мағынасы мен жасалуына қарай *жедел өткен шақ*, *бұрынғы өткен шақ* және *ауыспалы өткен шақ* болып үшке бөлінеді.

1. Жедел өткен шақ

Жедел өткен шақ, әдетте, қимылдың, іс-әрекеттің таяу шақта болғанын, орындалғанын білдіреді.

Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ті* жұрнағы қосылу арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады. Мысалы: *Асан домбыра тарт-ты*, мен өлең айт-*ты-м*. Сен үйге келме-*ді-ң*.

Жедел өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>келдім, айттым, алмадым;</i>	<i>келдік, айттық, алмадық;</i>
II	<i>келдің, айттың, алмадың; келдіңіз, айттыңыз, алмадыңыз;</i>	<i>келіңдер, айттыңдар, алмадыңдар; келдіңіздер, айттыңыздар, алмадыңыздар;</i>
III	<i>келді –, айтты –, алмады –</i>	<i>келді –, айтты –, алмады –</i>

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақта	<i>-м;</i>	<i>-і, -к;</i>
II жақта	<i>-ң (анайы түрі); -ңыз, -ңіз (сыпайы түрі);</i>	<i>-ңдар, -ңдер (анайы түрі); -ңыздар, -ңіздер (сыпайы түрі);</i>
III жақта	<i>(жалғау жоқ)</i>	<i>(жалғау жоқ)</i>

Жедел өткен шақтың жұрнағы (**-ды, -ді, -ты, -ті**) мен III жақтың жіктік жалғауын (**-ды, -ді, -ты, -ті**) шатастырмау керек. Бұл қосымшалардың тұлғасы, дыбысталуы бірдей болғанмен, мағынасы, қызметі басқа-басқа. III жақ жіктік жалғауы шақ мағынасын білдірмейді, ал жедел өткен шақ жұрнағы жақ мағынасын білдірмейді. Мысалы, *барып-ты, бара-ды* деген сөздерде соңғы **-ты, -ды** жалғаулары шақ (жедел өткен шақ) мағынасын беріп тұрған жоқ, қимылдың III жақ (ол) арқылы болатынын білдіріп тұр. Бұл сөздердегі шақтық мағына ол жалғаудың алдында тұрған **-ып, -а** тәрізді көсемше жұрнақтары арқылы берілген. Керісінше *барды* дегенде *-ды* жұрнағы шақ мағынасын (жедел өткен шақта) беріп тұр да, III жақ мағынасын білдіріп тұрған жоқ. Өйткені I және II жақтарда (*бар-ды-м, бар-ды-қ, бар-ды-ң, бар-ды-ңыз, бар-ды-ңдар, бар-ды-ңыздар*) да (жедел өткен шақ) қосымшасы (**-ды**) сақталады, III жақта арнайы жалғауы жоқ.

III жақтың жіктік жалғауы тек көсемшенің **-ып, -іп, -п** және **-а, -е, -й** жұрнағынан кейін ғана жалғанады: *кел-іп-ті, қара-п-ты, кел-е-ді, қара-й-ды*. Ал жедел

өткен шақ жұрнағы етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне және етіс, болымсыз етістік тұлғаларына тікелей жалғанады.

100-жаттығу. Оқып шығып, жедел өткен шақты білдіріп тұрған етістіктерді табындар, қалай жасалғанын түсіндіріндер.

Үлгі: берекем қашты – *жедел өткен шақ, -ты жұрнағы арқылы жасалған.*

I. Кешікпей берекем қашты. Жүрісім өнбей қойды, арқам да су болып кетті. Судан шыққан балықты тіземін деп, саусақтарым да үсіп кетті, үрлеген сайын удай ашып, жанымды шығарды.

Папам жалма-жан бір шоғыр қамысты уыстап алып, балық тізбегін соған байлады. Үстін тасалап тастады. Содан кейін менің белбеуімді дұрыстап буындырды, қолымды уқалап жылытты, беліне қыстырған тері биялайын берді.

– Ана қырмен жүгіріп жылынып ал! – деп бетімнен сүйді де, өзі түбекке қарай кетті. (*Х. Есен.*)

101-жаттығу. Берілген етістіктерден жедел өткен шақ жасап, жіктеп, әрқайсысына сөйлем құраңдар.

Үлгі: бар – *бардым, бардың, бардыңыз, барды.*

Жартасқа бардым. Күнде айғай салдым, Одан да шықты жаңғырық. (Абай)

Бар. Ойна. Жүгір. Жарыс. Сөйле.



102-жаттығу. Өлеңді оқып шығып, жедел өткен шақты білдіріп тұрған етістіктерді теріп жазыңдар.

Үлгі: *жауды...*

ӘЛИ БАТЫР

1. Халыққа қардан суық қайғы жауды.
Қара бұлт алды торлап Алатауды.
Үрпип, үрейленіп, үріккен жұрт

- Қонысын тастап көшіп, бетіне ауды.
 Қордайдан Әли шықты ат ойнатып,
 Жалынды жас жүректен кек қайнатып.
2. Шақырған жандаралдан хабар келді,
 Би, болыс, ауылнайлар сонда жүрді.
 Арасын он тоғыз бен отыз бірдің
 Тізімдеп береміз деп, басты мөрді.
 3. Соңынан ерді елдің бозбаласы,
 Жауынан кек алуға оқ боратып...
 (К. Әзербает)

2. Бұрынғы өткен шақ

Бұрынғы өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда әлдеқайда бұрын болғандығын білдіреді. Мысалы: *Сен мектепті бітіргенсің. Ол ауылға барыпты.* Бұрынғы өткен шақ екі түрлі жолмен жасалады.

а) Бұрынғы өткен шақ **-ып, -іп, -п** тұлғалы көсемшенің жіктеліп келуінен жасалады: (мен) *бар-ып-пын*, (сен) *кел-іп-сің*, (ол) *айт-ып-ты*.

ә) Бұрынғы өткен шақ **-ған, -ген, -қан, -кен** тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады: (мен) *бар-ған-мын*, (сен) *кел-ген-сің*, (ол) *айт-қан*.

Бұрынғы өткен шақтың жіктелу үлгілері

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>айтыппын, келіппін;</i>	<i>айтыппыз, келіппіз;</i>
II	<i>айтыпсың, келіпсің; айтыпсыз, келіпсіз;</i>	<i>айтыпсыңдар, келіпсіңдер; айтыпсыздар, келіпсіздер;</i>
III	<i>айтыпты, келіпті.</i>	<i>айтыпты, келіпті.</i>
I	<i>айтқанмын, келгенмін;</i>	<i>айтқанбыз, келгенбіз;</i>
II	<i>айтқансың, келгенсің; айтқансыз, келгенсіз;</i>	<i>айтқансыңдар, келгенсіңдер; айтқансыздар, келгенсіздер;</i>
III	<i>айтқан —, келген —.</i>	<i>айтқан —, келген —.</i>

Бұрынғы өткен шақ **-ған, -ген, -қан, -кен** тұлғалы есімшеге немесе **-ып, -іп, -п** тұлғалы көсемшеге **е** (*еді*)

көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады. Есімше түріне **е** көмекші етістігі *екен* түрінде де тіркеседі. Бұрынғы өткен шақтың мұндай күрделі түрінде **е** (*еді, екен*) көмекші етістігі ғана жіктеледі. Бұрынғы өткен шақтың күрделі түрінің жіктелу үлгісі:

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>оқыған едім (екенмін), оқып едім;</i>	<i>оқыған едік (екенбіз), оқып едік;</i>
II	<i>оқыған едің (екенсің), оқып едің; оқыған едіңіз (екенсіз), оқып едіңіз;</i>	<i>оқыған едіңдер (екенсіңдер), оқып едіңдер; оқыған едіңіздер (екенсіздер), оқып едіңіздер;</i>
III	<i>оқыған еді (екен), оқып еді.</i>	<i>оқыған еді (екен), оқып еді.</i>

Ескерту: Бұрынғы өткен шақтың есімшеден болған (мысалы, *білгемін, оқығансың*) және *еді* көмекші етістігінен құралған күрделі (мысалы, *білген едім, біліп еді*) түрлері тұжырымды, айғақты мәнді білдіреді. Ал көсемшеден болған (мысалы, *біліпін, оқығансың*) және *екен* көмекші етістігінен құралған күрделі (мысалы, *білген екенсің, білген екен*) түрлері айғақсыз мәнді білдіреді, сөйлеушінің көзі толық жетпейтіндігін байқатады. Сондықтан да бұрынғы өткен шақтың бұл түрі ертегілерде жиі кездеседі. Мысалы: *Баяғыда бір кемпір болыпты. Оның жалғыз баласы болыпты. Ол бала тентек болып өсіпті.*

103-жаттығу. Оқып шығып, бұрынғы өткен шақты білдіріп тұрған етістіктерді тауып, олар қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: *болыпты* – көсемшенің **-ып** жұрнағына III жақ жіктік жалғау **-ты** қосылу арқылы жасалған.

1. Ертеде бір кемпір болыпты. Кемпірдің жалғыз ұлы болыпты. Мал дегенде бес-алты ешкісі болыпты. Бала күнде далада ешкілерін бағып жүріпті. Бір күні ол ешкілерін жайып жүріп, алтын мүйізді киікті көріпті.

(«Күн астындағы Күнікей қыз»)

2. Кең даланың бір қойнауында, әлде тау, әлде құмда
Отарқұл деген кедейдің өмірі өтіпті.

(Қ. Әбді.)



104-жаттығу. *-ған, -ген, -қан, -кен* формалы бұрынғы өткен шақ етістіктерді табындар, оларды теріп жазындар. Жедел өткен шақпен салыстырындар. Әңгімеге ат қойындар.

I

Сағат тақсам, ойым өсер, ақылым көбейер деп ойлаған Дүйсенбі.

Желіде қасқа құлын буынған күн болатын. Көкесі құлынды босатуға жүгірген. Апасы бие сауып жүрген. Тәуекел деп керегенің басына өрмеледі. Жеңін жыртты, қарнын тырнатты. Алтын сағатты алып түсті ақыры. Мойнына асты. Демде өзгеріп шығармын деп ойлаған. Үй сыртында асты ұйық, беті тұнық су болатын. Айнасы – сол. Бара қос тізерлеп үңілген. Кенет алтын сағат мойнынан сыпырылып суға шолп етті. Ұйыққа шым батты. Зәресі ұшты. Балағын түріп суға қойып кетті, әрі жүгірді, бері жүгірді, сағат табылмады. (Д. Досж.)

II

Күз келді. Ел жайлаудан қайтып, күзекке беттеп келе жатқан. Шыңғыстың Қыдыр, Қызылшоқы, Бөрлі сияқты тауларынан адыр қатпарлары ауыл-ауылға толған. Жұрт үлкен үйлерді қоймаларға тастап, енді қоңырқай кішілеу үйлер көтеріскен. Жаз жайлайтын аттардың да бұл кездерде еттері аздап болған. Енді қыс суығына шейін қон жиып алсын деп, оларды біржола жіберген.

Құлыншақ аулы он шақты үй. Бүгін осындай Құнанбай жағынан келетін бір келісті ерекше андып күткендей. Ауыл желкесіндегі тақыр қызыл кезеңге төрт атты қатты желіп шыққанда, Құлыншақ төбе басында «бес қасқа» деген балаларының ортасында отырған (М.Ә.)

3. Ауыспалы өткен шақ

Ауыспалы өткен шақ есімшенің **-атын, -етін, -йтын, -йтін** жұрнақтары арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ мағынасында қолданылады. Сондықтан да оны ауыспалы өткен шақ деп атайды. Мысалы: *Асан ауылға жиі баратын. Сен кітапханаға қашан баратын едің?*

Бірінші сөйлемде бару қимылының болып кеткенін байқасақ, екінші сөйлемде бару қимылының әлі болмағанын, бірақ болуға тиісті екенін аңғарамыз.

Ауыспалы өткен шақ жіктеліп те, *еді* көмекші етістігімен тіркесіп келіп те (онда *еді* етістігі жіктеледі) жұмсалады. Ал ауыспалы келер шақ тікелей жіктелмейді, тек *еді* көмекші етістігімен тіркесіп қолданылады.

Ауыспалы өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	көретінмін, қарайтынмын, баратын едім;	көретінбіз, қарайтынбыз, баратын едік;
II	көретінсің, қарайтынсың, баратың едің; көретінсіз, қарайтынсыз, баратын едіңіз;	көретінсіңдер, қарайтынсыңдар, баратын едіңдер; көретінсіздер, қарайтынсыздар, баратын едіңіздер;
III	көретін –, қарайтын –, баратын еді –.	көретін –, қарайтын –, баратын еді –.

Ескерту: Есімшенің **-атын, -етін, -йтын, -йтін** түріне тіркесіп жіктеліп қолданылған *еді* көмекші етістігінен жасалған күрделі етістік бірде ауыспалы өткен шақ, бірде ауыспалы келер шақ мәнінде жұмсалады. Оның шақтық мағынасы, көбінесе, ол етістікпен тіркескен басқа сөзден айқындалып тұрады. Мысалы: *Ол ауылға жиі баратын еді. Ол ауылға бүгін (ертең) баратын еді.* Бірінші сөйлемде жиі деген сөздің арқасында бару қимылының болып кеткендігін байқаймыз (ауыспалы өткен шақ). Екінші сөйлемде *бүгін (ертең)* сөздері арқылы бару қимылының әлі болмағандығын аңғарамыз (ауыспалы келер шақ).

105-жаттығу. Оқып шығып, ауыспалы өткен шақты білдіріп тұрған етістіктерді тауып, қалай жасалғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: *тұратын* – *-атын* жұрнағы арқылы жасалған.

Қасымның үйі таудағы отарда тұратын, өзі сауырдағы мектеп-интернатта оқитын. Айына бір, кейде екі рет демалыс күндерінде үйіне барып қайтатын. Қыс түскеннен бері барған жоқ: жолды қар басып қалған, машина қатынамайды. Сарыарқаның қаһарлы қысы қыр жонында ойнақ салғалы бір жеті өткен. Екілене ызындап, үйіріле соққан ақ түтектен ат құлағы көрінбейтін. (*Ж. Жұм.*)

106-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, ауыспалы өткен шақтық сөздердің қалай жасалғандығын анықтандар.

Көкесінің төрт жыл бойы жаумен атысып жүріп, алтын сағат әкелгені рас. Шығыршық бауы сала құлаш, жиегі сап-сары, сыртылдап кеп соғатын. Көкесі ауылға барса, шынжырын төгілдіріп, төс қалтасына салып алатын. Әлсін-әлсін қолына алып, қақпағын ашып қарайтын. Жылқыға шықса, керегінің басына іліп кететін. (*Д. Досж.*)

107-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, етістіктерді шақ түрлеріне қарай талдандар.

ЕКІ СОҚА

Бір зауыттан екі соқа қатар істеліп шықты. Біреуі егіншінің қолына түсті. Егінші онымен жер жырта бастады.

Екінші соқа еш қимылсыз аулада жатты.

Арада бірнеше ай уақыт өткен соң, екі соқа кездесіп қалды. Жұмыс істеген соқа күмістей аппақ болып жалтырап тұр. Ал қимылсыз жатқан соқа тот басып, қарайып кеткен.

Тот басқан соқа жылтырап тұрған соқадан:

– Сен неге мұнша жалтырап, әдеміленіп кеткенсің? – деп сұрайды.

– Мен еңбек еттім. Еңбек кімнің де болса шырайын кіргізбей ме, – деп жауап береді анау.

(С. Көбеев)



108-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, ондағы өткен шақ етістіктердің түрлері мен жасалу жолын айтындар.

ШАЛ МЕН БАЛАЛАР

Бір жарлы шал есегіне мініп, жол жүріп келе жатса, есегінің ақырған дауысын есітіп, бір топ бала алдынан жүгіріп шығыпты. Олар шалды ажуа, мазақ еткілері келіп:

– Ата, неге сіз есегіңізді өлең айтуға үйреттіңіз? – депті.

Сонда шал балаларға:

– Есегім өлең айтпайды. Сендердей жақсы жолдасын көрген соң, қуанғаннан бақырады, – депті. (С. Көбеев)



Етістіктің шақтарын пысықтау үшін сұраулар:

1. Етістіктің шақтары дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Шақтың қандай түрлері бар және шақтың бірнеше түрге бөлінуі неге байланысты?
3. Осы шақ деген не?
4. Осы шақтың мағынасы мен жасалуында шақтың басқа түрлерінен қандай ерекшелік, айырмашылықтар бар?
5. Нақ осы шақ қалай жасалады және қалып етістіктерінің ерекшеліктері неде?
6. Ауыспалы өткен шақ пен ауыспалы келер шақтың ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?
7. Келер шақ деген не?
8. Келер шақтың қандай түрлері бар және олар қалай жасалады?
9. Өткен шақтың қандай түрлері бар және олар қалай жасалады?
10. Жекелеген шақ түрлерінің жеке стильдерде, сөйлеу тілінде, түрлерінде, мысалы, көркем әдебиетте, ауыз әдебиеттерінде, баспасөз тілінде т.б. қолданылу ерекшеліктерін сипаттаңдар.

§ 26. ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Сөйлемде етістік қимылды, іс-әрекетті, жай-күйді білдіріп қана қоймайды, сонымен бірге сол қимылдың іс-әрекеттің, жай-күйдің өтуі, айтушының я сөйлеушінің пікірлерімен, ол пікірдің ақиқат шындыққа қатысын білдірумен байланысты болып отырады. Мысалы: *Ағаш кессең, ұзын кес, қысқартуың оңай, темір кессең, қысқа кес, ұзартуың оңай. (Мақал) Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін. (А.) Жүзі жылы жандарды құшақтағым келеді. (Қ. Б.)*

Бұл мысалдағы *кессең* және *кес*, *жазбаймын*, *құшақтағым келеді* деген етістіктер *кесу*, *жазбау*, *құшақтау* қимылын, іс-әрекетін білдіріп қана тұрған жоқ, сонымен бірге сол қимыл, іс-әрекеттің орындалу шартын (*кессең*), орындалуын талап етеді (*кес*), белгілі бір мезгілде, шақта іске асуын, орындалуын хабарлауды (*жазбаймын*), орындалу ниетін, жүзеге асудағы ықыласын (*құшақтағым келеді*) білдіріп, сөйлеушінің шындыққа, болмысқа деген пікірін, көзқарасын айқындап тұр. Бұл мағыналар белгілі грамматикалық тұлғалар арқылы берілген. Мысалдағы *кессең* дегендегі шарттылық **-се** жұрнағы арқылы, *кес* дегенді талап ету, бұйрық мәні ІІ жақ бұйрықтық тұлға арқылы, *жазбаймын* дегендегі қимылдың белгілі бір шақта орындалуы, көсемшенің **-й** жұрнағы арқылы, *құшақтағым келеді* дегендегі қимылдың болу ниеті, ықыласы етістік түбіріне **-ғы** жұрнағы және одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып, оған *кел* көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалған.

Сөйтіп, сөйлеушінің сөзі арқылы қимылдың шындыққа қатысын, айтушының пікірін, көзқарасын білдіріп, белгілі грамматикалық тұлғалар арқылы жасалатын етістік түрі **рай категориясы** деп аталады. Рай деген сөз *бет алыс*, *бағыт*, *жөні* деген сөздерге

синонимдес. Сондықтан да *райынан қайтты* деген тіркес *бағытынан, бет алысынан қайтты, ауа райы* деген *ауаның қалпы, бет алысы* дегенді білдіреді. Демек, етістік қимылды, іс-әрекетті білдірумен бірге, сол қимылдың, іс-әрекеттің қалай және қашан іске асуын, ақиқат шындыққа қатысын да білдіреді. Міне, осы соңғы мән етістіктің рай түрі болып табылады.

Етістіктің райлары қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асу, орындалу мүмкіндігіне қарай төрт түрге бөлінеді: *ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай*.

109-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, етістіктердің жасалуына, қай шақта тұрғанына көңіл бөліндер.

Дастарқан жиналғанын күтпей атына мінді. Үйірге қосылмайтын мініскер атар ауылдың иек тұсында ажырықты ойда жататын. Теңбілкөк бір шетте жалғыз жайылып жүр екен. Қашқақтаған жоқ. Арқасына терлік салғанда да көзін ашып-жұмып тырп етпей тұра берді.

Жарықтық жылқы деп, міне, Теңбілкөкті айт. Ер-тоқымын алғанда жабы құрсақ сиықсыз көрінгенмен, басына жүген тиюі мұң – құлпырып кетеді, үзеңгіге аяғың іліккенше тызақтап зорға тұрады. Тұлпар аруағы ұстанғандай, құлағын қайшылап, жалы күдірейіп шыға келеді.

Әп, бәрекелді... Ерге қонып үлгергенше, есік пен төрдей жерге бір-ақ ытқығаны. (Ә. Кекілбаев)



110-жаттығу. Етістіктерді тауып, оларды грамматикалық тұлғаларына қарай талдап, мағыналарын түсіндіріңдер.

Үлгі: **барды** – түбірі *бар*, **-ды** – жіктік жалғаудың III жақ көрсеткіші.

Айбалта бүгін базарға барды. Қыз кезінде шешесінен ауысқан, көздің қарашығындай сақтап жүрген алтын білезігін саудаға салды. Өткеніне берді. Азырақ бидай ұнын алайын десе, бір-ақ жерде сатып жатқан екен, ұрыс-жанжал, айқай-шу болып кетті кезекте тұрғандардың

арасында. Лаж жоқ, Айбалта екі килограмдай жүгерінің табылғанына да шүкіршілік жасап, қуанып қайтты. Келе салып, оны қол диірменінен өткізіп ұнға айналдырды, зағара нан жасады. Ештеңеге зауқы соқпай жатқан Қабимолда да оның бір тістемін аузына салып, жағын қимылдата бастады. Оған көңілденген Айбалта, күйеуінің аяқ-қолдарын уқалап отырып, оны аяп кетті ме, қайдам, көңлі босап, кірпіктері сулана қалды. (С. Бұхар.)

§ 27. АШЫҚ РАЙ

Ашық райдың мәні етістіктің шақ мағынасын білдірумен тікелей байланысты. Өйткені етістік белгілі шақта жұмсалғанда сол қимылдың болуы арқылы сөйлеушінің ақиқат шындықты баяндауы байқалады. Мейлі, ол өтіп кеткен қимыл, іс-әрекет болсын (өткен шақ), мейлі, ол болып жатқан іс-әрекет, қимыл болсын, мейлі, ол әлі бола қоймаған, бірақ келешекте болуы тиісті қимыл, іс-әрекет болсын, ашық райдағы етістік сөйлеушінің шындық деп баяндауын білдіреді.

Мысалы: *Әркім өз ойымен отыр.* (Ф. М.) *Келемін тау ішінде түнделетін.* (С. С.) *Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ.* (А.) *Жер жыртық, қайнады еңбек, егіс салдық.* (Ж. Ж.)

Берілген мысалдағы *отыр, келемін, шашпақ, жыртық, қайнады, салдық* деген етістіктер белгілі бір шақты білдірумен қатар сөйлеушінің соған байланысты пікірін, шындық деп баяндауын білдіріп тұр: *әркімнің өз ойымен отыруы* (нақ осы шақ); сөйлеушінің *тау ішінде түнделетін келе жатуы* (ауыспалы осы шақ); сөйлеушінің мақсаты *тіл ұстартып, өнер шашпақ болуы* (мақсатты келер шақ); сөйлеушінің *жер жыртыуы, егін салуы және еңбектің қайнауы* (жедел өткен шақ).

Сөйтіп үш жақтың (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) бірінде қолданылып, сөйлеушінің шындыққа қатысты баяндауын *ашық рай* дейміз.

111-жаттығу. Оқып шығып, ашық райдағы етістіктердің қай шақта тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: *Отанын сүйетін* – ауыспалы өткен шақ.

АТА-АНАҒ ТӘРБИЕШІҢ ЕМЕС ПЕ?

Өз халқын, Отанын сүйетін нағыз азамат етіп тәрбиелеуде ата-ананың орны ерекше. Балаға айналасындағы өмір шындығы ауадай қажет. Ең алдымен, әке мен ана белсенді құрылысшы болуы тиіс. Баланың нағыз азамат болып өсуіне өзі жасайтын ортаның, ата-ананың, достарының ықпалы күшті. Көп қырлы тәрбие процесінде жанұяның атқаратын мәні өлшеусіз. Еңбекке тәрбиелеуде мамандықтарын атадан әкеге, әкеден балаға мұра етіп қалдыратын жанұя дәстүрін жалғастырушылар аз емес. Олар балаларын еңбекке баулуымен бірге жауапкершілікті де осыған мүлде қарама-қарсы жанұялар да кездеседі. Олар өз балаларын еңбекке тартпайды, тіпті қарапайым, жеңіл тапсырмаларды орындауын қадағаламайды. Мұның өзі ерте ме, кеш пе, өкінішке әкеп соғатыны және қоғамға зиян келетіні анық... («*Нұрлы жол*» газетінен)

112-жаттығу. Ашық райлы етістіктердің қай шақта, қалай жасалғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: *қаратқан* – бұрынғы өткен шақ, есімшенің **-қан** жұрнағы арқылы жасалған.

Мәртөбе мен Күлтөбеде күнде жиын кезеңде алты алашты аузына қаратқан сол үшеуін де күндердің күнінде біреу білсе, біреу білмейтін болады деген кімнің ойына кіріп шықты дейсің? Өздері түгілі астарындағы аттарының мінезін, қолдарындағы қамшыларының сыр-сипатын әркім-ақ жазбай танымас па еді?! Ал енді сол үш бәйтеректің өзін бірде шалса, бірде шалмайтын, бірде таныса, бірде танымайтын көз қанша?! Үшеуінің жұбын жазбай танитын жанар, үшеуінің қасиетін айт-

пай ұғынатын көкірек жылдан-жылға азайып, есін енді жиған ел-жұрт үшін тайға басқан таңбадай дәл мағлұмат беретін көре қалған, ести қалғандардың өзі таусылып бітуге айналған. («Үш пайғамбар» кітабынан)

113-жаттығу. Төмендегі ашық райлы етістіктерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар.

Айтты, оқыпты, тыңдар, жазып отырмыз, барған, жазған.



114-жаттығу. Ашық райлы етістіктерді қатыстырып, «Ата кәсібі» деген тақырыпта шағын хабарлама жазыңдар.

§ 28. БҰЙРЫҚ РАЙ

Бұйрық рай іс-әрекеттің тыңдаушыға (II жақ) я бөгде біреуге (III жақ) немесе өзіне (I жақ) қаратылып, бұйыра, талап, тілек етіле айту мағынасын білдіреді. Мысалы: *Тыңда, дала, Жамбылды. (Ж. Ж.) Ғылым таппай мақтанба. (А.) Қызсын еңбек, қайнасын күш майданда. (И. Б.) Мен жазайын сізге хат. Оқын көрсін ол шындап. (А.)*

Мысалдағы *тыңда, мақтанба, қызсын, қайнасын, жазайын, көрсін* деген етістіктер белгілі бір жаққа қаратыла бұйыра талап, ниет етіле айтылып тұр: *сен тыңда, мақтанба* (II жақ), *ол қызсын, қайнасын, көрсін* (III жақ), *мен жазайын* (I жақ).

Сөйтіп, бұл жаққа (көбінесе II жаққа) қаратылып, қимылдың, іс-әрекеттің орындалуын талап ету мағынасын білдіретін етістіктің рай түрі **бұйрық рай** деп аталады.

Етістіктің бұйрық рай тұлғасы бұйрықтық мағынамен бірге талап, тілек ету, ниет мағыналарын да білдіреді. Әдетте, бұйрықтық талап ету мағынасы II және III жақтарда анық көрінеді де, I жақта ол, көбінесе, ниет ету мағынасында келеді.

Етістіктің басқа рай түрлеріне қарағанда, бұйрық райдың өзіндік ерекшеліктері бар. Ең басты ерекшелік бұйрық райдың жасалуынан көрінеді. Егер басқа рай түрлері етістік түбірлеріне белгілі қосымшалар жалғану арқылы жасалып, одан кейін жіктеліп келсе, бұйрық рай түрі жұрнақ арқылы жасалмай, етістік түбірлерінің ерекше жіктелуі арқылы, яғни жіктік жалғаулары жалғануы арқылы жасалады. Ол жіктік жалғаулары етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына бірдей жалғана береді.

Екінші ерекшелік – бұйрық райдың II жақ анайы түрінің қосымшасы болмай, сырттай ғана тұлғасы жағынан етістіктің негізгі және туынды түбір тұлғасымен, етіс және болымсыз етістік тұлғаларымен сәйкес, ұқсас келеді. Мысалы: (сен) *кел, ойла, барғызба, сөйлетпе*. Ал II жақтың анайы көпше түрінде **-ың, -ің, -ң** жалғауының үстіне **-дар, -дер** көптік жалғауы үстеледі. Мысалы: (сендер) *кел+ің+дер, бар+ың+дар, сөйле+ң+дер*.

Бұйрық райының II жақ сыпайы түрі етістік түбіріне **-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз** жалғауы жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: (сіз) *кел-іңіз, бар-ыңыз, сөйле-ңіз*. II жақ сыпайы түрінің көпшесі осы жекеше түріне, **-дар, -дер** көптік жалғауы жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: (сіздер) *кел+іңіз+дер, бар+ыңыз+дар, сөйле+ңіз+дер*.

Бұйрық райының III жағы (жекешесі де, көпшесі де) етістік түбіріне **-сын, -сін** жалғауы жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: (ол) *кел-сін, бар-сын, сөйле-сін*.

Бұйрық райының I жағы етістік түбіріне (жекеше) **-айын, -ейін, -йын, -йін**, көпше **-айық, -ейік, -йық, -йік** жалғаулары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: (мен) *кел-ейін, бар-айын, сөйле-йін*, (біз) *кел-ейік, бар-айық, сөйле-йік*.

Бұйрық райдың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I.	<i>барайын, келейін, санайын, көрмейін;</i>	<i>барайық, келейік, санайық, көрмейік;</i>
II.	<i>бар – , кел – , сана – , көрме – ; барыңыз, келіңіз, санаңыз, көрмеңіз;</i>	<i>барыңдар, келіңдер, санаңдар, көрмеңдер; барыңыздар, келіңіздер, санаңыздар, көрмеңіздер;</i>
III.	<i>барсын, келсін, сана- сын, көрмесін.</i>	<i>барсын, келсін, санасын, көрмесін.</i>

Ескерту: Етістіктің бұйрық рай түріне кейде **-шы, -ші** жұрнағы жалғанып та жұмсала береді. Ондайда бұйрық райлы етістік бұйрық талап ету мағынасынан гөрі өтініш, тілек, жалыну мағынасын білдіреді. Мысалы: (мен) *алайын – алайыншы*, (сен) *ал-алшы*, (сіз) *алыңыз – алыңызшы*, (ол) *алсын -алсыншы*. Сондай-ақ шартты райдың **-са, -се** тұлғасының II жағынан кейін жалғанған **-шы, -ші** жұрнағы да бұйрық, тілек, өтініш мағынасын білдіреді. Мысалы: (сен) *барсаңшы*, (сіз) *барсаңызшы*, (сендер) *барсаңдаршы*, (сіздер) *барсаңыздаршы*.

115-жаттығу. Бұйрық райлы етістіктерді табындар, қай жақта айтылғанына назар аударындар.

Үлгі: *шығар* – II жақ, жекеше, анайы.

МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР

Бір жеңнен қол шығар,
Бір жағадан бас шығар.

Біреуің бас, біреуің аяқ бол,
Біреуің құйрық біреуің қанат бол.

Адассаң, көшпен адас.

Берекені көктен тілеме,
Бірлігі мол көптен тіле.

Өз басыңды дауға берсең де,
Жолдасыңды жауға берме.

116-жаттығу. Мәтінді оқып, бұйрық райлы етістіктерді тауып, қай жақта тұрғанын, олардың мағыналық ерекшеліктерін көрсетіндер. Әңгімеге ат қойындар.

Біздің Алтай қызық еді. Әсіресе, соңғы кезде мынау қыздың жұмысы, мынау ұлдың жұмысы дегенді шығарды. Міне, бүгін де Алтай сол қыңырлығына басып отыр. Таңертеңгі шайдан кейін апасы Құндыз:

– Үстел үстін жинай сал, мен сабағымды даярлайын, – деп еді.

– Мені қыз дейсің бе? Өзің жина, – деп қасарыса қалды. Ол далаға шығуға бет алды.

– Еш жаққа кетпе, сен де сабағыңды оқы, отыр кәне! – деп Құндыз жібермеді. (Т. Д.)



117-жаттығу. Қосымша материалдардан, «Нұрлы жол» газетінен, көркем әдебиеттерден өздерің бұйрық райлы етістігі бар бірнеше сөйлем тауып жазындар.

§ 29. ШАРТТЫ РАЙ

Етістіктің шартты райы қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмау, іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын білдіреді. Шартты рай етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына **-са, -се** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бар-са, жүр-се, оқыт-са, айтпа-са.*

Шартты рай тұлғасына жіктік жалғауы жалғанып қолданылады. Бірақ шартты рай тұлғасы тиянақты бола алмайды. Сондықтан шартты райдағы етістік жіктелгенмен, сөйлемді тиянақтап, аяқтап тұра алмайды: я басқа бір етістікпен, кейде көмекші етістікпен іліктесіп, тіркесіп келеді, я бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болып тұрады. Мысалы: *...Жарқырап бір көрінсек дейміз. (Ф. Мұст.) Жақсымен жанассаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жанассаң, қаларсың ұятқа. (Мақал)* Бірінші мысалда *көрінсек* деген шартты райлы етістік *дейміз* көмекші етістігімен

тіркесіп келуі арқылы ғана сөйлемді аяқтап, тиянақтап, ойдың шартын, ниет-мақсатын білдіріп тұрса, екінші сөйлемде *жанассаң* деген шартты райлы етістік II жақта жұмсалып, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметінде қолданылған басыңқы сөйлемнің шартын білдіреді, бірақ өзі сөйлемді тиянақты ете алмай тұр.

Сөйтіп, қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмау мүмкіндігінің шартын білдіріп, **-са, -се** жұрнақтары арқылы жасалатын рай түрі **шартты рай** деп аталады.

1. Шартты рай етістіктің жедел өткен шақ тұлғасы сияқты жіктеледі: I жақта жекеше **-м**, көпше **-к, -қ**, II жақта анайы жекеше **-ң**, көпше **-ндар, -ндер**, сыпайы жекеше **-ңыз, -ңіз**, көпше **-ңыздар, -ңіздер** жалғаулары жалғанады да, II жақта арнайы жалғау болмайды.

Шартты райдың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I.	<i>барсам, көрмесем, оқытсам;</i>	<i>барсақ, көрмесек, оқытсақ;</i>
II.	<i>барсаң, көрмесең, оқытсаң;</i> <i>барсаңыз, көрмесеңіз, оқытсаңыз;</i>	<i>барсаңдар, көрмесеңдер, оқытсаңдар;</i> <i>барсаңыздар, көрмесеңіздер, оқытсаңыздар;</i>
III.	<i>барса – , көрмесе – , оқытса – .</i>	<i>барса – , көрмесе – , оқытса – .</i>

Ескерту: Шартты рай жұрнағы **-са, -се** жалғанған етістік әрқашан қимылдың, іс-әрекеттің болу шартын білдіре бермейді. Мысалы: *Мен болсам ауылда қалдым. Оның оқуы бітсе керек еді ғой.* Бұл мысалдардағы **болсам, бітсе** деген етістіктер шартты рай тұлғасында жіктеліп (I және III жақ) тұрса да, ол іс-әрекеттің ешбір болу шартын білдіріп тұрған жоқ.

2. Шартты рай тұлғасындағы етістік бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметінде келіп, мезгілдік мағынаны және **да, де, та, те** шылауымен тіркесіп қарсылықты мағынаны білдіреді. Мысалы: *Мен келсем, сен кетіп қалыпсың. Сен айтпасаң да, мен оны білемін.* Берілген мысалдағы **келсем, айтпасаң да**

деген шартты рай тұлғалы етістіктер өздері бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болып, келесі басыңқы сөйлемнің мезгілін және оған қарсы мағынаны білдіріп тұр.

3. Шартты райлы етістік I, II жақ жіктік жалғауында тұрып, оған **-шы, -ші** жұрнағы жалғанса, ол кейде өкіну, налу мағынасын білдіреді. Мысалы: *Оның атын сұрасаңшы. Оның осында келетінін білсемші. Ауылға барғанша, құрылысқа қалсаңшы.*

118-жаттығу. Шартты және бұйрық райлы етістіктерді тауып, қалай жасалғанын, қай жақта тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: *берсем* – **-се** жұрнағы арқылы жасалған, I жақ, жекеше.

ТОЛФАЙ БЕРСЕМ

Аяқтың астында деп жалбыз жұлма,
Қылтиып бас көтерсін жалбыз-жыр да.
Теңіз болып келер деп тоспай-ақ қой,
Сылдырласа етекте жалғыз жылға.

Қаламасаң, сөзіме құлақ қойма,
Шыққан күн баста мәңгі тұрақтай ма?
Тағдыры мұның бөтен емес бізге,
Жығылып бара жатқан құрақты ойла!

(М. Омарұлы)

119-жаттығу. Берілген етістіктерден шартты рай жасап, әрқайсысына бір-бір сөйлем құраңдар.

Санама. Тазарт. Жүргіз. Аяқта. Жаз. Көшір. Отыр. Сана. Айттыр.



120-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып шығып, шартты райлы етістіктерді табыңдар, қай жақта тұрғандығын анықтаңдар.

Ү л г і : *сынса* – III жақ.

Жағым сынса да,
Сағым сынбасын.

Бар болсаң, бергенінді айтпа,
Ер болсаң, жеңгенінді айтпа.

Ел қонысынан айрылса,
Ер ырысынан айрылады.

Бірлік қайда болса,
Ерлік сонда.
Еркіндік қайда болса,
Елдік сонда.

§ 30. ҚАЛАУ РАЙ

Етістіктің қалау райы іс иесінің қимылды, іс-әрекетті қалауын, соған ынтасын, ниетін білдіреді де, белгілі жолдармен жасалады. Мысалы: *Менің оқығым келеді. Ол үйіне жетсе игі еді. Не де болса шынын айтқайсың.*

Берілген мысалдардағы **оқығым келеді, жетсе игі еді, айтқайсың** деген етістіктер іс иесінің (мен) оқу іс-әрекетін, (ол) үйіне жету қимылын, (сен) айту іс-әрекетін қалау мәнін, соған ынтасын білдіріп тұр.

Қалау рай мынадай жолдармен жасалады:

1. Етістіктің негізгі және туынды түбіріне немесе етіс және болымсыз етістік тұлғасына **-ғы, -гі, -қы, -кі** жұрнағы жалғанып, оған тәуелдік жалғауы үстеледі де, **кел** көмекші етістігімен тіркеседі. **Кел** көмекші етістігіне есімше, көсемше жұрнақтары жалғанып, әр түрлі шақ мәнінде үш жақта қолданыла береді. Мысалы: (менің) *бар+ғы+м кел-ді (-еді, -іпті, -ген, -ер)*, (сенің) *бар+ғы+ң кел-ді (-ді, -іпті, -ген, -ер)*, (сіздің) *бар+ғы+ңыз кел-ер (-ді, -іпті, -ген, еді)*, (оның) *бар+ғы+сы кел-іпті (-ді, -ген, -еді, -ер)*, (біздің) *кет+кі+міз кел-ген (-еді, -ді, -ер, -іпті)*, (сендердің) *кет+кі+лерің кел-ді*. Демек, қалау райдың бұл түрі тәуелдік жалғауы жалғанып жіктеледі.

2. Шартты рай тұлғасы (-са, -се) игі еді сөздерінің жіктеліп келген түрімен тіркеседі. Мысалы: (мен) *алсам игі едім*, (сен) *алсаң игі едің*, (сіз) *алса игі едіңіз*, (ол) *алса игі еді*. Кейде *игі еді* сөздері түсіп қалып, **-са, -се** тұлғасы аңсау, армандау мағынасын білдіру үшін қолданылады. Мысалы: *Шіркін, мен оны көрсем!*

3. Етістіктің негізгі және туынды түбіріне етіс және болымсыз етістік тұлғаларына **-ғай, -гей, -қай, -кей** жұрнағы жалғанып, жіктеліп келіп жасалады. Мысалы: (мен) *бар+ғай+мын*, (сен) *бар+ғай+сың*, (сіз) *бар+ғай+сыз*. (Ол) *бар+ғай*. Кейде **-ғай, -гей, -қай, -кей** тұлғалы етістік жіктеліп *келген еді* көмекші етістігімен тіркесіп келіп те қалау рай жасалады.

Мысалы: (мен) *барғай едім*, (сен) *барғай едің*, (сіз) *барғай едіңіз*, (ол) *барғай еді*.

Қалау райдың бұл жасалу жолы сирек кездеседі.

Қалау райдың жасалу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
-ғы, -гі, -іы, -кі, + кел		
I.	<i>барғым келді (-еді, ...)</i>	<i>барғымыз келді (-еді, ...)</i>
II.	<i>барғың келді (-еді, ...)</i>	<i>барғыларың келді (-еді, ...)</i>
	<i>барғыңыз келді (-еді, ...)</i>	<i>барғыларыңыз келді (-еді, ...)</i>
III.	<i>барғысы келді (-еді, ...)</i>	<i>барғылары келді (-еді, ...)</i>
-са, -се + игі еді		
I.	<i>барсам игі еді</i>	<i>барсақ игі еді</i>
II.	<i>барсаң игі еді</i>	<i>барсаңдар игі еді</i>
	<i>барсаңыз игі еді</i>	<i>барсаңыздар игі еді</i>
III.	<i>барса игі еді</i>	<i>барса игі еді</i>
-ғай, -гей, -қай, -кей		
I.	<i>барғаймын, барғай едім</i>	<i>барғаймыз, барғай едік</i>
II.	<i>барғайсың, барғай едің</i>	<i>барғайсыңдар, барғай едіңдер</i>
	<i>барғайсыз, барғай едіңіз</i>	<i>барғайсыздар, барғай едіңіздер.</i>
III.	<i>барғай -, барғай еді -.</i>	<i>барғай -, барғай еді -.</i>

121-жаттығу. Қалау райлы етістіктерді тауып, қай жақта тұрғанын ажыратындар.

Үлгі: *сенгісі келмейді-ақ – III жақ.*

1. «Өттеген-айы» көп бұл жалғанның уытты өкініші жүрегінді тілгілеп, дара туған үлкен бейненің енді арамызда жоқтығына сенгісі келмейді-ақ. 2. Өзім көрген, өзім сезінген ата мінезінің кейбір қырларын, одан түйген түйіндерімді бүкіл келіндер қауымына бөлісе айтып, ортақтасқым келді. 3. Атам мені осындай келіссізсіз ашық-шашық күйде көргісі келмеді. (З. Ахметова.) 4. Ақыры Қызылтопырақ еліне қарай жүріп бара жатып, жолшыбай Нұрмаханбет паңның аулына соқтық. Қымыз ішкіміз келді. Паңды көргіміз келді. (С. Сей.)

122-жаттығу. Төмендегі қалау райлы етістіктерді қолданып, сөйлем құрандар.

Айтқысы келді. Көргісі келмеді. Ішкіміз келді. Бергейсің. Айтқайсың. Жаттаса игі еді.

123-жаттығу. Төмендегі қалау райлы етістіктерді жіктендер.

Сөйлегім келді. Жетіп келсе игі еді. Жеткеймін.



124-жаттығу. Оқып шығып, етістіктерді табындар, олардың қай райда тұрғанын, қалай жасалғанын ажыратып көрсетіндер.

Үлгі: *көрінді – -ді* жұрнағы арқылы жедел өткен шақ жасалған, III жақта тұр, ашық рай.

ХАМИТ

Бандының күші басымдау көрінді. Хамит те оны басқызбады, екеуі кезек-кезек жығысады. Мылтық есік пен төрдей жерде жатыр. Екеуі де босанып мылтыққа қарай жүгіргісі келді. Бірақ бірін-бірі жіберетін емес. Банды бір кезде Хамитті сүйрелеп отырып мылтыққа апарды. Ал Хамит бандыны мылтықтан қашықтатпақ болды.

Екі ат жайылып жүр. Бір жерде Хамиттің киімдері жатыр. Бір жерде бандының құлақшыны жатыр. Екеуі әбден шаршады. Екеуінің де пара-парасы шықты. (С. С.)

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ МЕН РАЙЛАРЫНАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ



Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Етістіктің шақтары дегеніміз не? 2. Шақтың қандай түрлері бар? 3. Осы шақ деген не? 4. Осы шақтың қандай түрлері бар? 5. Нақ осы шақ қалай жасалады? 6. Ауыспалы өткен шақ пен ауыспалы келер шақтың ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай? 7. Келер шақтың қандай түрлері бар және қалай жасалады? 8. Етістіктің райлары дегеніміз не? 9. Етістіктің райлары мен шақтары арасында қандай ұқсастық және өзгешеліктер бар? 10. Етістік райларының қандай түрлері бар? 11. Ашық рай нені білдіреді және қалай жасалады? 12. Бұйрық райдың жіктелу ерекшеліктері қандай? 13. Бұйрық райдың мағыналары мен ерекшеліктері қандай? 14. Шартты райдың мағыналары қандай және қалай жасалады? 15. Қалау рай дегеніміз не? 16. Қалау райдың жіктелу ерекшеліктері қандай? 17. Қалау рай қандай жолдармен жасалады?

§ 31. ЕТІСТІКТІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

1. Етістік шақ, рай тұлғаларында жіктеліп, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Кел, балалар, оқылық! (Б. А.) Жартасқа бардым, күнде айғай салдым. (А.)*

Тұйық етістік жатыс септігінде немесе басқа тұлғаларда тұрып-ақ сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Қонақтар көрмені көруде. Сынып міндеттемесінің негізгі бір мәселесі – сабақ үлгерімін жақсарту.*

2. Етістік көсемше тұлғасында келіп, қимылдың амалын, әр түрлі қасиетін (себебін, мақсатын т.б.)

білдіріп, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Ақырындап атты алтын таң. (Қ. А.) Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көретұра тексермедім. (А.)*

Тұйық етістік септеліп (барыс, шығыс, жатыс, көмектес), кейбір шылаулармен тіркесіп келіп сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Сауысқанның тамағы шоқуменен табылған (Ы. А.) Оқу үшін осында келдім.*

3. Етістік есімше және тұйық етістік тұлғаларында атау септікте келіп заттанып, сөйлемде бастауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Көрмес-түйені де көрмес. (Мақал) Жақсы оқу – әр оқушының міндеті. Іздеген жетер мұратқа.*

4. Етістік есімше тұлғасында немесе ілік септігіндегі тұйық етістік зат есімдермен тіркесіп анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Өсер елдің жігіті бірін-бірі батыр дейді. (Мақал) Білудің шегі жоқ. Ақыл – тозбайтын тон, білім таусылмайтын кен. (Мақал)*

5. Етістік есімше не тұйық етістік тұлғаларында септеліп келіп, атау мен іліктен басқа септіктерде толықтауыш қызметін де атқарады. Мысалы: *Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға. (А.) Білгенге маржан, білмеске арзан. (А.) – Сіз қандай жауды құлатқаныңызды білесіз бе? (Ә. Н.) Енді оған сөйлеуді қойдым.*

125-жаттығу. Етістіктерді тауып, сөйлем мүшесіне қарай талдаңдар.

Үлгі: *көрінеді* – ауыспалы осы шақ, баяндауыш.

ДҮРБІ

Қарауыл тауының басынан төңірек түгел көрінеді. Етпетінен жатқан бала дүрбіні көз алдына әкеліп, қарана бастады. Жердің сонау құмдауыт шегінде көз жетер шамада көкпеңбек, айнадай көл жатыр. Ыстық көліміз –

осы. Шалқар көл аспанмен астасып кеткен. Екеуінің жігі білінбейді. Көлде ешқандай қимыл жоқ, жайсаң жазира. Жарға соққан толқынның көзге ілінер-ілінбес ақ көбігі ғана аңғарылғандай болады.

Бала бұл жаққа ұзақ қарады. «Ақ кеме әлі көрінбейді», – деді ол портфельге. – Ал енді өзіміздің мектеп жаққа тағы бір қарап алайықшы. Осы таудың арғы бетіндегі қойнау бұл жерден ап-анық көрінеді. Ұршық иіріп, үйдің іргесінде отырған әжейді де дүрбі арқылы көріп тұрмын. (Ш. Айтматов)

126-жаттығу. Етістіктерді тауып, сұрақ қою арқылы қандай сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: *жанып кетті* – от не қылды? – баяндауыш.

От маздап жанып кетті. Бөгде жұрттың назарын аударатын бықсыған түтін жоқ. Көңлімді орнықтырған сол ма, әлде маужырап бойыма тарап келе жатқан рахат жылу ма, әйтеуір қайғы-қатерді ойламай балқып отыра бергім келді. Таңның да реңі кіріп, қызыл шырайланып, ағаш аралары селдіреп орман іші кеңіп қалған. Алаңсыз көңілмен мына ертеңгі саф таза рахатты бойыңа сіңіріп отыра берсең, шіркін, қандай жақсы, тек қолтық астым сылқылдап мазамды алып барады. Жүрегімнің сазғанын сәлден кейін барып түсіндім... (Т. Ахтанов)



127-жаттығу. Етістіктерді тауып, тұлғасына қарай ажыратындар, сөйлемдегі қызметін айтындар.

Үлгі: *болыпты* – түбірі *бол*, *-ып* – көсемшенің жұрнағы, бұрынғы өткен шақты білдіреді, *-ты* – жіктік жалғаудың III жағы, баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Баяғыда Жиренше деген өзі кедей бір шешен болыпты. Ол асқан ақылды, сөзге ұста, шешен адам екен. Жиреншенің шешендігіне қызығып, хан шақырып алып, оны өз қасына ертіп жүреді екен. Бірақ Жиренше ханды жақтамапты, елдің сөзін сөйлепті. Ол ханның алтындаған

сарайына тұрақтамапты. Өзінің кішкене күркесіне келіп жатады екен. Күркесіне келгенде ол бой жазып қалады екен. Киізі қырық жамау болған кішкентай күркесіне келіп: «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», – деп керілгенде Жиреншенің екі аяғы тізесіне дейін есіктен шығып жатады екен.



Пысықтау үшін сұрақтар: 1. Тұйық етістіктің ерекшеліктері неде? 2. Тұйық етістіктің мағынасы жағынан етістіктің басқа түрлерінен айырмашылығы неде? 3. Тұйық етістіктің зат есіммен жақындығы қандай? 4. Тұйық етістік қалай жасалады? 5. Тұйық етістік қалай септеледі? 6. Тұйық етістіктің көптелу, тәуелдену ерекшелігі қандай? 7. Тұйық етістіктің қандай емлесі ерекшелігі бар? 8. Етістіктің сөйлемдегі қызметтерін мысалдармен талдап көрсетіндер. 9. Сөйлемдегі қызметі жағынан тұйық етістіктің басқа етістік түрлерінен айырмашылығы қандай? 10. Сөйлемде тұйық етістіктің атқаратын қызметіне жақын етістіктің басқа қандай түрі бар?

ЕЛІКТЕУ СӨЗ

§ 32. ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Айналамыздағы (табиғаттағы) әр түрлі құбылыстардың дыбыстарына, қимыл-әрекеттеріне еліктеумен немесе олардың бейнелерімен байланысты туған сөздер **еліктеу сөздер** деп аталады. Мысалы: *тырс* (етті), *сарт* (етті), *күмп* (берді), *саңқ* (етті), *былт* (етті), *шорт* (сынды), *гүрс* (етті), *тарс* (айрылды), *шіңк* (етті), *дүңк* (етті), *сырт* (ете қалды), *дыз* (ете түсті), *қолп* (ете қалды), *жалт-жұлт*, *қалт-құлт*, *бүгжең-бүгжең*, *арбаң-арбаң*, *сарт-сұрт*, *қаңғыр-күңгір*, *ыржсың-ыржсың* т.б.

Мысалдардан көрініп тұрғандай, еліктеу сөздердің басқа сөз таптарынан өзіндік ерекшелігі бар. Бі-

ріншіден, бұл сөздер айналадағы құбылыстардың әр түрлі дыбыстарынан есту арқылы және түрлі қимылдарына еліктеуден туған. Мысалы: *сарт (етті), саңқ (етті), гүрс (ете қалды), сарт-сұрт, бұрқ-сарқ, қаңғыр-күнгір, шорт (сынды), тасыр-тұсыр* т.б. дыбысқа еліктеуді білдірсе, *жылт (етті), жалт (етті), қалт-құлт, бүгжең-бүгжең, далаң-дұлаң* т.б. әр түрлі қимыл, іс-әрекетке, құбылысқа еліктеуді білдіреді. Сондықтан да олар **еліктеу сөздер** деп аталады. Екіншіден, еліктеу сөздер көбінесе көмекші етістіктермен (негізінен «ет») тіркесіп немесе қайталанып, қосарланып келіп қолданылады.

128-жаттығу. Еліктеу сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: *қалт-қалт – қалт-қалт еткен.*

Қалт-қалт еткен тұла бойын игере алмай, тісін-тісіне қойып әрең отыр. (С. Бұхар) Жерге түскенде нәресте басқа шақалақтардай шыр етіп дыбысын шығарған жоқ. Оның шаштары ұзын, күнге шағылысып жылт-жылт етеді («Нұрлы жол»). Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады, жеке батыр шыққандай қан майданға. (Абай)



129-жаттығу. Абай өлеңдерінен берілген үзінділерден еліктеу сөздерді тауып, олардың білдіріп тұрған мағынасын көрсетіндер.

Үлгі: *бұлт берем – сытылып шығып кету.*

Дос айтады: бермесен, бұлт берем деп.

* * *

Намазшамның артынан
Құржаң-құржаң етеді.
Жер ұршық берген кісідей
Тоңқандай ма, не етеді?

* * *

Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер кұр күлкіден жыртың-жыртың?
Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қалар ма ол да астыртын?

* * *

Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып мазанды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

§ 33. ЕЛІКТЕУ СӨЗДІҢ ТҮРЛЕРІ

Еліктеу сөздер мағынасы жағынан айналадағы әр түрлі дыбысқа және жеке қимылға, іс-әрекетке еліктеуді білдіруіне байланысты *еліктеуіш сөздер* және *бейнелеуіш сөздер* болып екіге бөлінеді.

§ 34. ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕР

Табиғаттағы заттардың қозғалуы, бір-бірімен қалтығысуы, соғылуы сияқты алуан түрлі қимыл, амал-әрекеттердің нәтижесінде әр түрлі дыбыстар пайда болады. Оларды біз құлақпен естиміз. Сол дыбыстарға еліктеу арқылы пайда болған сөздер *еліктеуіш сөздер* деп аталады. Мысалы: *Боз, күрең, жирен, ала, шұбар. Өтеді ауыздығын қарш-қарш шайнап.* (Жамбыл) *Ырғалып қарға қарқ етті. ірімшік жерге салп етті.* (Абай)

Еліктеуіш сөздер көмекші етістікпен (көбінесе «ет» көмекші етістігімен) тіркесіп жұмсалады. Мысалы: *тырс етті, сарт етті, қыңқ етті, топ ете түсті, қор ете қалды, гүрс ете түсті, саңқы етті* т.б. Еліктеуіш сөздер қайталанып та, қосарланып та жұмсалады. Ондайда көмекші етістікпен тіркесіп, онымен бір қызметте немесе жеке тұрып қимылдың ама-лын білдіреді. Мысалы: *тарс-тұрс етті, дүңк-дүңк*

етті, ырс-ырс етеді, сарт-сұрт болды, шаң-шұң болды, арс-арс етеді, қорс-қорс етеді және қарш-қарш шайнайды, гүрс-гүрс шығады, бырт-бырт шайнайды, шарт-шұрт сынды, пыр-пыр ұйықтайды т.б.

130-жаттығу. Еліктеуіш сөздерді тауып, олардың қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын көрсетіңдер.

Үлгі: *күмбір-күмбір – күмбір-күмбір кісінетіп.*

Күмбір-күмбір кісінетіп, Күренді мінер ме екенсің? (*Махамбет*) Алыстан ауыл иттерінің саңқ-саңқ еткен дауыстары естіледі. Жолдың бір шұңқырына кездескенде, арбаның дөңгелегі гүрс ете қалды. Батырдың аттары ауыздықтарын қарш-қарш шайнап, бой бермей тұр. (*Газеттен*)

131-жаттығу. Төменде берілген еліктеуіш сөздерді пайдаланып сөйлем құраңдар.

Ырс-ырс етеді, дабыр-дұбыр естілді, қорс-қорс етеді, қор ете қалды, топ ете түсті, гүрс ете қалды.



132-жаттығу. Табиғаттағы құбылыстар жайында еліктеуіш сөздерді пайдалана отырып, шығарма жазыңдар.

§ 35. БЕЙНЕЛЕУІШ СӨЗДЕР

Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы заттардың қозғалысын, күйін көру арқылы сипатайтын, бейнелейтін сөздер.

Мысалы: *Аттылар бұрылып келіп, дөңгелене отырған жиынға жапыр-жұпыр сәлем берісіп амандасып қалды* (М. Ә.) *Кенеттен шыққан дауысқа Ботагөз «Ә» деуге үлгірмей, жүрісін кілт тоқтатып, жалт қарады* (С. М.) *Селк ете қалды кең далам. Селк ете қалды тау іші* (Ж. Ж.)

Берілген мысалдардағы **жапыр-жұпыр** сөзі бірнеше адамның (аттылардың) бірінен соң бірі рет сақталмай-ақ тез-тез сәлем беруін, **кілт** сөзі бірден, тез тоқтатуды, **жалт** сөзі шапшаң бұрылып қарауды,

селк сөзі бейғам даланың (тау ішінің) бірден шоши қозғалуын білдіріп тұр.

Бейнелеуіш сөздер көмекші етістікпен (көбінесе «ет» көмекші етістігімен) тіркесіп жұмсалады. Мысалы: *жалп ете түсті, жалт қарады, қалт етті, ербең етті, бүгжең қақты, қайқаң етті, сылаң етіп шыға келді, тыржың етті* т.б. Бейнелеуіш сөздер қайталанып, қосарланып, көмекші етістікпен тіркесіп жұмсалады. Мысалы: *маң-маң басты, жалт-жұлт етті, далаң-далаң жүгірді, қызараң-қызараң етті, қикаң-қикаң етті, ербең-ербең етті* т.б.

133-жаттығу. Бейнелеуіш сөздерді тауып, олардың мағынасын және қай сөзбен тіркесіп тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: *тыржыңдап қойды – тістерін көрсетіп, ақсиып қойды.*

«Мен болғанда не қыласың?» дегендей қасқыр тыржындап қойды. Қасқыр ышқынып-ыршып түсті де, құрық тиген бүйіріне қарай дөңгеледі. Алғашқы кезде оларға одырая қараған қазақ ауылдары, іле аралас-қоралас болып кетті. Жан дәрмен Баймырзаға өгіздің мүйізіне байланған кендір жіптен мықшия тартып, тұмсығын судан жоғары шығарды. Қызараң-қызараң етіп біраз тұрды да, үйіне қарай жүгірді. (С. М.)

134-жаттығу. Бейнелеуіш сөздердің қай сөзбен тіркесіп тұрғанын және мағынасын ажыратып талдаңдар.

Үлгі: *жалтақ-жалтақ: жалтақ-жалтақ қарады – қайта-қайта қарай беру.*

Кетіп бара жатып, қалған ауылға жалтақ-жалтақ қарады. Бойы дір-дір етіп, еріндері таңазыған адамдай қыбыр-қыбыр етеді. Атына қалай ырғып мінгенін ол білген де жоқ. (М. М.)

Денесі дір-дір етіп, қорыққанын сездіріп келеді. Ашудан қалш-қалш етіп, ызаға бұлығып тұрып қалды. Кілт тоқтап, артына қарап еді, келе жатқан күшігі екен. («Нұрлы жол» газетінен)



135-жаттығу. Дене тәрбиесі сабағында жасалатын қимылдарды бейнелеуіш сөздермен беру арқылы әңгіме құрандар.

§ 36. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ТУЫНДЫ ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

Еліктеу сөздер құрамына қарай *негізгі, туынды* және *күрделі түбір* болып келеді.

1. Негізгі еліктеу сөздерге әр түрлі дыбыстар мен қимыл, іс-әрекетке тікелей еліктеуден туған түбір сөздер жатады. Мысалы: *тарс, тырс, күрс, дік, жылт, топ, шіңк, морт, қарс, ырс, борт, қыңқ, ірк, шаңқ* т.б.

2. Туынды еліктеу сөздер негізгі түбір еліктеу сөздер мен басқа да сөздерден-ақ, *-ең, -ың, -ің, -ң* жұрнақтары арқылы жасалады:

а) негізгі түбір еліктеу сөзден жасалған туынды еліктеу сөздер: *арс-аң, болп-аң, томп-аң, быж-ың, кілт-ің, жылп-ың, сымп-ың* т.б.

ә) етістіктерден жасалған туынды еліктеу сөздер: *ағар-аң, былға-ң, жайна-ң, қызар-аң, сыла-ң* т.б.

б) осы жұрнақ арқылы жасалған кейбір туынды еліктеу сөздердің түбірі қазіргі кезде жеке қолданылмайтын өлі түбірге айналып кеткен. Олардың түбірін түбірлес басқа сөздермен салыстырып қарау арқылы болжауға болады. Мысалы: *арбаң (арби), ербең (ерби), жарбаң (жарби), кірбең (кірби), адыраң (адырай), ажыраң (ажырай), маймаң (майми, маймақ), кіржің (кіржи), қайқаң (қайқи, қайқы), сидаң (сиди)* т.б.

3. Күрделі еліктеу сөздер негізгі және туынды еліктеу сөздердің қайталануынан немесе қосарлануынан жасалады. Мысалы: *борт-борт, гүрс-гүрс, гүр-гүр, дүр-дүр, дір-дір, зырқ-зырқ, бүрсең-бүрсең, жалбаң-жалбаң, қожаяқ-қожаяқ, тарс-тұрс, арс-ұрс, баж-баж, жарқ-жұрқ, шап-шұп, арбаң-ербең, адыраң-едірең, тапыр-тұпыр* т.б.

Еліктеу сөздерден жұрнақ арқылы басқа сөз топтары да (негізінен зат есім мен етістік) жасалады. Мысалы: *тарс-ыл, тырс-ыл, сыр-ыл, бұлт-аң, бұлк-ең, даң-ғыр, қаң-ғыр, дүң-гір* т.б. тәрізді еліктеу сөздерден **-ыл, -іл, -л, -ек, -ғыр, -гір** жұрнақтары арқылы зат есімдер жасалған болса, *желб-іре, салб-ыра, үлб-іре, қалб-ыра, күрк-іре, дүрк-іре, арбаң-да, ербең-де, бұраң-да, жалпаң-да, күбір-ле, қоқаң-да* т.б. тәрізді еліктеу сөздерден **-ыра, -іре** және **-ла, -ле, -да, -де** жұрнақтары арқылы етістіктер жасалған.

136-жаттығу. Еліктеу сөздерді тауып, құрамына қарай ажыратындар.

Үлгі: *қарқ-қарқ күледі* – қосарланған күрделі еліктеу сөз.

Мұндайда ол қарқ-қарқ күледі екен, бірақ оған шамасы келмейті. (*Ел аузынан*) Балуанның жортып бара жатқан аттың арбасынан жып етіп түсіп, сып етіп орманға жоқ болғанын ешкім байқамай қалды (*С. М.*)

Қаңқ еткен бір дыбыс шықты да, салдыр-гүлдір домаланған таспен бірге құзға құлдырап жоқ болды. Шыр етіп жерге түскенде, арқасы осы топыраққа тиген. Осының бәрі оның санасынан жарқ-жұрқ етіп өте шықты. Аспанда күңгір-күңгір үнге толтырып, түйелі көштей тізбектелген тырналар қайтып барады. (*Қ. Жұм.*)

137-жаттығу. Еліктеу сөздерді тауып, құрамына, түріне қарай ажыратып, қалай жасалғанын талдап көрсетіндер.

Үлгі: *құж-құж* – еліктеуіш сөз, күрделі еліктеу сөз, дыбысқа еліктеуден туған.

Өлексеге үймелеген қарға-құзғынша құж-құж дуылдасады. (*М. Сқ.*) Қырағы арқар аңшының басы қылп еткен жерден-ақ «пыс» деп жіберіп, биік тастан ойға қарай секірген екен.

Төселе қадалып келе жатқан қара шиті қарауылы құлжаның көк желкесіне іліне бере-ақ, гүрс етті. Тастың басында көк түтін бұрқ етті де, ырғалып толқып қалып, серпіле берді. Сол кезде ақ тандақ қоңыр құлжаның қиралаң етіп, сүйретіле құлап түскені көрінді. Ақырғы рет ышқынып қор етті де, тағының жаны шықты. Көп сәйгүліктің аяғы сатыр-сатыр басып, шымды жерді дүңк-дүңк еткізіп, үстеріндегі ер-тұрман, қару-сайман бір-біріне шылдыр-шылдыр, тақыр-тықыр соқтығып, ымырт қараңғылығын қуалап, тартып берді... (М. Ә.)



138-жаттығу. Төмендегі Абай өлеңдерінен алынған үзінділерден басқа сөз таптарын жасауға негіз болған еліктеу сөздерді табындар, оларға талдау жасаңдар.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұландап ағады су.

Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң,
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі.



Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Еліктеу сөздердің мағыналық ерекшеліктері неде? 2. Еліктеу сөздердің басқа сөз таптарынан айырмашылықтары қандай? Еліктеу сөздердің екі түрге бөлінуі неге байланысты? 4. Еліктеу сөздердің етістікпен тіркесіп қолдануында қандай ерекшелік бар? 5. Еліктеу сөздерден басқа сөз таптары қалай жасалады?

§ 37. ШЫЛАУ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Тілімізде толық лексикалық мағынасы жоқ, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер бар. Ондай көмекші сөздер шылаулар деп аталады. Мысалы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін. Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.* (Абай) *Жомарт қазіргісі мен келешегін салыстырып тұр.* (Ғ. Мұст.) *Абай қажымай, жалықпай, ылғи гана ынтығып тыңдайтын.* (М. Ә.) Бұл мысалдардағы **үшін**, **мен**, **гана** деген сөздердің толық мағынасы жоқ, қатысты сөздерге қосымша мән үстеп, белгілі бір қызмет атқарып тұр. Бірінші сөйлемде **үшін** шылауы ермек және (ертегіні) термек сөздеріне мақсат мәнін үстеп, ол сөздерді *жазбаймын* сөзіне бағындыра (сабақтастыра) байланыстырып тұрса, екінші сөйлемде **мен** шылауы *қазіргісі* деген сөз бен *келешегі* деген сөздерді ыңғайластық мәнде бір-бірімен салыстыра байланыстырып, олар сөйлемнің бірыңғай мүшесі екенін көрсетіп тұр. Үшінші сөйлемде **гана** шылауы *ылғи* деген мезгілдік мағынадағы сөзге шектік, күшейткіш мәнін үстеп тұр.

1. Сөйтіп, шылаудың басқа сөз таптарынан мынандай айырмашылықтары бар:

Шылаудың толық лексикалық мағынасы болмайды.

2. Сөйлем ішінде шылау сөйлем мүшесі бола алмайды.

3. Шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады және толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылады.

4. Шылаулар түрленбейді.

Шылаулар – лексикалық мағынасынан айрылу нәтижесінде пайда болған сөздер.

Шылау сөздер білдіретін мәні мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай *септеулік шылау*, *жалғаулық шылау* және *демеулік шылау* болып үшке бөлінеді.

139-жаттығу. Шылауларды тауып, олардың қандай мәнде қолданылып, қандай қызмет атқарып тұрғанын айтыңдар.

Үлгі: *мен* шылауы *Нұрата* мен *Кенимех* деген бірыңғай мүшелерді байланыстырып тұр.

1. Қарақалпақ халқының жыраушылық мектебі Нұрата мен Кенимех өңірінде жасап өткен жыршы, жыраулардан бастау алады.

2. Мына бұталардың арасындағы шөптерді тазалама-сам, ертең көрімсіз бола ма деген ойдамын.

3. Сондықтан да фермерлер мен жұмысшылардан үлкен еңбек пен жауапкершілік талап етіледі.

4. Арайлым сырт киімдерін ілді де, орындығына жайғасып отырды.

5. Қызметке бөлу комиссиясының шешімімен бес жыл бойы білім алған оқу орнында ғылыми жұмыспен айналысу үшін қалдырылды. (*«Нұрлы жол» газетінен*)



140-жаттығу. Оқып шығып, шылауларды табыңдар. Шылаулардың мағыналық ерекшеліктері мен қызметін ауызша айтыңдар.

ҚОЖАНАСЫР МЕН МОЛДА

Қожанасыр мен молда көрші отырыпты. Бір күні Қожанасырдың сиыры молданың сиырын сүзіп жарып тастапты. Қожанасыр асып-сасып молданың үйіне кіріп барыпты да:

– Молдеке, сіздің сиыр біздің сиырды түнде жарып тастапты, құныңызға қарап жіберіңізші, құн төлеуге жата ма екен, жатпай ма екен? – деп отыра кетіпті.

Молда құранды ары-бері ашыпты да:

– Е, көрші, құранда малды мал жарып тастаса, құн төленбеге тиіс деп жазылған екен, – депті.

Сонда Қожанасыр:

– Молдеке-ай, мен сасқанымнан жаңылыс айтыпшын

ғой, біздің сиыр сіздің сиырды жарып тастаған екен ғой, оқасы жоқ енді, – деп орнынан тұра берген екен дейді.

Молда не істерін білмей құранын аударыстырып отырып қалыпты.

§ 38. СЕПТЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Септеулік шылаулар белгілі бір септік тұлғадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша (мезгілдік, мекендік, амалдық, себептік, мақсаттық т.б.) мән үстеп тұрады да, оны екінші сөзбен байланыстырады. Бұл тұрғыдан келгенде септеулік шылаулар септік жалғауларының білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметіне ұқсайды. Септеулік шылаулар мыналар: *үшін, сайын, туралы, арқылы, жайлы, сияқты, тәрізді, дейін, шейін, қарай, таман, бері, бұрын, бірге, соң, кейін* т.б. Олар *септеуліктер* деп те аталады.

Септеулік шылаулар сөйлемде екі түрлі қызмет атақарады.

Біріншісі – түбір я белгілі бір септік (барыс, шығыс, көмектес) тұлғадағы зат есім, есімдік, я заттанған сөздермен (сын есім, есімше, тұйық етістік т.б.) тіркесіп келіп, оларды екінші сөзге сабақтастыра байланыстырады. Сөйтіп, барып, мезгілдік, мекендік, амалдық, себептік, мақсаттық қатынастағы сөз тіркесін тудыруға дәнекер болады. Мысалы: *Мейрам әлдекімге телефон арқылы әмір етті.* (Ғ. Мұст.) *Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.* (Абай) *Басқалар бізден үлгі алсын деп жиналыс сайын қанша қақсадым.* (Ә. Ә.) Мысалдардағы *арқылы* септеулік шылауы *телефон* сөзін *әмір етті* дегенмен амалдық қатынаста, ал *үшін* септеулігі *мал* сөзін *тұрман зарлап* дегенмен мақсаттық қатынаста, *сайын* септеулігі *жиналыс* сөзін *қақсадым* етістігімен мезгілдік қатынаста байланыстырып, сөз тіркестерін құрап тұр.

Екіншісі – септеулік шылаудың біразы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы құрамында келеді де, сабақтас құрмаластың бағыныңқы сынары мен басыңқы сөйлемдегі мезгілдік, мақсаттық, себептік қатынаста байланыстырып тұрады. Мысалы: *Қорғанға жүрерлік күнәсі болмаған соң, кеудесін жоғары ұстап келе жатыр. (Ғ.М.) Жел қатайған сайын, лебі мұздаған сайын, вагон үстіндегілер бір-біріне жабыса түсті. (С.М.)* Мысалдардағы **соң, сайын** септеуліктері мезгіл бағыныңқы сөйлемді басыңқымен байланыстырып тұр. Септеуліктер орыс тіліндегі «предлогтар» деп аталатын көмекші сөздерге жақын.

Септеуліктер мынадай тұлғадағы сөздердің шылауында айтылады:

1. Түбір (кейде көптік, тәуелдік) тұлғадан **зат есім, есімдік, тұйық етістік, есімшемен** тіркесетін септеуліктер: *арқылы, жайында, үшін, туралы, сайын, тәрізді, сияқты* т.б.

2. **Барыс септіктегі сөздермен** тіркесетін септеуліктер: *дейін, шейін, таман, қарай, салым, жуық, тарта* т.б.

3. **Шығыс септіктегі сөздермен** тіркесетін септеуліктер: *кейін, соң, бері, бұрын, әрі* т.б.

4. **Көмектес септіктегі сөздермен** тіркесетін септеуліктер: *қатар, қабат, бірге*.

141-жаттығу. Септеулік шылау арқылы байланысып тұрған сөздерді септеулігімен бірге теріп жазындар.

Үлгі: *мұқата алмайтын болған соң*

1. Ақыры қол күшпен Балuanды не қорқыта, не мұқата алмайтын болған соң, Қордабай заңды құрал етуге кірісті. Тройцкий өзінің не істеуі туралы хат жазып ақыл сұрады. Құлжа мен Алматыдан Көкшетау, Қызылжарға саудагерлер жыл сайын ағылып жатады. (С. М.)

2. Еңбегіміз осындай еленіп, бағаланғаны үшін мәдениет министрлігіне шексіз алғысымды айтамын. Жыл сайын жоспарды артығымен орындайтын. (*«Нұрлы жол» газетінен*)

142-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, шылауларды табындар, тіркескен сөздерге қандай мағына үстеп тұрғанын байқандар.

Ү л г і: **арқылы** шылауы *Ташкент* сөзіне тіркесіп, оған мекендік мән үстеп тұр.

ТӨЛЕ БИ МЕН МОЛДА

Ташкент арқылы өтетін Шыршық деген қыстақта бір бай молда тұрады екен. Ол елге жағымсыз, тілемсек, өзі сараң және қарынды, семіз болыпты. Сол мінезі үшін ол бірер кездескенде Төле биден сөз естіп, ықтап жүреді екен. Төле би түйесін бағып жүрген жігітін бір жаққа жұмсап, түйесін өзі қайырып келе жатса, алдынан есек мінген баяғы сараң молда кездесіпті. Ол Төле бидің түйеге мініп, түйесін өзі айдап жүргенін мазақ еткісі келіп былай депті:

– Ау, биеке, түйені өзіңіз бағып жүргеніңіз қалай, түйешіңіз жоқ па еді?

– Өз малын өзі баққан ар-намыс болып па?

Төле бидің ел қамы үшін күні-түні ұйқыдан безіп, жүдеңкіреп жүрген кезі болса керек. Әлгі молда тағы да кекете бастапты:

– Өзіңіз әбден арықтап, тұралап бітіпсіз ғой.

Сонда Төле би оған:

– «Өлеңді жерде молда семіреді» – деген, менің не үшін азып жүргенімді сендей ақымақ қандай білсін, – деп жөніне жүре беріпті. (*«Қазақтың би-шешендері» кітабынан*)



143-жаттығу. Көп нүктенің орнына төменде көрсетілген септеуліктердің тиістілерін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Мал ... таласпа, ар ... талас! (Ә. Науаи) Адам неғұрлым ақылды, мейірімді болған ..., соғұрлым өзінің жақсылығын бағалағым келеді. («Даналық сөздер» кітабынан)

Досы ... жақсы әңгіме естігенге қуанды. Олардың әңгімесі күзгі егін болды. Жазға ... оқу да біржақтама болып, қолына диплом алар. Газет ... іздеу салып туысын тауып еді.

Керекті септеуліктер: *арқылы, дейін, жайында, сайын, үшін.*

§ 39. ЖАЛҒАУЛЫҚ ШЫЛАУЛАР

Жалғаулық шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салыстыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулық шылаулар *жалғаулықтар* деп аталады. Олар мыналар: *мен (бен, пен), да (де, та, те), не, не болмаса, яки, немесе, және, әрі, біресе, бірақ, алайда, сонда да, әлде, өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті* т.б.

Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады. Ондай мағыналық қатынастар мыналар:

1. *Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар*: *мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да (де, та, те), және, әрі.*

2. *Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар*: *бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, өйткенмен, сонда да.*

3. *Талғаулықты қатынасты немесе кезектестік мәнді білдіретін жалғаулықтар*: *әлде, біресе, бірде, не, немесе, я, яки, болмаса, кейде.*

4. *Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар*: *себебі, өйткені, сондықтан* т.б.

144-жаттығу. Жалғаулықтардың мағыналық қатынасын, қызметін анықтап *да, де, мен* шылауларын септік жалғауларымен салыстырындар.

Осындай ауыр тұрмыс және өмір қыспағының әсерімен ағайынды екеуі бір-біріне ауыр сөздер айтады. («Ел аузынан») Осылай жылжыған Балуан, Ақмоладан аттанған жолаушы ат я түйемен суыт жүрсе, бірер айда жететін Жетісуға бес-алты жылда әрең жетеді. (С.М.) Бұрын ол тастан өткенде әлденеге сезіктенетін еді, сондықтан сақтанып, абайлап өтетін еді. Ойына әлдене қауіп түсіп, бала құнанды аяп тұр, бірақ соңынан ұмтылады. Солай болатын сияқты, өйткені шалдың кимыл қарқыны манағыдай емес. (С.М.)



145-жаттығу. Сөйлемдерден септеуліктер мен жалғаулықтарды табындар. Олардың мағыналық қатынастары мен қызметтеріне талдау жасандар.

Үлгі: *пен* – жалғаулық шылау; *Мағаш, Кәкітай* деген сөздерді тең дәрежеде байланыстырып тұр.

Мағаш пен Кәкітай осы тұста бөгеліп қалды да, Әбіш ілгері басты. Абайдың қысылғанын Ділдә сезді, бірақ ол түк өкінген жоқ. (М.Ә.) Шоканның Қашқариядан қайтып, Омбыға келген хабары Петербургке де барып жетті. (С.Б.) Лейтенант орман шетіндегі зеңбіректер тұрған жерге қарай тұра кеп жүгірді. (Ә.Н.) Полк командирі кеткеннен кейін, көп кешікпей, дем ала алмай еңтігіп, тұса қашып, рота командирі пулеметшінің қасына жетті. (Ә.Н.) Ғазиз әуелі сескеніп, кейін шегіншектеп кеткен. (А.Смайылов)

§ 40. ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Демеулік шылаулар *демеуліктер* деп аталады. Олар өз шылауында тұрған сөзге я сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән сияқты қосымша мағына үстейді, бірақ септеуліктер жалғаулықтар сияқты сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстыра алмайды. Мысалы: *Алдымда толған мақсат, толған таңдау. Алайын мынауын ба, анауын ба?* (С.Т.) *Ертең емес, бүгін-ақ, қазір-ақ жүрсек етті.*

(М. Ә.) *Үлкен үйге кірген соң бәрі де кішірейіп кеткендей, отырғандар құмандай ғана болып қалыпты.* (F. M.)

Бірінші сөйлемде **ба** демеулігі сөйлемге сұрау мағынасын үстеп, *мынауын* және *анауын* сөздерімен ғана тіркесіп тұр. Екінші сөйлемде **-ақ** демеулігі *бүгін, қазір* сөздерінің шылауында қолданылып, ол сөздерге күшейткіш мән үстеген. Үшінші сөйлемде **де** демеулігі *бәрі* сөзіне күшейткіш мән үстеп, **ғана** демеулігі *құмандай* сөзінің шылауында жұмсалып, оған шектік мән үстеп тұр. Бірақ олардың бірде-бірі сөз байланыстыру қызметін атқармайды. Демеуліктер орыс тіліндегі «частицы» деген көмекші сөздерге сәйкес келеді.

Демеуліктер негізгі сөзге (сөйлемге) үстейтін мағынасына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

1. **Сұраулық демеуліктер:** *ма (ме, ба, бе, па, пе), ше.*

2. **Күшейткіш демеуліктер:** *-ақ, -ау, -ай, әсіресе, да, (де, та, те).* *Да (де, та, те)* шылауы күшейткіш мәнді білдіріп, бірде демеулік болса, бірде бірыңғай мүшелерді, сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстырып, жалғаулық шылау қызметін атқарады. Мысалы: *Сен де бір кірпіш дүниеге. Кетігін тап та, бар, қалан.* (Абай) Бұл сөйлемде **де** шылауы – демеулік, ол *сен* сөзіне күшейту мәнін үстеп тұр, бірақ оны басқа сөзбен байланыстырып тұрған жоқ. Ал **та** шылауы – жалғаулық, ол *тап* және *бар, қалан* деген бірыңғай баяндауыштарды ыңғайластық мәнде байланыстырып тұр.

1. **Шектік (тежеу) демеуліктері:** *ғана (қана), тек,* кейде *-ақ.*

2. **Болжалдық демеуліктер:** *-мыс (-міс)* және кейде *-ау.*

3. **Болымсыздық немесе қарсы мәнді, салыстыру демеуліктері:** *түгел, тұрсын, тұрмақ.*

4. **Нақтылау мәнді демеуліктер:** *қой (гой), -ды (-ді, -ты, -ті)*

146-жаттығу. Демеулік шылауларды тауып, мағынасына қарай топтап жазындар.

Бай адамның айналасы осынша кедей, көзінен сорасы аққан сорлы бола ма екен?! Мырза келін-ай, сен келдің де, көзіміз ашылды ғой! Ауыл иелері Ақботаның артынан ұзақ қарап қалған-ды. Ұлпан мен Шынар да бір-екі рет «алтыбақан» теуіп түсті. (F. M.) Сондай да сөз бола ма екен? Табиғаттың өзі-ақ адамға алуан түрлі сабақ беріп тұрған тәрізденеді. Апырау, Баукеңнің атын сататын батырлар бар екен-ау. Бүгінгіге жағыну үшін бұрынғыны жамандап шыға келеді. Өзімді ғана мақта, өзгенің аты өшсін дейді. Скифтер қола дәуірінде өмір сүрген деседі-міс. (Ә. Н.) – Тірі ме, құлыным, жаны бар ма кеудесінде? – деп, Тоқбике зар еңірейді. Бірақ Әбекең ол өлеңінің қай кітабында жарияланғанын еске түсіре алмаған. Генерал мен ақынның сенің әр тұлғанды суреттеген сөзі мен жырын мақтаныш етемін мен! (С. К.)

147-жаттығу. Демеуліктерді тауып, оларды мағынасына қарай топтаңдар.

Үлгі: *ғана* – шектік демеулігі *бес-алты* деген сөзге шектік мағына үстеп тұр.

ОҚЫМЫСТЫ БАЛА

Ауыл жайлауға көшті. Шідерті өзенінің бойын жағалай киіз үйлер тігілді. Айнала көкорай шалғын. Тай-құнанын мінген балалар шапқыласып, қуанып жүр. Әсіресе, ойының қызығына түскенде, үйлеріне де жоламайды. Көгалда жарысады, аударыспақ ойнайды.

– Жүр бірге ойнаймыз, – деп шақырғанмен, Әлкей балаларға қосыла қоймады. Басқалар сияқты ойынға көп елікпейді.

Әлкейдің қолынан кітап түспейді. Үйінде бес-алты ғана кітабы бар. Соны қайта-қайта ақтарады. Тіпті бәрін жаттап та алған.

Әлкей – зерек бала. Бір айтылған әңгімені ұғып алады. Ертегіні жақсы көреді, ұйып тындайды.

Әлкейге әкесі төрт-бес жасында-ақ әріптерді үйретіп, ежелете бастаған еді. Содан әрі өз бетімен кітап оқитын болды. Ауылға көп тараған батырлар жырын жаттауға кірісті.



148-жаттығу. Шылауларды мағынасына қарай топтап, түрлерін ажыратындар, олардың емлесін есте сақтандар. Әңгімеге ат қойындар.

Мамықтай майда қар. Тығыздалған ескі қардың бетін жаңартып қалқып келіп түсіп жатыр. Ауаның да салқын, сергек лебі шарпып өтті. Қоспан атын жетелеп, қойына қарай аяндады...

Жауған қарды елең қылмай қойлар жайылып жүр. Жоталары аппақ, бір еліден қар тұрған.

Иесіне жауап қатқандай көкшулан саулық маңырап қоя берді. Өзге қойлар да жерден басын алып, бақташысына қарайды. Әлденеге елегізген түрлері бар ма, қалай? Қойдың арғы шетінен қарағай мүйіз қара серке меңкіренеді. Тыныш жатқан малдың ұйытқысы бұзылайын деді.

Бір сұмдықты іші сезгендей. Майлы аяқ келіп иесінің стегіне сүйкенеді. Мүләйім көзімен иесіне жыламсырай қарап, қыңсылап қояды... Арлан төбет Құтпан еш нәрсемен ісі жоқ, маңқиып, қойдың шетінде оқшау тұр.

§ 41. ШЫЛАУЛАРДЫҢ ЕМЛЕСІ

Шылаулардың көпшілігі өздері қатысатын сөзден бөлек жазылады және кейбірі дефис арқылы жазылады. Бөлек жазылатын шылаулардың көбі кейбір грамматикалық тұлғалармен сырт жағынан ұқсас болып келеді. Кейбір шылаулар өздері қатысты сөздердің әуеніне түсіп, үндесіп, бірнеше тұлғада қолданылады. Мысалы: *мен (бен, пен), қана (ғана), қой (гой)* шылаулары

өзінен бұрынғы сөздің соңғы дыбысына, *-ды (-ді), -мыс (-міс)* демеуліктері өзінен бұрынғы сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне, *да (де, та, те)* және *ма (ме, ба, бе, па, пе)* шылаулары өзінен бұрынғы сөздің әрі соңғы дыбысына, әрі соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай түрленіп отырады. Мысалы: *Шығанақ пен Олжабек соңынан ала кірді.* (Ғ. Мұст.) *Құнанбай мен Ізгұтты алда келеді екен.* (М. Ә.) *Толқын да, ағыс та күшейген.* (Ғ. М.)

§ 42. ЖӘНЕ, МЕН (БЕН, ПЕН) ШЫЛАУЛАРЫНЫҢ ЕМЛЕСІ

Және, мен (бен, пен) шылаулары бірыңғай мүшелер мен ыңғайлас мәнді сөйлемдерді байланыстырып, қайталанбай қолданылады. Сондықтан бұл жалғаулықтар байланыстырған сөздер мен сөйлемдердің арасына үтір қойылмайды. Мысалы: *Жомарттың бүгін жүре қоярлық ниеті жоқ еді және оның ниетіне қарай даяр көлік те болмайды.* (Ғ. Мұст.) *Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау. Бірінің сөзі жамау, бірі құрау.* (Абай)

Мен (бен, пен) жалғаулығы сырт тұлғасы жағынан түбірге қосылып жазылатын көмектес септік жалғауымен ұқсас. Оларды бір-бірінен ажыратудың жолы мынадай: көмектес септік жалғауын түсіріп айтуға болмайды. Ал *мен (бен, пен)* жалғаулығын түсіріп айтуға да (онда жалғаулықтар орнына үтір қойылады) басқа жалғаулықпен (мысалы: *және* немесе *да, де, та, те*) ауыстырып айтуға да болады. Мысалы: *Жақсымен жанас* деген сөйлемді *жақсы жанас* деп – *мен* тұлғасынсыз (көмектес септігінсіз) айтуға болмайды. *Жақсылық пен жамандық кейін алдыңнан қайтады* деген сөйлемді *жақсылық, жамандық кейін алдыңнан қайтады* деп те, *жақсылық*

және жамандық кейін алдыңнан қайтады немесе жақсылық та, жамандық та кейін алдыңнан қайтады деп те айтуға болады.

Мен (бен, пен) жалғаулығы байланыстырған бірыңғай сөздердің алдыңғысындағы септік жалғауы түсіріліп айтыла береді. Мысалы: *Алыс пен жақынды жортқан білер.* (Мақал) *Әке мен шешенің еңбегін ұмытпа* деген сөйлемдерде *алыс* сөзі табыс септікте (*алысты*), *әке* сөзі ілік септікте (*әкенің*) тұрғаны белгілі.

Және, мен (бен, пен) жалғаулықтары бірнеше бірыңғай мүшелердің соңғы екеуінің арасын байланыстырады немесе бірыңғай мүшелерді екі-екіден топтап барып байланыстырады. Мысалы: *Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау. Бірінің сөзі жаммау, бірі құрау.* (Абай) *Омар, Оспан және Ахмет үшеуі сабақ оқып отыр. Күрес пен күлкі, қайғы мен шаттық, алыс пен жеңіс, жеңіліс пен жетіліс болмаса, бұл шіркіннің өзі де тоңған мұз, ұйыған айран емес пе?* (Ғ. М.)

149-жаттығу. Жақша ішінде берілген *мен, бен, пен* тұлғаларының жалғаулық не септік жалғау екенін ажыратып, бөлек я бірге жазылатынын анықтап, сөйлемдерді көшіріңдер.

Ағашты ара (мен) кесіп, балта (мен) ұсақтады. («Нұрлы жол» газетінен) Асықпаған арба (мен) қоянға жетеді. (Мақал) Жаңбырлы жылдары қалың қау (мен) ойпаттарға мол шалғын шығады. Бір күні азық тасып апарудың кезегі Қалқаман (мен) Жандосқа келді. (С. М.) Оқығанды көңілге ықылас (пен) тоқылық. (Ы. А.) Ол адыр (мен) жоталарды кезумен келеді. (Газеттен) Тас (пен) ұрғанды ас (пен) ұр. (Мақал)



150-жаттығу. *Және, мен (бен, пен)* жалғаулықтарының колданылу, сөздерді, сөйлемдерді байланыстыру ерекшеліктеріне бірнеше сөйлем ойлап жазып, талдап көрсетіңдер.

§ 43. ДА (ДЕ, ТА, ТЕ) ШЫЛАУЫНЫҢ ЕМЛЕСІ

Бұл шылау өзі қатысты сөздің соңғы дыбысына қарай үндестік заңы бойынша бірде *да*, бірде *та*, бірде *те* болып өзгеріп отырады. *Да (де, та, те)* бірде жалғаулық, бірде демеулік ретінде де қолданылып, өзі қатысты сөзге қосымша мән үстеп қана тұрса, онда ол – демеулік те, ыңғайластық мәнді сөздерді я сөйлемдерді байланыстырып тұрса, онда ол – жалғаулық. Демеулік мәнінде бұл шылау қайталанбай, бір ғана сөздің жетегінде тұрады да, жалғаулық мәнінде ол көбіне қайталанып келіп, не кейде қайталанбаса да, екі сөзге я сөйлемге ортақ болып отырады немесе оны басқа жалғаулықпен ауыстыруға болады. Мысалы: *Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан.* (Абай) Сөйлемдегі *де* – демеулік, *сен* деген сөзге ғана қатысты болып, оған күшейткіш мағына үстеп тұр, ал *та* – жалғаулық, ол *тап, бар* және *қалан* деген бірыңғай баяндауыштарды ыңғайластыра (бірінен кейін бірі болған қимыл) байланыстырып тұр. Бұны қайталап та (*тап та, бар да қалан*) қолдануға болады.

Да (де, та, те) жалғаулығы да, демеулігі де сырт тұлғасы жағынан жатыс септік жалғауымен ұқсас келеді. Жатыс септік жалғауы *-да (-де, -та, -те)* сөзге жалғанып, бірге жазылады, оны түсіріп айтуға болмайды. Ал *да (де, та, те)* шылауы бөлек жазылады, оны түсіріп те айтуға немесе жалғаулық мәнінде келгенде басқа жалғаулықпен алмастырып та қолдауға болады. Мысалы: төмендегі сөйлемді

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап, бар және қалан – деп айтуға болса, *Жасымда ғылым бер деп ескермедім – жасымда* сөзіндегі *-да* жатыс септігін түсіріп айтуға мүлдем болмайды.

151-жаттығу. Жақша ішінде берілген (да, де, та, те) тұлғаларының жалғаулық, демеулік немесе септік жалғау екенін ажыратып, бөлек немесе бірге жазып көшіріндер.

Ауыл арасын (да) қыдырып жүретін ертегілер бар. Ағашқа кірген (де) балалардың қорықса қорқатыны қасқыр ғана. Қасқыр туралы (да) ұғымы әлгіндей Қалқаман:

– Барайық! – деді кесінді сөзін айтып. Мен (де) қорқа қоймаймын қасқырыңнан. Ал өгіздерді ағытайық (та) кетейік. Ағашқа кіре, ол құрыққа жарарлық екі қайынды тамырын таба қопарып, безінен сабағы кере құлаштай – шоқпар жасады (да), кішірегін Жандосқа беріп, үлкенін өзі алды.

Бүлдіргендерді балалар жеп (те), қалталарын толтырып (та) алды. Бұл маңай (да) ел көрінбейді ғой. Қалқаман Жандосты шап беріп құшақтады (да), иығына салды. Лақ тағы (да) бақырды. Бұл жолы бұрынғыдан (да) қаттырақ, бұрынғыдан (да) аяныштырақ!

Әлгі қасқырлардың бұл ара (да) апаны бар.



152-жаттығу. *Да, де, та, те* шылауларының әрі жалғаулық, әрі демеулік мәнінде жұмсалыуына және жатыс септік тұлғасымен келуіне үш-үштен сөйлем ойлаңдар. Олардың әрқайсысының мағыналық, қызметтік ерекшеліктерін талдап көрсетіндер.

§ 44. МА (МЕ, БА, БЕ, ПА, ПЕ) ШЫЛАУЫНЫҢ ЕМЛЕСІ

Ма (ме, ба, бе, па, пе) шылауы сөйлемге сұрау мәнін үстеп сұраулы сөйлем жасаудың бір жолы болып табылады да, өзі тіркескен сөзден бөлек жазылады. Мысалы: *Бұрын мұндай самғарлық күйіміз болды ма?* (Н.Б.) Бұл шылау сыртқы тұлғасы жағынан *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* деген болымсыз етістік жасайтын жұрнақтармен ұқсас келеді. Бірақ шылау

бөлек жазылады да, болымсыз етістік жұрнағы түбірге қосылып, бұйрықты мағынаны білдіріп, бірге жазылады. Мысалы: *Ғылым таппай мақтанба!* (Абай) *Ақын аты ақын ба, құрғақ сөзбен мақтаса?* (Жамбыл)

Ма (ме, ба, бе, па, пе) демеулігі кейде әр бірыңғай мүшеден кейін қайталанып та жұмсала береді. Мысалы: *Ерте ме, кеш пе, пайдаға ма, зиянға ма, сен де барыңды бересің.* (Ғ.М.) Көбінесе бұл шылау сөйлемнің баяндауышынан кейін келеді. Мысалы: *Аңсаған шөлде су тапса, бас қоймай ма бастауға?* (А.)

Кейде бұл шылау жіктік жалғауынан бұрын да келеді. Ондайда оның тұлғасы *-мы, -мі, -бы, -бі, -пы, -пі* болып өзгеріп, сөзбен қосылып бірге жазылады да, одан кейін жіктік жалғау жалғанады. Мысалы:

- *Баласысың ба? – Баласымысың?*
- *Жақсысың ба? – Жақсымысың?*
- *Келгенсің бе? – Келгенбісің?*

153-жаттығу. Сұраулық демеуліктерді тауып, қай сөздің шылауында жұмсалғанын, білдіріп тұрған мағынасын ажыратыңдар.

- Шіркін-ай, мына жазықта қасқыр кездеспейді-ау, ә!
- Кездесе қайтер ең?
- Бас сап қуар ем.
- Машинамен бе?
- Қасқыр! – деді Қалқаман.
- Онда неғып отырады?
- Абай айтқан жоқ па? –
- «Ылай суға май бітпес қой өткенге, Күлеміз қасқыр жалап дәметкенге! Сол қасқырша алақтап түк таппадым».
- Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе? – деп.
- Жөнімізге кетпейміз бе?
- Қасқырларды қумаймыз ба?
- Жолсыз жерде жеткізе ме ол?

– Қырға қашқаны жасы болу керек, соны қуамыз ба, жоқ анау сайға қашқан кәрісін қуамыз ба? (С. М.)



154-жаттығу. Жақша ішінде берілген ма, ме, ба, бе, па, пе дегендер шылау я жұрнақ екенін ажыратып, дұрыс жазындар.

1. Дедім мен: «Досым, мақтан (ба) Азырақ дүние тапқанға».
2. Перзенттер өткендердің көзі емес (пе)?
Қарашы, ұқсастығың өзі емес (пе)?

(Қ. Бекежанов)

3. Ондай жалғыз Серік қана (ма) екен? (С. Шұқын)
4. Өлді деуге бола (ма), айтындаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған (А.)

1. Айтсам (ба) деп едім анығын.
2. – Жұмабайдың әкесі (ме)?

(«Нұрлы жол» газетінен)

§ 45. ДЕФИС АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛАТЫН ШЫЛАУЛАР

Тілімізде **-ақ, -ай, -ау, -мыс, -міс, -ды, -ді** демеуліктері өзі шылауында жұмсалған, яғни өзінен бұрын сөзбен дефис арқылы жазылады. Мысалы: *Өзің-ақ бар! Күннің суығын-ай! Орнын жаңа тауыпты-ай! Келісе келді-ау деймін. «Үйлесер едік» деп айтады-мыс. (Б. М.) Осындай көп хабарға қанып келген-ді. (М. Ә.)*

155-жаттығу. Дефис арқылы жазылатын шылауларды анықтап, олардың қалай жазылғанын түсіндіріңдер, мағыналарын ажыратындар.

- Обал-ай – деді Алтынсары, – көлік бүлінген екен.
- Сен-ақ қопандай береді екенсің, – деп бәйбіше ұрсып тастады.
- Сорлы-ай, қартайғанда не күйге ұшырадың? – деп бәйбіше жылап қоя берді.

– Не дейді, жаным-ай! – деді нанарын да, нанбасын да білмеген Тастемір. Іздеп баруды Тастемір ойлаған-ды. Сиыр мен биені сен-ақ сау!.. (С. М.)



Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Шылаудың басқа сөз таптарынан қандай айырмашылықтары бар? 2. Не себепті шылаулар сөйлем мүшесі бола алмайды? 3. Шылаулар қандай сипатына қарай септеулік, жалғаулық, демеулік болып бөлінеді?. 4. Септеуліктер мен жалғаулықтардың бір-бірімен ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай? 5. Септеуліктер мен жалғаулықтар қандай мағыналық қатынастарды білдіреді? 6. Демеуліктердің мағыналық ерекшеліктері мен септеулік, жалғаулық шылаулардан айырмашылықтары қандай? 7. Қандай шылаулар қандай грамматикалық тұлғалармен ұқсас келеді және олар қалай жазылады? 8. Қандай шылаулар өздері қатысты сөздің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес дыбыстық өзгеріске түсіп қолданылады? 9. Қандай жағдайда сұраулық шылаулар –мы, -мі, -бы, -бі, -пы, -пі болып өзгереді және қалай жазылады? 10. Дефис арқылы жазылатын шылауларды атап, әрқайсысына мысал келтіріңдер.



156-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, шылауды оның түрлеріне қарай ауызша ажыратыңдар. Қожанасыр туралы естіген әңгімелерінде шылауларды қатыстыра отырып, үйде әңгіме жазып келіңдер.

ҚИРАҒАН ҚҰМЫРА

Күндердің күнінде ерте көктем кезінде жұртқа ілесіп Қожанасыр базарға барыпты. Бұрын базар көрмеген Қожекең тамашалап көп жүрсе керек.

Бір кезде байқап қараса, халық қатары сиреп, базар тарап бара жатыр екен. Сонда ғана базардан ештеме алмағаны есіне түсіп, бір нәрсе алайын десе, құмырашалардан басқасы кетіп қалыпты.

«Маған бұйырғаны осы болар» деп бір үлкен құмыра сатып алады да, үйіне қайтады.

Оның аулына таяу жерде өзен бар екен. Көп жүріп

шаршаған Қожанасыр көпірмен айналып жүргенше деп, үйінің тұсынан, мұз үстімен төтесінен өтіпті.

Көктемде шыңы жетіп тұрған мұз Қожекеңнің салмағына әрең шыдап тұрса керек. Сондықтан ол:

– Ә, құдай, сақтай көр! – деп келе жатады да, өзеннің жағасына жақындай бергенде:

– Құдайым, сақтасаң сақта, сақтамасаң қой! – деуі сол екен, мұз ойылып кетіп, суға жығылады. Қараса сатып алған құмырасы быт-шыт болып бір жерде жатыр, үсті-басы малмандай су. Сонда күйініп кеткен Қожанасыр:

– Құдай да қызық екен, қалжындағанды түсінбейтін, – депті. («Ел аузынан» кітабынан)

ОДАҒАЙ

§ 46. ОДАҒАЙ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Толық мағынасы жоқ, сондықтан затты, құбылысты, әрекетті нақты білдірмей, тек адамның әр түрлі көңіл күйін, сезімін білдіретін немесе жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер *одағай сөздер* деп аталады.

Одағай сөздер қуану, шаттану, таңырқау, ұнату, ренжу, түңілу, өкіну, шошыну, жекіру, күрсіну сияқты көңіл күйін білдіреді немесе жан-жануарларды, малды шақыру, қуу үшін қолданылады. Мысалы: *Япырым-ау, қайда сол күндер?! (А.) Қап, барлық еңбектері далаға кетеді-ау! (Ғ. М.) Аухау-аухау деп кешкі тынық даланы басына көтерді. (С. М.)*

Берілген мысалдардағы *япырым-ау, қап* деген одағайлар армандауды, өкінгендікті білдіріп тұрса, *аухау-аухау* деп сиырды шақыру үшін айтылады.

Одағайда, біріншіден, лексикалық (негізгі) мағына болмайды. Екіншіден, сөйлемде одағайлар басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, оқшау айтылады. Сондықтан да одағай сөйлем мүшесі бола алмайды.

157-жаттығу. Одағайларды тауып, қандай мағынада жұмсалып тұрғанын айтындар.

– Жаным-ау, Кәменбісің? Садағаң кетейін, жарығым-ау, көктен түстің бе, қайдан келдің?

– Сен бе, ей! – дейді.

– Мен ... – деймін.

– Қап, мына боқмұрынды-ай! (Ғ. М.)

Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді, бойды шымырлатты.

– Өйт, шіркін!.. Па, сабазым-ай!

– Ой, пәле-ай!.. (Ж. Айм.)

– Әй, – дейтін маған танауы делдиіп, – егер осы тұрған жерімізден тура шықсақ, қайда барар едік, білемісің?! (О.Бөкей.)

– Уай, пәлі, – десті жұрт ән басылған соң. («Нұрлы жол» газетінен)



158-жаттығу. Төмендегі өлең жолдарынан одағай сөздерді тауып қандай көңіл күйін бідіріп тұрғандығын айтындар.

1. Ойпырым-ай, алла-ай, жасаған!

Қысылды ғой шыбын жан!

Қуат кеміп барады,

Көл болды аққан қан... (А. Байтұрсынов.)

2. Ауа, шіркін! Не деген жұпар едің!

Жұта бергің келеді, жұта бергің.

Жалғыз ақ осы ауамен қоректенсең,

Досым, сен бұл өмірден ұтар едің... (М. Мақатаев)

3. Беу, жастық-ай! Сызбейді-ау құлағанын,

Бір қамшы салдыртпайды құла-жаным.

Азаптап құтқарайын десем-дағы,

Таба алмай-ақ қойғаным бір амалын... (М. Мақатаев)

4. ...Басқадан көрмегенді сенен көрем,

Сен биікте жүрсін деп, төмендегем.

Кім екен мені өзіңе дуалаған?!

О, тоба, мен неғылған өлермен ем?! (М. Мақатаев)

§ 47. ОДАҒАЙДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Одағайлар ойға үстейтін мәніне қарай үш түрге бөлінеді:

1. Көңіл күй одағайлары шаттану, таңырқау, ақсау, қуану, ұнату, ренжу, түңілу, өкіну, шошыну, назар аудару сияқты мәндерді білдіреді. Олар: *пәлі, опырай, алақай, пай-пай, бәрекелді, түү, уһ, аһ, әй, еһе, әттең, өй, ой, қап, әттеген-ай, беу, ау* т.б.

2. Жекіру одағайлары жекіру, тыйым салу, бұйыру сияқты мәнді білдіреді. Олар: *тәйт, тек, жә* т.б.

3. Шақыру одағайлары мал, ит, құсты шақыру, қуумен байланысты мәнді білдіреді. Олар: *құрау-құрау, шөре-шөре, көс-көс, айт, қош-қош, моһ-моһ, құр-құр, кә-кә, пырс* т.б.

Одағайлар сөйлемдегі ойға қатысты болғанмен, ондағы жеке сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, оқшау айтылады. Әрі одағайдың толық мағынасы болмайды, олар сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды.

Одағай сөйлем басында да, ортасында да, соңында да қолданыла береді. Одағай сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады. Мысалы: *Япырым-ау, осы сізге түсер пайда бар ма?* (М.Әуезов).

Одағай сөйлемнің ортасында келсе, оның екі жағынан үтір қойылады. Мысалы: *Тұрсам, о тоба ай, айнала көк шалғын! Сізге, тәйірі, со да сөз болып па?*

Одағай сөйлемнің соңында келсе, оның алдынан үтір қойылады. Мысалы: *Мұны бастаған кім, ә! Соны айтшы, бәсе!*

Әдетте одағайлы сөйлемнің соңына леп белгісі қойылады. Мысалы: *Пай-пай! Шіркін, қазақтың келіндері-ай!*

Қайталанып айтылған одағайлар дефис арқылы жазылады: *құрау-құрау, пай-пай, әй-әй, құр-құр* т.б.

Одағай сөздер өзінің мәніне сәйкес, яғни әр түрлі көңіл-күйін, жекіру мәнін білдіруге байланысты диалогта, көркем әдебиетте жиі қолданылады. Диалогта кейде одағайлар осы мәндеріне лайық бір сөйлемнің орнына да жұмсала береді. Мысалы:

- Жаңа бір күш біткендей болды.
- Бәрекелді!
- Япыр-ай, ә!

159-жаттығу. Төменде берілген одағайларды қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Ү л г і: *Алақай, ауылда Наурыз мерекесі болып жатыр!*

Алақай, опырай, түү, бәрекелді, уһ, беу, әттең, ой, қап, пәлі, әттеген-ай, тәйт, моһ-моһ, шөре-шөре, құрау-құрау, пұшайт-пұшайт.



160-жаттығу. Одағайларды тауып, түрлеріне қарай ажыратыңдар.

Ү л г і: *ой* – ренжуді білдіретін одағай.

– Ой, өзің барып тұрған бұзықсың ғой. Соншама қапаландырып, не көрінді – деген шын ренжіген түрмен. (*Газеттен*) Ащы-ау тілің, пай-пай! (*Ғ. Мұст.*) Жә, жә, осы ат мінгізгендей көрейік. Тек осындаймен мақтанғанды қойшы. (*М. Ә.*) Уа, қой деймін, бала! (*М. Ә.*)

Түү, Ғұмар кісінің әңкі-тәңкісін шығардың-ау! (*Ш. Х.*)

– Ей, не болды сонша ентігіп?! Амандық па, әйтеуір? – деді Ораз шал бұл екі иінінен дем алып жанына жеткенде:

– Әй, шал-ай, қайтесің енді. Туған елін кім ойлап, кім аңсамайды.



Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Одағай нені білдіреді?

2. Одағай сөздерде толық (лексикалық) мағына бола ма?

3. Не себепті одағайлар сөйлемде оқшау айтылады?

4. Одағайдың сөйлем мүшесі бола алмауының себебі неде?

5. Одағайдың қандай түрлері бар?

6. Одағайлы сөйлемде қандай тыныс белгілері қойылады?

§ 48. ТӨЛ СӨЗ БЕН ТӨЛЕУ СӨЗ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Кейде сөйлеуші өз сөзін, айтқан ойын келтіріп отырады. Сөйтіп, бір сөйлемнің ішінде екі адамның сөзі, пікірі, ойы қолданылады. Мысалы: *Жұман көштің алдына түсіп алып: «Қайтсем, Игіліктің жанына қаттырақ батырар екенмін» – деп келе жатыр еді. (F.M.)* Бұл мысалда *«Қайтсем, Игіліктің жанына қаттырақ батырар екенмін»* деген Жұманның сөзі өзгерілместен сөйлемнің ішіне енген. Міне, осындай біреудің сөзін бұлжытпай, өзгеріссіз өз сөзінің ішінде берілуін **төл сөз** дейміз. Сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертіп жалпы мазмұнын ғана сақтап беруін **төлеу сөз** дейміз. Жоғарыдағы сөйлемді былай да құрауға болады: *Жұман көштің алдына түсіп алып, қайтсе Игіліктің жанына қаттырақ батыруды ойлап келе жатыр еді.* Бұнда Жұманның сөзі өз аузынан шыққан қалпындай беріліп тұрған жоқ. Мысалы: *Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, комиссар Мұхамедияров менің осы ротаға политрук болып тағайындалғанымды айтты (M.F.)* деген сөйлемде комиссар Мұхамедияровтың сөзі сол күйінде емес, сөйлем ішінде мазмұны сақталып тұр.

Төл сөзді төлеу сөзге және керісінше, төлеу сөзді төл сөзге айналдыруға болады.

161-жаттығу. Оқып шығып, төл сөздерді бір бөлек, төлеу сөздерді екінші бөлек етіп жазындар.

«Дұрыс айтасың, – деді Мәулен кесегімен омырылған тұтас бір балшықты жоғарыға ырғыта тастап, – мәселен, күшімнің жетпейтінін сезсем, мынаны көтеріп әуресарсаң боламын ба?» – О да терлеген, сырт киімін шешіп тастап, жұмысқа қызу кіріскен. (C.Ш.) Ерте заманда осы Құмкент бойында мол су болғанын баяндады. (M.Ә.) Каналдың жоспарымен қатар Байжан Бақабастың

сағасына аудан орталығы да көшетіндігін, бұл қаланың аты Алмалық болатындығын, оны мәдениетті қала қып салу үшін нендей материалдар қажет және күш керектігін айтып шықты. (С.М.)



162-жаттығу. Мәтіннен төл және төлеу сөздерді тауып, оған мән беріңдер. Тыныс белгілеріне назар аударыңдар.

Секретарь сөйлеушінің бар не жоқ екенін сұрады. (Ф.Мұст.) Ол Майқан мен Өтегелдіге жылаулар азайтып бүгіндер бойды берік, қатаң ұстауды бұйырды. (М.Ә.) Мәулен бір байламға тез келді де, Инеш пен Гүлшаттан екі минутқа рұқсат алды. Жүгіріп пойыз начальнигіне барды. Өзінің әскерден қайтып келе жатқанын, осында майдандас жолдастарының қарындасын кездестіргенін, екі билет керек екенін асыға мәлімдеді. (С.Ш.) Шығанақ дағдарған кісідей сұлық отырып, күрсініп алды да: «Мен түсіне алмадым онда!» – деді. Ержан: «Көрейін күшінді», – дегендей тиісе сөйледі: «Түсінбесеңіз, түсінгеніңіз де оңып тұрған жоқ...» (Ф.Мұст.)

§ 49. ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІ

Төл сөзді де, төлеу сөзді де жеткізіп, оған түсінік беретін сөйлеушінің өз сөзін **автор сөзі** дейміз. Жоғарыдағы мысалдарда: *Жұман көптің алдына түсіп алып ... деп келе жатыр еді* және *Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, комиссар Мұхамедияров ... айтты* дегендер автор сөзі болады. Сөйтіп, автор сөзі төл сөздің кімнің сөзі екенін, кімге қаратылып айтылғанын, қандай жағдайда айтылғандығын айқындап, белгілеп тұрады. Төл сөз бен автор сөзі айтылуда белгілі дауыс ырғағы арқылы, ал жазылуда тыныс белгілері арқылы ажыратылады да, төлеу сөз бен автор сөзі олай ажыратылмайды, тұтас бір сөйлем құрамында жұмсалады. Төл сөз бен автор сөзі, әдетте, автор сөзінің құрамында қолданылатын *де (деді, деп, дейді, дегендей)* көмекші етістігі арқылы байланысады.

163-жаттығу. Оқып шығып, төл сөз бен автор сөзін бөліп, олардың арасы қалай байланысып тұрғанын көрсетіндер.

1. Тіпті әкесі: «Тандаған тазға жолығадының» кезі келді. 2. «Сөз байласқан бұрынғы құдалардың бетіне қалай қараймыз?» – деп айтып та тастапты. 3. – Әке, мен Төле биге барып сәлем беремін, өзін көріп, сөзін тыңдағым келеді, – деп бала Қазыбек қолқа салғанда әкесі:

– Ойбай, балам-ау, ол үлкен кемеңгер кісі, не деп барасың, алдында сөз таба алмай күлкі боласың, барма, – дейді. 4. Жантай тұрып: «Мынау менің жалшым еді, өзіммен төбелесіп бір күрек тісімді сындырды. Бұның құнын сұрасам бермейді. Жалға жүрген ақымды бер деп жүр». – дейді. 5. Атты бәйгеге қосып отырған иесі: – Жоқ, бұл мүлде жала, өзімнің кер биемнен туған қолтума малым – дейді. 6. Ер иесі Әйтеке, даулаушы Төле би болыпты. «Қапталың қайың, қасың тал, Қазыбек қосқан ерсін?» – деп Әйтеке би іліп әкетіп, өз уәжін айтады. 7. Қазыбек биге бір адам: «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» – деп қиылып отырып алыпты. 8. Келдібек: «Бұған бір қулықтың сүті не болады дейсің, екі биенің сүтін емсін. Қызыл тарланбас мама сүтті бие еді, соның құлынын өзің сойып же де, соған теліп жібер», – деп тапсырады жылқышыға. 9. Сонан соң олардың да ыңғайлы атқа мінгендей, ықшам киім кигендей жігіттері келіп: «Сөзге дәмелің қалмандар!» – деп шақырып кетеді. 10. Сонда Қазыбек барып қызды көзімен көріп келіп: «Сылтауыңыз сұңқар, қаз бен үйрек дегдар екен», – деп күліпті. (*«Үш пайғамбар» кітабынан*)

§ 50. ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІНІҢ ОРЫН ТӨРТІБІ МЕН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібі төмендегідей болады:

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: *«Дені сау кісіге қарап отыру қиын ғой», – деп Жамал даусын солғындау шығарды. (F. Мұст.)*

2. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрады. Мысалы: *Жиренше сөз таба алмай ұялып қысылып қалды: «Ұят болды. Өзім де өкіндім». (M. Ә.)*

3. Төл сөз автор сөзінің ортасында тұрады. Мысалы: *Келді де: «Абай, шырағым, сені әкең шақырып жатыр», – деді. (M. Ә.)*

4. Төл сөз автор сөзінің екі жағында тұрып, автор сөзі төл сөздің ортасына орналасады: *«Өз өлеңім емес, – деді мынау үлкендердің шамасын біраз қылжақ еткендей боп, – бағана кешке Шөжені көріп ем, соның өлеңі». (M. Ә.)*

Кейде төл сөз бен автор сөзінің көп құрамды күрделі түрі де кездеседі. *Ол сабырлы, момын пішінмен: «Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да: «Ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым», – деді. (M. Ә.)*

Төл сөз бен автор сөзі бір-біріне арнаулы тыныс белгілері арқылы бөлінеді. Төл сөз, әдетте, тырнақшаға алынады да, төл сөз хабарлы сөйлем болса, үтір (сөйлем бітсе нүкте), лепті сөйлем болса, леп белгісі, сұраулы сөйлем болса, сұрау белгісі қойылады. Төл сөздің алдында тұрған автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады да, төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдынан сызықша қойылады. Оны сызбамен (схемамен) былай көрсетуге болады:

1. «Төл сөз», – автор сөзі.
2. Автор сөзі: «Төл сөз».
3. Автор сөзі: «Төл сөз», – автор сөзі.
4. «Төл сөзі, – автор сөзі, – төл сөз».

Кейде тырнақшаға алынбай, төл сөз сызықшамен басталып жазылады. Сызбасы:

- Автор сөзі: – төл сөз, – автор сөзі.
– Төл сөз, – автор сөзі

164-жаттығу. Төл сөз бен автор сөзін тауып, олардың орын тәртібін түсіндіріңдер.

1. «Мүмкін, құдай сол тілегімді қабыл көрген болар, – деп ойлады ол бүгін жолда келе жатып, – өйткені бұл – менің ақырғы тілегім ғой». 2. Қапыда қалдым ғой... Қайтейн, қайтейн, – деп күбірлей берді. 3. «Жеттім-ау ақыры, – деді ол көкірегі қарс айрылып, – мынау дәу де болса, «Көкөзек» ұжымшарының орталығы болар». 4. Қарт қатар жарысқан қос өзенге қарап тұрып: «Қабырға-Базарым, қалың ел – Назарым», – деп кібірледі. Көкірегін қарс айыра терең дем алды. 5. «Бұл сұмырай менің түнде жатар жерімді аңдып келеді-ау, – деді қарт тағы да, – көзім ілінсе-ақ жарып тастайды». 6. «Ойпырым-ау, шынымен-ақ жақын қалды, ә? – деді ол өзінің осыншалық жер түбіне қалай жеткеніне қайран боп, – Жол жүрсең ғана қысқарады. Тек амал қанша, бұл сапарға әлдеқашан шығу керек еді-ау» (Қ.Жұмаділов.)

165-жаттығу. Төл сөз бен автор сөзін тауып, орын тәртібінің сызбасын көрсетіңдер. Досболдың бірде Жиренше шешен болуын, бірде Алдар болу себебін түсіндіріңдер.

Досбол жігіт ағасы болған шағында қарт батыр Қошқарға сәлем бере келіпті. Сонда батыр тұрып: «Шырағым, осы сен Жиренше шешенбісің, әлде Алдар көсемісің?» – депті. Досбол табан астында: «Төбеге би, төскейге мал толғанда, мен Жиренше шешенмін, ал жанға зор, жағаға қол жеткенде, Алдар көсемін!» – деген екен. («Ел аузынан» кітабынан)



166-жаттығу. Көшіріп, төл сөздерді тауып, тыныс белгілерін түсіндіріңдер.

1. Кедердің әңгімесіне риза болып отырған Мадра-зим: – Енді, ата менің де сізге бір сұрауым бар, – деді жүгіріп барып құлағына, – демалыс үйі қалай, ұнады

ма сізге? 2. Ол: «Мен кімнің перзентімін, байқадыңдар ма?» дегендей қомдана түсіп жан-жағына қарап қойды. 3. – Сені күттіріп қойдым-ау? – деді ауыз үйден жеңілдеу киініп кірген Владимир Иванович жадыраған кейіппен, – жеңген төркіндеп кеткен, қызымыз тұрмысқа шыққан, ұлымыз Ташкентте оқып, үйленіп, жұмысқа орнала-сып, Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу мақташылық ин-ститутында ғылыми қызметкер болып жүр. 4. Қасиет: «Мен істей салайын осының барлығын», – деп орнынан қозғалайын десе қайтарып тастайтынын біліп, қысы-лып отыра берді ыңғайсыз көрінсе де. 5. «Мені сынап қалжың үшін айтып отырған болса керек», – деп ойла-ды ішінен. (С. Бұхар.)

ДИАЛОГ

Көркем әдебиетте екі я одан да көп адамдардың тікелей бір-бірімен сөйлескен сөзі беріледі. Ондай екі кісінің бір-бірімен тікелей сөйлескен сөзін **диалог** дейміз.

Диалогта әрбір кісінің сөзінің алдынан сызықша қойылады да, жаңа жолдан бастап жазылады. Мысалы:

Баймақан итті елеместен сөйлеп тұр:

– Жолдас Ахмет Борантаев, сіз әскерде болдыңыз ба?

– Жоқ.

– Мичуринді де оқыған жоқсыз ба?

– Оқымасам да, хабарым бар.

– Ғажап! Әскерде болмаса да, әскери тәртіпті біледі.

(*Ф. Мұст.*)

167-жаттығу. Оқып шығып, диалогты табындар.

ЕРКЕ БАЛА

– Тағы, тағы, папа!

– Болар енді, қызым, мен жұмыс істеуім керек.

– Жо-о-жоқ!

Баян Мақсаттың үстіне есек қылып мініп жүр. Әкесі залдың ішін төрт аяқтап айнала беріп шаршады.

– Енді жетер, азырақ дем алайын, – деп ол қызын үстінен түсіріп еді, еркетайы аузын кере қарс қылып боздай жөнелді.

– Жарайды, жарайды, отыра ғой, қызым, отыра ғой.

Осы шақта сыртқы есіктің қоңырау кнопокасы басылды.

– Сені бір бойжеткен сұрап тұр, – деді есікті ашып қайтқан Қаршыға күйеуіне қарай жымыып.

– Алып кір үйге, – деп Мақсат қызын ертіп бөлек бөлмеге кіріп кетті. Киімін, жағасын түзеп, шашын тарап шыққанда, залда отырған бойжеткен орнынан тұрып, қол ұшын беріп амандасты. (С. Бұхар)



168-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, ондағы әр адамның сөзіне мән беріңдер.

ЫБЫРАЙМЫЗ, ЫБЫРАЙМЫН

Кеше: – Уа, кімсіз?

– Ыбыраймыз.

– Жаймысыз?

– Жаймыз.

– Уа, қайдан келесіз?

– Сайлаудан келеміз,

Елге ойран сап

Ойнаудан келеміз.

Төске таққан шеніміз бар,

Патшаға жаққан ебіміз бар.

Құдайға шүкір, қойдан жуас,

Момақан ғана еліміз бар.

Біз – бай, біз – құдай.

Күш сынасса жүн болады

Кім келеді сайма сай?!

Бүгін: – Уа, кімсің?

– Ыбыраймын.

– Жаймысың?

– Жаймын.

- Уа, қайдан келесің?
- Соттан келемін,
- Соттан емес-ау, оттан келемін.
- Білдің бе?
- Білдім ғой.
- Қалай екен?
- Арыз берген малай екен.
- Солай ма екен?
- Солай екен.
- Не дейді?
- Ақы сұрайды.
- Қанша?
- Он мың сом.
- Он мың сом?!
- Нең қалсын?
- Қатын қалады, мен қаламын.
- Шенің қайда?
- Тозған.
- Елің қайда?
- Күні озған?
- Енді не етпексің?
- Бітем.
- Бітсең біт, мен де соныңды күтем.

§ 51. ТӨЛЕУ СӨЗ

Сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертіп, мазмұнын ғана сақтап беруді **төлеу сөз** дейміз. Ондайда басқа біреудің сөзі автор сөзімен тұтасып айтылады.

Төл сөзді төлеу сөзге айналдырып қолдануға да болады: *Абай бұған күлді де: «Шыңғыс деген белгілі хан аты ғой», – деді. (М. Ә.)* деген сөйлемді төлеу сөзге айналдырсақ, былай болар еді: *Абай бұған күлді де, Шыңғыс деген белгілі хан аты екенін айтты.*

169-жаттығу. Оқып шығып, төл сөз бен төлеу сөздің орын тәртібін, тыныс белгісін жеке сызбамен көрсетіндер. Төлеу сөзді тауып, олардың ерекшеліктерін анықтаңдар.

«Партизан жолдас, сіз екеуміз бір жерде кездескен секілдіміз, сіз мені танымайсыз ба?», – деді. Жағдайымыздың ауырлығын, оған шыдамдылық керектігін айттып жатырмын. «Кішкене Кентай, – деді майор, – тез бар, линия үзіліп қалды, қалпына келтір» (М. Ф.) Тағы бір күні кешке Кәмәш палатаға бас сұғып, Баукеңнің вестибюльге көтеріліп, мені күтіп отырғанын айтты. (Ә. Нұрш.) Сөз арасында құс жайын жақсы білетінін өзі де аңғартып қояды. (С. Мұр.) «Үш жылдың ішінде он екі тексеріс жасадық. Бұл – тұтасып жатқан көмір», – деді Ушаков. (Ф. М.) Ән айтамын деушілерге бірінші қойылатын шарт дауыс болу керектігін айтты. (С. Мұр.) Ерғали Құрымбайды оңашарақ алып шықты: «Үкіметтің декретін есіттің бе, байларды конфискулейтін болдық қой». (Б. М.) Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып: – Өзі тіпті көшелі кісі боп қапты, – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға: – Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам, – деді. (М. Ә.)

§ 52. ТӨЛ СӨЗДІ ТӨЛЕУ СӨЗГЕ АЙНАЛДЫРУ

Төл сөз төлеу сөзге айналғанда, мынадай өзгерістер мен ерекшеліктер болады:

1. Төлеу сөзде автор сөзі мен төл сөз сіңісіп, бір сөйлемнің құрамына еніп кетеді де, автор сөзіндегі **деді (де)** сияқты баяндауыштың орнына *айтты (айтып), хабарлады, өтінді, бұйырды, сұрады* тәрізді сөздер қолданылады: «Паспортынан оқи бер», – деді де, *Жәнібек паспорттарды ұсынды.* (Ф. Мұст.) – *Паспортынан оқи беруін өтінді де (немесе сұрады да), Жәнібек паспорттарды ұсынды.*

2. Төл сөздің бастауышы төлеу сөзде, ілік септігінде (кейде ашық, кейде жасырын түрде) келіп, анықтауышқа

айналады: «Бұл – бір ми жетпейтін өнер емес, тек ерінбесең болғаны», – деді. (F. M.) – Бұның бір ми жетпейтін өнер емес, тек ерінбесең болғаны екенін айтты.

3. Төл сөздің баяндауышы төлеу сөзде табыс септік тұлғасында толықтауышқа айналады:

а) баяндауыш қызметіндегі ашық райлы етістік есімше тұлғасында **-дық, -дік** жұрнағы үстеліп, оған тәуелдік жалғауы мен табыс септігі қосылып жұмсалыады: «Мына топалаңда мен сізді жоғалтып алдым. Енді гана зорға тауып, тұрмын», – деді қазақшалап. (Б.Момышұлы) – Мына топалаңда ол сізді жоғалтып алғанын, енді гана зорға тауып тұрғанын айтты қазақшалап.

ә) төл сөздің баяндауышы бұйрық райынан болса, төлеу сөзде ол тұйық етістікке өзгеріп, оған жатыс я барыс септік жалғауы жалғанып немесе туралы, жөнінде, жайында сияқты шылаулардың бірі тіркесіп қолданылады: «Түспе, Жанәбіл!» – деп қалғанда, Жанәбіл қарқ-қарқ күлді. (F. Мұст.) – Жанәбілдің түспеуін (немесе: Жанәбілге түспеуі жайында) айтып қалғанда, Жанәбіл қарқ-қарқ күлді;

б) төл сөздің баяндауышы есім сөз я тұйық етістіктен болса, төлеу сөзде ол сөзге екенін деген көмекші етістік тіркесіп қолданылады: «Савель ата, жұртпен әңгімеге шеберсің-ау!» – дедім. (M. Г.) – Савель атаға жұртпен әңгімеге шебер екенін айттым.

170-жаттығу. Төл сөздерді төлеу сөздерге айналдырып көшіріңдер.

Үлгі: «Осы мен ұста болуым керек екен», – деп ойлады Жабай. – Жабай өзін ұста болу керек екенін ойлады.

«Осы мен ұста болуым керек екен», – деп ойлады Жабай. (F. M.) «Қалғаны жоқ, Қосымжан бар», – дегенде, бәйбішенің қабағы бүрісіп кетті. (F. Мұст.) Тоғайдан

өтісімен Ербол барлық жайды тез аңғарды: «Бәрекелді, мына қызықты қара! Мынай ауыл алтыбақан теуіп жатыр!» (М. Ә.) «Сіз қазір өте көңілсізсіз», – деді Бану Жақыпбектің жайшылықтағы жайдарлығын көре алмай. (М. И.) «Осыны Құлыншақ маған қиса екен. Қонбаса екен!», – деп, әкеме өтініш айтыпты. (М. Ә.) «Жата бер, апа, шаршап қапсың ғой», – деді Елеусін. (F. Мұст).



171-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқып шығындар. Төл сөзді тауып, орын тәртібін, тыныс белгісін талдап түсіндіріңдер.

ӘЙТЕКЕ БИ

Енді бір аңызда аулына келіп отырған Төле би мен Қазыбек Әйтеке баладан: «Жігіттің жақсысы қандай болады», – деп сұрапты.

– Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген, – дейді Әйтеке.

Сол уақытта үйге бір түлкіге даулы екі кісі келіп кіреді.

– Бала, осы даудың төрелігін сен бере қойшы, – дейді билер.

– Мен түлкінің жүні жетілсін деп жаз басынан сыртынан бағып жүр едім, – дейді жауапкер.

– Мен кешегі қансонарда ізімен келіп індеттім, – дейді талапкер.

Сонда Әйтеке бала аз ойланып:

– Түлкі арлан болса – ізімен келіп індеткендікі; ұрғашы болса – жүні жетілсін деп ін баққандікі. Өйткені ұрғашы ін сақтайды, еркек түз сақтайды, – дейді. («Үш пайғамбар» кітабынан)



Пысықтау үшін сұрақтар: 1. Төл сөз дегеніміз не? 2. Автор сөзі дегеніміз не? 3. Төлеу сөз дегеніміз не? 4. Төл сөз бен автор сөзі қалай байланысады? 5. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі қандай? 6. Төл сөзде қандай тыныс белгілері қойылады? 7. Диалог дегеніміз не?

АБАЙДЫҢ ЖАУАБЫ

Абай он үш жасында қайны атасы Алшынбайға сәлем беруге келеді. Абайдың қайын жұрты және нағашы да Қаракесек ішіндегі Шаншарлар. Абай атасының үйіне кіріп келсе, Шаншардың алты-жеті қарты жиендерін әрі сыйлау, әрі сынау мақсатымен оны арнайы тосып отыр екен. Абай есіктен кіре дауысын созып:

– Әс-сә-ләу-ма-ға-лей-күм! – деп, үйдегі кісілерге сәлем береді.

Сонда қарттың бірі:

– Пай-пай-пай, мына көмейі суырылған шешеннің ұрпағы-ай, сәлемнің өзін әндете баптауын-ай! – дегенде, екінші қарт іле:

– Е, әкесі Құнанбайға ұқсамай, өзін тіл мен сұқтан құдайдың сақтауын-ай! – деп қалды. Үшінші қарт жұлып алғандай:

– Әлден-ақ жүндес тоқты қошқардай, бүкіл денесін қалың түктің қаптауын-ай! – дейді...

Сол кезде Абай басқа Шаншарларға сөз кезегін бермей, тосыннан кейіп кетіп, әлгі үшеуіне тесім қарап тұрып:

– Әй, әттеген-ай! Әуелде қыздарынды ұзатқанда, бәрің бірден жабыла жамырап: «түкті бала таппа» деп айтпауын-ай! – деп төрге барып отыра кетіпті...

Орталарында отырған Алшынбай аналарға оқыс бұрылып, рақаттана мырс-мырс күліп:

– Ал ендеше, үшеуіңе бір сыбаға! – деген екен.

(«Ел аузынан» кітабынан)

БАЙЛЫҚ ПЕН АҚЫЛ

Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жиып алып былай депті:

– Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы мен байлығы сай болса,

мұрагерім болады. Әрқайсыларың маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіндер, – депті.

Үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп:
– Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды. – депті.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:
– Мені осы түрімде көгендер ақылым мен байлығымның алдына бас иеді, – дейді.

Үшінші ұлы күміспен және тастармен әшекейленген белдігін буынады да:

– Бұндай белдікті, – дейді, – ешкім ешқашан буынып көрмеген...

Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқайды да, ең кіші ұлына қарап:

– Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? – дейді. Сонда кенжесі былай депті:

– Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, қымбат тастармен әшекейленген белдік те жоқ. Тек еңбек сүйгіш екі қолым, қайрат-жігерге толы жүрегім ғана бар.

Шалға кенже ұлының жауабы ұнайды. Ол өзінің мұрагері болады деп, кіші ұлын айтыпты.

(«Ел аузынан» кітабынан)



Тапсырма: 1. Мәтінді оқып шығып, ондағы әр кісінің сөзіне, сөздің мәніне назар аударыңдар. 2. Ұтымды сөздерді тауып, оның мағынасы қалай екенін түсіндіріңдер? 3. Сөзге тоқтау, сөзден жеңілу дегенді қалай түсінесіңдер? 4. Ел арасында айтылып жүрген тағы қандай шешендік сөздерді білесіңдер?

172-жаттығу. Өз беттеріңше оқып, мәтіннен адамның сырт тұлғасын бейнелейтін сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

Ортадан сәл ғана төмендеу бойы бар, самай тұсы ширатыла бұйраланып тұратын қою кара шашын ұзын қос бұрым етіп өріп, оны ақ маңдайынан жоғарылата басына бірнеше рет орап, екі ұшын тас қылып төбесіне түйіп

тастаған, ақ беті таза қолмен аршыған жұмыртқадай кіршіксіз, жасы он сегізге келген талдырмаш қыз мені қоршап тұрған өзге қыздардың арасын қақ жарып өтіп қасыма жақындай берді. Қыздың ғажап сипатын көргенде мен ұялуды ұмытып, оған бақырайып қадалдым да қалдым. Орасан үлкен де емес, онша кіші де емес, дөңгелек қара көздері «тергеуші» қыздың көзіндей ойнақыланбай, көлгірсіп күлімдемей, өзгеше бір пәк таза тұнықтықпен жаудырай қарайды. Жылы шуақты осы қос көздің арасынан төмен қарай ақ қағазға ақ бояумен тартқан тік сызықтай болып, қыр мұрыны көрінеді. Осы әсем мұрын астындағы танертенгі гүлдей бүрісіңкі оймақтай ауыздың боялмаған қызыл еріндері қыз жүрісінің ырғағымен әлде өзі дір еткендей ме, әлде тыныш тұрған мені дір еткізгендей ме, белгісіз жайды аңғартты. Лезде сол дірілдің суға лақтырған тастай болып, алысқа, жүрегімнің түбіне қарай шым батып бара жатқаны өзіме ап-айқын боп біліне бастады. Жаныма тақап қалған қыздың әппақ бұғағы мен жұп-жұмыр мойнын көзім шалғанда тамағымның ішінен бір жұмсақ нәрсе қытықтай жөнелгендей және бір сезім пайда болды.

Әсіресе оның оң бетіндегі мойылдай мөлдіреген меңі менің көзімді де, өзімді де магниттей тартып, әкетіп барады. (Ә. Нұрш.)

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАЗУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қазақ тілін оқып, дұрыс игеру – тіл мәдениетін меңгерудің жолы. Тіл мәдениеті – тіл ұстартудың бір түрі. Түсінігі мол азаматтар адамның мәдениеттілігі білімімен, дүние танымымен, еңбектегі қол жеткен табыстарымен ғана шектеліп қоймай, сөйлеу және жазу тілінің тазалығымен, байлығымен, өткірлігімен де көзге түсетіндігін жақсы біледі. Сондықтан да қазіргі дәуірімізде тіл мәдениеті туралы мәселеге де жұртшылықтың назары ауған. Тек ғалымдар, жазушылар, мұғалімдер, қоғам

қайраткерлері ғана емес, ауылшаруашылығы мамандары, студенттер, оқушылар да тіл мәдениетіне қатысты еңбектерді оқып, пайдалануға тырысуда.

173-жаттығу. 1. Сөйлеудің диалог және монолог түрлері бар. Жоғарыда сендер диалогты төл сөзбен байланыстырып, оның синтаксистік ерекшелігімен таныстындар. Енді ауызекі сөйлеу түрі екендігіне практикалық мысалдар келтіріңдер. Бір-біріңмен әңгімелесіп көріңдер. Монологпен салыстырындар. 2. Төмендегі мысалдарды көшіріп жазындар. Диалогтарды мәнерлеп, рөлдерге бөліп оқындар.

- Екі көзің не үшін керек?
- Жақсыларды көру үшін.
- Екі қолың не үшін керек?
- Елге көмек беру үшін.
- Құлақ деген не үшін керек?
- Ақыл-кеңес тыңдау үшін.
- Тіл мен жағың не үшін керек?
- Ақиқатты айту үшін.
- Ал аяғың? ...
- Шетте жүрсем, туған жерге қайту үшін.

(Қ. М. «Күміс қоңырау»)

174-жаттығу. Мәтінді рөлдерге бөліп оқындар.

Ұлжан тыста тұр екен. Баласы үйге тақай бергенде, өңіне көзін салып, тіксініп қалды. Абайдың түсі құп-қу, қатты өзгерген.

– Ой, Абайжан, қарағым, не болды? Біреу тиген бе? Жөніңді айтшы, қарағым, не болды? Әкең ұрды ма?

– Жоқ, ешкім де ұрған жоқ, кейін айтам... Апа, төсек сап берші, жатқызшы! – деп Абай шешесін құшақтады.

Әжесі:

– Немене, қарағым? Ұшыңның ба? – деп бірдеңе білгісі келіп еді Ұлжан:

– Ұшынған ғой. Тимейік. Жатып ұйықтап тұрсын, – деп, малшы қатын Қатшаны шықырып ап:

– Түңдікті жауып, есікті түріп қойшы. Абайға күн түспесін, – деп ақырын ғана айтты.

Жиренше таңертеңгі қоян қуғаннан бастап Жексен ауылында көргенін де, жолшыбай не болғанын да тегіс айтып болып:

– Абай қайда өзі? – деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып, Жиреншеге біраз наразы салқын жүзбен қарады.

– Шырағым, сен бала емессің, естиярсың. Өзің барсаң бір сәрі. Ондай жаман сұмдық жерге неге апардың? Бала емес пе? Шошынар деп ойласаң нетті? – деді.

Жиренше сөз таба алмай, қысылып қалды.

– Ұят болды. Өзім де өкіндім. Бірақ құдай ақына, өлігін көреміз деп ойлаған жоқ едім.

– Жарығым, ендігәрі Абайды бұндай жерге апара көрме! Тіпті басың жас, үлкеннің ондай пәлесінен аулақ жүр! Өзімен кетсін! Көріп-біліп нетесің? – деді. (М. Ә.)



Түсінік: Диалогтар ауызекі сөйлеу үлгісіне жатады.

МОНОЛОГ

Монолог – бір кісінің сөзі. Монологта белгілі бір тақырыпты әңгімелеп айтып беру мақсаты көзделеді. Онда адамның ойы, пікірі, көңіл-күйі, психологиялық ішкі толғанысы, саяси, ғылыми көзқарасы, дүниетанымы – бәрі анық байқалады. Белгілі тақырыпқа көпшіліктің алдында жасалған лекция, баяндамалар да монологқа жатады. Монолог күрделі ойға құрылады, әдеби сөйлеу үлгісіне жатады. Тіл ұстартудың үлкен бір жолы – монолог.



175-жаттығу. Қожаның монологын мәнерлеп оқып, мәтінге ат қойындар, диалогпен салыстырындар.

Қадыр – менің әкем. Еһ, шіркін, дүние-ай десеңізші! «Әке» деген сөзді айтқанда, жүрегім қарс жарыла жаздайды-ау! Қандай жақын, қандай ыстық! Балалар:

«Менің әкем өйтті, менің әкем бұйтті. Менің әкем ананы сатып әперетін болды, менің әкем мынаны сатып әперетін болды», – деп мақтаныш етіп жатады. Ал мен болсам, әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені ол майданға аттанғанда, мен екі жастағы ақымақ не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзал әкем мол кетті, оралмады...

Еһ, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де болар. (Б. С. «Менің атым Қожа»)

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАЗУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ойды басқаларға әсем де көрікті жеткізудің жолдарын, әдіс-тәсілдерін меңгеру үшін шығармашылық жазу жұмыстарының түрлерімен терең танысып, оларды жазып дағдылану қажет. Шығармашылық жұмыс – әр адамның өз бетімен жеке отырып жазатын ой еңбегі. Оның түрлері: хат, күнделік, өмірбаян, мақала, шығарма, конспект, тезис, пікір т.б.

176-жаттығу. Берілген хаттың мәтінін мәнерлеп оқындар, мазмұнын айтып, қалай жазылғанына назар аударындар. Хаттың хабарласу мәнінде жазылатынын байқаңдар.

ХАТ

Әзілхан!

Аман-есен жүріп жатырсындар ма? Халима, балалар аман ба? Менен сәлем жолда.

Мен мына бір очерк сымағымды жіберіп отырмын. Қарап көріңдер. Егер ұнамаса, яки басқа себептер болса, менің көңліме қарап баспаңдар. Ол редакцияға да, авторға да абырой әпермейді. Мен ондайға ренжімейтін қазақпын. Егер басуға ұйғарған жағдай болса, естеріңе мынаны саламын. Жұрт алғашқы шыққан вариантты түгел оқиды, облыс оқушысы сендердің газеттеріңнен

бірінші көреді. Мүмкіндігі болғанша, толық беруді, көлемін шағындауды емес, артық жерін ғана мінеуді мақсат етсеңдер жақсы болар еді. Өтінішім осы ғана.

Шығармашылығың қалай? «Баян бітті ме?» «Шешенді» қашан жібересің? Тезірек жіберсеңші. Ондай нәрсені іште сақтай беруге болмайды, жолдас. Бәріңді де жаңа жылмен құттықтаймын! Табысты жыл болсын!

27. XII. 1954. Мұқан.
(Ә. Н. «Автопортрет»)



Тапсырма: Хаттың мазмұнын толық айтып беріңдер. Алыстағы туған-туысқандарыңа, таныс құрбыларыңа, басқа республикалардағы оқушы достарыңа әдеби тіл стилімен осындай хат жазып үйреніңдер. Хатты сүйсініп, түсініп оқитындай әрі анық, әрі көркем етіп жазу керек екенін ұғыңдар.

МАҚАЛА

Мақала публицистикалық стильмен жазылады. Автор өзі жазатын мәселені анық, жете білетін және оны белгілі деректерге сүйеніп баяндай алатын дәрежеде болуы керек. Әрбір кәсіпорын, мекеме, шаруашылық саласы, оқу орындарындағы ұжымдық іс, еңбектегі қол жеткен табыстар, достық, жолдастық қарым-қатынастар, өнер, алдағы үлкен міндеттер т.б. мақаланың басты тақырыптары болады.

177-жаттығу. Мақаланы оқып, не жайында айтылғанын, тақырыбын ашыңдар. Мұғалімнің көмегімен күнделікті еңбек тақырыбына әңгіме айтыңдар.

Мектепте де мақала етіп жазатын тақырыптар аз емес. Жаңа бағыттар, өзгерген жаңалықтар, оқу тәрбие мәселесі, қоғамдық пайдалы еңбектер, олардың түрлері, белсенді оқушылардың үлгілі істері, игі бастамалары, т.с.с. мәселелерді жазуға болады.



178-жаттығу. Төмендегі үлгімен мақала жазып көріңдер.

«ДЕНСАУЛЫҚ САҒАТЫН» ҚОЛДАЙМЫЗ

Осы жылдың ақпан айынан бастап, біздің мектепте денсаулық сағаты өткізіле бастады. Оған күнделікті сабақ кестесінен бір сағат уақыт берілген.

Денсаулық сағаты өте бастаған алғашқы күндерден-ақ біз оның қаншалықты пайдалы екеніне көз жеткіздік. Мысалы, бір-екі сабақтан соң шаршай бастайсың ғой. Сол кезде денсаулық сағаты өтсе, миың тынығып, көңіл-күйің көтеріліп, сабақ соңына дейін сергек жүресің. Әсіресе, бұл сағат мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасын одан әрі жақсартта түсуге көп септігін тигізуде.

Денсаулық сағатына бөлінген уақытта оқушылар мен мұғалімдер дене шынықтыруға арналған киімдерін киіп стадионға шығады. Әркім көңілдері қалаған ойындарын ойнап, бой сергітетін жаттығулар жасайды. Қыс кезінде шаңғы теуіп, шанамен сырғанайтынбыз. Енді күн жылыған соң, мұғалімдерімізбен бірге бір сағаттық серуен ұйымдастырмақпыз. Сонымен қатар, денсаулық сағатында әр түрлі қозғалыс жаттығулары біздің сабаққа деген ынтамыз бен белсенділігімізді арттыра түсері сөзсіз.

Сондықтан да мектеп оқушыларына денсаулық сағаты өте қажет. Оны тек бір-біріне ұқсастырмай, жан-жақты етіп өткізсе, әсерлі де пайдалы болар еді.



Тапсырма: Өзіңнің мектебің, сыныптас жолдастарың, ұстаздарың жөнінде, отбасы, ата-ана, туған-туыстарың, олардың сүйікті істері мен адамгершілік түрлі қасиеттері туралы шағын әңгімелер жазып үйреніндер. Әңгіменің аттары: «Біздің отбасы», «Менің інім», «Әкеме еліктеймін», «Анам үшін», «Анамның мамандығы», «Ақ әжем», «Атамды ардақтаймын», «Сүйкімді қарындасым», «Ұстазым», «Менің мінезім», «Сүйікті кейіпкерім», «Маған ұнаған шығарма», «Достық», «Кім болам?», «Спортты сүйемін» т.б. етіп ала беруге болады.

179-жаттығу. Мәтінді оқып, автордың өз портретін сөзбен жазған шеберлігіне қолданған ауыспалы мағыналы сөздеріне

назар аударындар. Өз жолдастарыңның портретін жазып, мұғалімге көрсетіндер.

ПОРТРЕТ

«Соғыс кезінде маған хат жазып тұрған көп қарындастардың бірі – Әсима деген қыз суретінді жібер деп өтінді. «Осының өзі қандай жігіт екен, көрейінші» – деген болу керек. Дұрыс қой. Бірақ қыздың өтінішін орындауға дәрмен болмады, окопта отырған солдатты кім суретке түсіре қойсын. Сонда да қыз ренжімесін деп жауап жаздым. Майданда фотография жоқ, сондықтан суретімді ауызша айтайын деп, мынадай өлең жаздым:

МЕҢІҢ ПОРТРЕТІМ

Тұрпатым қатты қысқан жұдырықтай
Қаңылтақ денем, мойным қылдырықтай.
Жүректе жалын атқан жігерім бар,
Жүрісім жылдам ұшқан бұлдырықтай.

Кескінім – торсық шеке, қыртыс мандай,
Қос қабақ бір-бірімен қырқысқандай.
Тұңғиық мөлдіреді екі көзім,
Жүзімді жылытуға тырысқандай.

Көктастан қашалғандай өң – келбетім,
Салпы ерін, үйрек мұрын, шұңғыл бетім.
Қаралығым қазанның күйесіндей, –
Мінеки, менің осы портретім.

(Ә. Нұрш)

Әзімханның жасы 35–36 шамасында, бойдақ. Орта бойлы, жауырынды, кеуделі, төсті жігіт. Беті сопақтау, жуан мойын, дөңгелек қара көз, қырша мұрынды, қара торы жігіт. Дене бітімі иегіне шоқша сақал қойған. Қою қара мұртты. (С. С. «Жер қазғандар»)

Міне осындай, портрет дегеніміз – кейіпкерлердің сөзбен салған суреті.

180-жаттығу. Суреттеу мәтінін портретпен салыстырындар, айырмашылығын айтындар. Өз сыныптарыңды, үйлеріңді суреттеп жазып көріңдер.

СУРЕТТЕУ

Окопта бір бала ұйықтап жатыр. Бала жуылмаған картоптай, кірлі аяғын баурына алып, қолын кеудесіне қысып, көгерген, сасық лайдың үстінде ұйықтап жатыр. Әлденені айтып сандырақтайды. Жалаң бас, шашы жалбырап өсіп кеткен, кір-кір басын ыңғайсыз шалқайта жатыпты. Ұшық қаптап кеткен. Жалақ ерні мен жөнсіз ашылып жатқан аузынан будақтаған дем шығады. Былдырлап сөйлегені, өксігені естіледі. Жұмылған көзінің қансыз-сөлсіз салыңқы қабағы көрінеді. Қабағы көгілдір тартып кеткен. Бет-аузында жарадан сау жер қалмаған. Кеңсірігінің үсті айғыз-айғыз қан. (В. К.)

181-жаттығу. Мәтінді пайдалана отырып, өздеріңнің ауылдарыңның, тұрған қалаларыңның табиғатын суреттеп жазындар.

ПЕЙЗАЖ

Күн ашық. Көкшетау маңы. Айнадай тұнық сулы Көлшүмектің қасы. Көлшүмектің жағасындағы көк ала қамыс, судыр құрақтар – айнаның жиегіне салған әдемі өрнек сияқты. Балқыған, көктегі шыжыған қызыл күн өткір алтын шұғыласын көктен жерге шашыратып, бүркіп ойнап тұрғандай. Белестерде, ойпаңдар да, далалар да, бұта өсімдіктер де көкпенбек, жасыл бояудай. Түп-түгел қара жерге жасыл жібек төсегендей. Көк ала Көлшүмек те жап-жасыл. Оның айнадай суында зеңгір аспан көрінеді. Айналаға қарап тұрғанда, жердің семіз қара топырағы жасыл ала шөптен көрінбейді. Қалың, бітік жасыл шөптерге араласа шыққан түрлі гүлдер жерге өрнек, түр береді.

Сол кішкене Көлшүмектің қасында, темір жол бойында 300-дей жұмыскер жұмыс істеп жатты.

182-жаттығу. Берілген мәтінді пайдаланып, бір-біріңе мінездеме жазыңдар, портретпен байланыстырыңдар, салыстырыңдар.

МІНЕЗДЕМЕ

Әзімхан – қалжың, әзілдің гүлі. Көп ашуланбайды. Даусы жуан әрі ашық. Сөзге өте құмар, мінезі салмақты, көп тыңдайды. Өзі бір әңгімені айтуға кіріссе, өте әдемілеп, бажайлап айтады. Қызық әңгімелерді айттып отырғанда, өзі сол оқиғаны сол сәтте қолымен істеп отырғандай суреттеп, жандандырып сөйлей біледі. Қимылдары да салмақты, жүріс-тұрысы марғау түйенің жамбозы, шудалы жай басар қара атан тәрізді. Көбінесе бет-аузы аңқау кісінің бет-аузындай. Бірақ ешнәрсені андаусыз жібермейді. Жұрттың көбі бұны елемейді, бұл ішінен жіпке тізіп отырады. Әркімнің мінез-құлқын бірер көргеннен-ақ әбден болжап алады. Өмірінде ерінген емес. Өте тәуекелшіл. Жолдастарымен отқа, суға бірге түсуге еш уақытта іркілген емес. Қорку, үрку Әзімханның әдеті болған емес... (С. С.)

ТІЛДІҢ СУРЕТТЕМЕ ҚҰРАЛДАРЫ

Ойды көрікті жеткізудің амал-тәсілдерінің бірі – тілдің суреттеме құралдарын пайдалану. Суреттеме құралдардың *эпитет*, *теңеу*, *метафора*, *метонимия*, *синекдоха* түрлерін сендер көркем шығармалардан оқып, танысып жүрсіндер, бірақ күнделікті өздеріңнің сөйлеу тілдерінде және жазба еңбектерінде қолдануға шорқақсыңдар. Оның себебі олардың мәнді мағынасы мен көркемдік құрамына назар аударма бермейсіңдер. Тілдің суреттеме құралдарына терең үнілген, оған қызыққан, сырын ұғынған адамдар әдемі сөйлейді, шығармасын тартымды жазады.



Тапсырма: Қарамен жазылған сөздер суреттеме құралдардың қай түрі екенін ажыратыңдар. Олардың үлгілерін үйренуге тырысыңдар, жазба жұмыстарыңа пайдаланыңдар. Мәтінге ат қойыңдар.

...Ана арқасында қайыс қамшы жыландай жүйткіп жүр... Арашаға жарай алмаған ауыл ұятына тұншыққандай тым-тырыс. Тек отыз өрім қамшы ғана әйел арқасында жыландай ысылдайды. Аанада үн жоқ. Асыл жігер мен күр өктем күш кездесіп қалып, біріне-бірі тізе бүгер емес. Қара көк жапырақты ақ көйлек қызылға айналып, арқа жағы тілім-тілім болып кетті. Қанға боялған қамшы ана денесінің ашылған жерлерін иіскеп табатындай, жанға батар жеріне дәл-дәл тиеді. Қамшы сырт етіп қалғанда, ана көзінен от ұшқыны да жалт етіп қалады. Сіресіп қалғандай табан аудармай, кек кернеген ана тұр да, мың сұрауына бір жауап ала алмай ызаға булығып Антонов тұр. Ана тістері тіл қақпасын тас бекітіп тастапты, қарысып қалған жақтары тісті тіске қайрастыра түседі. (F. M.)

ПІКІР

Пікір – біреудің бір шығармасы немесе мақаласы т.б. жазба еңбектері туралы жазылған не айтылған екінші біреудің пікірі. Пікір жазушы адам еңбектің жетістігі мен кемшілігін қоса көрсетеді өз бағасын береді, ұсыныстарын айтады.



Тапсырма: Мұғалімнің көмегімен бір-біріңнің жазған шығармаларыңды, мақалаларыңды, мінездемелеріңді тексеріп, пікір жазыңдар, сын айтыңдар.

ӨМІРБАЯН

Оқушы жастар тоғызыншы сыныпты бітірген соң, қалаған мамандығы бойынша лицей-колледжерге оқуға кіреді. Ол оқуды бітіргеннен кейін кейбіреулері жұмысқа орналасады, кейбіреулері жоғары оқу орындарына оқуға барады.

Оқуға түсуге, жұмысқа орналасуға, ең алдымен, өтініш қағаздары мен өмірбаянын, мектеп бітірген аттестатын тапсырады. Сондықтан олардың мазмұнын, жазылу

стильдерін білгендері дұрыс. Өмірбаянды әр адам өзінің туған күні мен айынан, жылынан бастап, жері, мекені, тегі, отбасы, білімі, атқарған қызметі мамандығы туралы сатылап қысқаша жазып шығады. Бұл – өмірбаянның қысқа түрі. Өмірбаянның екінші түрі – адам өз өмірін қоғаммен, өскен ортасымен байланыстырып та жазады. Біреудің өмірбаянын жан-жақты өсу жолымен, қоғамдық қызметімен, азаматтық орнымен, адамгершілік қасиеттерімен қиюластырып басқа кісі де жаза береді.

183-жаттығу. Берілген мәтінді оқып, мазмұнын ауызша баяндау. Жазылу стиліне, құрылысына назар аударыңдар. Үйде ата-аналарыңның көмегімен солардың біреуінің өмірбаянын және өздеріңнің өмірбаяндарыңды жазыңдар. Оқуда да, еңбекте де ерінбеген, халыққа адал қызмет еткен азаматтың өмірбаянының да үлгілі, өнегелі болатынын ескеріңдер.

Мен 1895 жылы Семей облысы, Абай ауданы, Дегелең ауылында тудым.

Молладан оқып, ескіше хат таныдым. Семейге келдім. Осы жерде еңбек жолым басталды. Приход мектебіне түстім. Оны 1915 жылы бітірдім.

1923 жылдан бастап 1928 жылға дейін аудандық халық соты болдым.

Менің әдеби қызметім 1914 жылдан басталады. Қыркыншы жылдардың аяғында балалар әдебиетіне бір жола бел будым. Өзімнің өмір-тіршілігім жайлы ойларымды ортаға сала, балаларға арнап бірсыпыра шығармалар жазыппын. Олар – «Сәтжан», «Бала Шоқан» (С. Бегалин)



184-жаттығу. Күнделік жазып үйреніңдер.

КҮНДЕЛІК

Маусым айының 28- күні. Мен Қапал қаласынан 30 шақырымдай Қармола деген жерде керуенге барып

қосылдым. Бұл Семейде тұрушы Азиялықтар жабдықтап жолға салған жеті адамның керуені болатын. Керуез басымен маслихаттасып алғаннан кейін, мен Әлімбай атанып, Қоқан хандығының қол астына қарайтын кісімін деп таныстым.

Шілденің бірі. Керуен жорыққа шықты, арада он қоналқы өткеннен кейін, Іле өзенінің жағалауына жетті. Қарқара мен Кеген өзендерінің жағасында жазғы жайлауларында отырған Ұлы жүз қытайлықтарының ішіндегі Албан руының аулына жеттік.

Тамыздың 9-ы. Құлжа қаласы. Қытай тілі у, ау, дау, хау, зау т.с.с. бір сарынды дыбыстардан құралады. Бұл дыбыстардың бірнеше мағыналары болады. Мысалы, хай деген дыбыстың 214 мағынасы бар, оның мағынасына байланысты 214 түрлі жазуы бар. Сондықтан қытай кітабын, тілін білмей-ақ оқи беруге болады.

Тамыздың 10-ы. Орыс көпестерімен сауда – саттық байланыстары бар қытай көпесі келді. Ол орысша сөйлегенде, қытайларша мұрнынан сөйлейді және естігендерінің бәрін жазып алып отырады..

Тамыздың 11-і. Бүгін келіссөздер басталды. Қытайлар жүз түрлі тағам әзірлеп, қонақасыларын әзірлеп бірге ала келді.

(Ш. Уәлиханов)

МАЗМҰНЫ

Қыркүйек айының бірі – тәуелсіздік күні.....	3
§ 1. Қазақ тілінің туыстас тілдер ішінде алатын орны.....	4
Ү–ҮІ сыныптарда өткенді қайталау.....	8

Морфология

§ 2. Сөз таптары.....	12
Зат есім.....	14
§ 3. Зат есімнің жасалуы.....	17
§ 4. Зат есімнің түрленуі.....	19
§ 5. Зат есімнің көптелуі.....	22
§ 6. Зат есімнің тәуелденуі.....	23
§ 7. Зат есімнің септелуі.....	26
§ 8. Зат есімнің жіктелуі.....	29
§ 9. Сын есімнің шырайлары.....	31
§ 10. Жай шырай.....	33
§ 11. Салыстырмалы шырай.....	35
§ 12. Күшейтпелі шырай.....	36
§ 13. Асырмалы шырай.....	38
§ 14. Сын есімнің емлесі.....	39
§ 15. Сын есімнің сөйлемдегі қызметі.....	41
§ 16. Жинақтық сан есімнің түрленуі.....	44
§ 17. Есімдіктің түрлерін қайталау.....	46
§ 18. Есімдіктің сөйлемдегі қызметі.....	53
§ 19. Мәтін және оның құрылысы.....	55

Етістіктің шақтары

§ 20. Етістіктің шақтары туралы түсінік.....	61
§ 21. Осы шақ.....	64
§ 22. Осы шақтың түрлері.....	66
§ 23. Келер шақ.....	70
§ 24. Келер шақтың түрлері.....	72
§ 25. Өткен шақ.....	77
§ 26. Өткен шақтың түрлері.....	78

Етістіктің райлары

§ 27. Етістіктің райлары туралы түсінік.....	87
§ 28. Ашық рай.....	89
§ 29. Бұйрық рай.....	91
§ 30. Шартты рай.....	94
§ 31. Қалау рай.....	97
§ 32. Етістіктің сөйлемдегі қызметі.....	100

Еліктеу сөз

§ 33. Еліктеу сөздер туралы түсінік.....	103
§ 34. Еліктеу сөздің түрлері.....	105
§ 35. Еліктеуіш сөздер.....	105
§ 36. Бейнелесуіш сөздер.....	106
§ 37. Негізгі және туынды еліктеу сөздер.....	108

Шылау сөздер

§ 38. Шылау сөздер туралы түсінік.....	111
§ 39. Септеулік шылаулар.....	113
§ 40. Жалғаулық шылаулар.....	116
§ 41. Демеулік шылаулар.....	117
§ 42. Шылаулардың емлесі.....	120
§ 43. Және, мен (бен, пен) шылауларының емлесі.....	121
§ 44. Да (де, та, те) шылауының емлесі.....	123
§ 45. Ма (ме, ба, бе, па, пе) шылауының емлесі.....	124
§ 46. Дефис арқылы жазылатын шылаулар.....	126

Одағай

§ 47. Одағай сөздер туралы түсінік.....	128
§ 48. Одағайдың түрлері.....	130

Төл сөз бен төлеу сөз

§ 49. Төл сөз бен төлеу сөз туралы түсінік.....	132
§ 50. Төл сөз бен автор сөзі.....	133
§ 51. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі мен тыныс белгілері.....	134
§ 52. Төлеу сөз.....	139
§ 53. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру.....	140
Тіл ұстару.....	143
Тіл мәдениеті және шығармашылық жазу жұмыстарының түрлері.....	145

O'quv nashri

D. Aytbayev, G. Aytbayeva, M. Temirbayeva

QOZOQ TILI

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
7-sinfi uchun darslik*

4-ishi басылымы

«Sharq» nashriyot-matbaa
aksiyadorlik kompaniyasi
Bosh tahririyati
Toshkent – 2017

Редакторы *Г. Нышанова*
Көркемдеуші редакторы *А. Мусахожаев*
Техникалық редакторы *Р. Бабаханова*
Корректоры *Г. Айтбаева*
Беттеуші-дизайнер *Л. Цой*

Nashr litsenziyasi AI № 201, 28.08.2011.

Басуға рұқсат етілді 28.06.2017. Офсеттік баспа.
Пішімі 60x90 1/16. Таймс гарнитурасы. Шартты баспа табағы 10,0.
Баспа табағы 8,7. Таралымы 5 065 дана. Тапсырыс № 17-391.

**Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «O'zbekiston»
баспа-полиграфия шығармашылық үйі баспаханасында
басылды. Ташкент – 129, Науаи көшесі, 30-үй.**

Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушы-ның аты-жөні	Оқу жылы	Оқулық-тың алғандағы күйі	Сынып жетек-шісінің қолы	Оқулық-тың тапсы-рылған-дағы күйі	Сынып жетек-шісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға берілгенде және оқу жылының соңында қайтарып алғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі күйі.
Жақсы	Мұқабасы бүтін. Оқулық негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпен, беттерінде жазулар мен сызықтар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сызылып, шеттері жейілген. Оқулық негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін. Пайдаланушы тарапынан қанағаттанарлы қапталған, Түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқабасы сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған, яки түгелдей жоқ. Қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, парақтарын, оқулықты тіктеп болмайды.

O'quv nashri

D. Aytbayev, G. Aytbayeva, M. Temirbayeva

QOZOQ TILI

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
7-sinfi uchun darslik*

4-ishi bасылымы

«Sharq» nashriyot-matbaa
aksiyadorlik kompaniyasi
Bosh tahririyati
Toshkent – 2017

Редакторы *Г. Нышанова*
Көркемдеуші редакторы *А. Мусахожаев*
Техникалық редакторы *Р. Бабаханова*
Корректоры *Г. Айтбаева*
Беттеуші-дизайнер *Л. Цой*

Nashr litsenziyasi AI № 201, 28.08.2011.

Басуға рұқсат етілді 28.06.2017. Офсеттік баспа.
Пішімі 60×90^{1/16}. Таймс гарнитурасы. Шартты баспа табағы 10,0.
Баспа табағы 8,7. Таралымы 662 дана. Тапсырыс № 17-392.

**Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «O'zbekiston»
баспа-полиграфия шығармашылық үйі баспаханасында
басылды. Ташкент – 129, Науаи көшесі, 30-үй.**